



НАЗАРБАЕВ  
УНИВЕРСИТЕТИ

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ



25 ЖЫЛ

**МӘНГІЛІК ЕЛДІҢ МӘНГІЛІК ТІЛІ**  
**халықаралық симпозиум материалдары**

**24 қараша, 2016**

**THE ETERNAL LANGUAGE**  
**OF THE ETERNAL NATION**  
**materials of the international symposium**

**November 24, 2016**



УДК 811.512.122

А23

КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ МҮШЕЛЕРІ:

**Шигео Катсу** – Назарбаев Университетінің Президенті.

**Кадиша Даирова** – Студенттер ісі және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Вице-президент.

**Дэниел Пью** – Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебінің деканы.

**Гүлтас Құрманбай** – Қазақ тілі, әдебиет және мәдениет кафедрасының меңгерушісі.

**Юлай Шамилоғлу** – Назарбаев Университетінің профессоры.

**МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ МӘҢГІЛІК ТІЛІ** – Астана: Назарбаев Университеті, «ИндигоПринт» баспасы, 2016. – 128 бет.

Жинаққа Назарбаев Университетінде Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «**МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ МӘҢГІЛІК ТІЛІ**» атты Халықаралық симпозиум материалдары еніп отыр.

Жинақ филолог ғалымдарға, оқытушы-профессорларға, ізденуші докторанттар мен магистрлерге, студенттерге, сондай-ақ көпшілік қауымға арналады.

УДК 811.512.122

А23

**ПЛЕНАРЛЫҚ  
МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ**



**William Fierman**

*Professor Emeritus, Ph.D.*

*Indiana University (Bloomington)*

### **REFLECTIONS ON REVERSING KAZAKH LANGUAGE SHIFT: MIGHT ALMATY FOLLOW BAKU'S PATTERN?**

*Бұл мақала кеңес дәуірінен бергі уақыттағы Қазақстандағы тілдік тепе-теңдік мәселесін қарастырады. Кеңестік дәуірде орыс тілінің әсерінен қазақ тілі өзінің басымдығын жоғалтуы кеңестік тілдік саясат пен демографияға тән екендігі дәлелденеді. Қазақстанның тілдік тепе-теңдігі Оңтүстік Кавказ және Балтық республикаларымен салыстырылды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері қазақ тілі орыс тілінен басымдығын қайтара бастады. Мақалада қазақ тілінің Қазақстанның ең ірі қаласында (Алматы) кенжелеп дамуы Бакудегі азербайжан тілінің мәртебесін қалпына келтіру үдерісіне ұқсайтындығы айтылады.*

Language policy in Kazakhstan has changed radically over the last 30 years, most notably as a result of overall political change and demographics. In this paper is given a brief overview of these shifts and their relation to one another.

To start with, 30 years ago the political unit which we know today as the Republic of Kazakhstan (RK) was one of the fifteen union republics of the USSR. Despite the overall Soviet policy of linguistic russification, inside this republic the Kazakh language remained in widespread use in rural areas, including in schools; indeed, even in the late Soviet era, the majority of Kazakh children studied in Kazakh. In addition, though dwarfed by those in Russian, a large number of Kazakh-language periodicals and books were printed in the Kazakh SSR. Many Kazakh-language television and radio programs were also broadcast, though even in the Kazakh SSR the availability of programming in Russian was much greater. At the end of the Soviet era, Azerbaijani was used much more in Baku than Kazakh was used in Almaty or, for that matter, in almost any major Kazakh SSR city. Nevertheless, in Baku and the certain other areas of the Azerbaijan SSR as well, Russian was the main language for interethnic communication. Russian was used in many settings because Soviet policy specified this role in inter-ethnic communication; by and large, minorities in Baku did not know Azerbaijani, but they did know Russian. At the time of the last Soviet census, 1989, non-ethnic-Azerbaijanis still constituted one third of Baku's population. Kazakhstan is not Azerbaijan, and Almaty, Kazakhstan's largest city, is not Baku. That said, in looking ahead another decade or two, it seems likely that Kazakh will continue to displace Russian in a number of parts of the language environment. In thirty or forty years the linguistic environment there may in many aspects resemble today's Baku.



**Оразбаева Фаузия Шәмсиқызы**

ҚР ҰҒА корр-мүшесі

п. э. д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ

### «ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ» ИДЕЯСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ТІЛІН ДЕҢГЕЙЛІК ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯСЫ

*The report focuses on the innovation level of the Kazakh language learning in primary and secondary foreign-language schools. Kazakh language learning means determining the level of knowledge and its teaching based on communicative and cognitive aspects of needs. Therefore each language level has its goals and ideas. It is important to observe the connection and harmony between language levels, as well as content knowledge. The urgency of developing writing, listening, and reading, speaking skills together affect to the creation of a common language individual.*

«Мәңгілік ел – Мәңгілік тіл» идеясын жүзеге асыру барысында қазақ тілін деңгейлік оқытудың әлеуметтік мәні зор. Өмір сүру қалыбы жағынан – ұлттық; экономикалық, саяси үлгісі жағынан – құқықтық, демократиялық сипаттарға негізделген «Ұлы Дала» есімді жұрттың басты қазығы – адам факторы, түпкі мақсаты – Мәңгілік Ел құру. Бұл идеяға қызмет етер мемлекеттік тіл – тәуелсіздігіміздің басты нышандарының бірі, бірегейі.

**Қазақ тілін деңгейлік оқытудың өзектілігі** тілдік сұраныстың басым бағыттарын айқындаудан, мемлекеттік тілдің әлеуметтік рөлін арттырудан, ұлттық, жалпыадамзаттық және мемлекеттік құндылықтарды игеруден, білім мен тәрбиенің жаңа парадигмаларын әдістемемен ұштастырудан көрінеді.

**Деңгейлік оқытудың мақсаты** – қазақ тілін жоғары деңгейде меңгертуге негізделген, бір-бірімен сабақтас, жүйелі, коммуникацияға құрылған білім мазмұны арқылы мемлекеттік тілде өз ойын ауызша және жазбаша түрде жетік, түсінікті, дұрыс жеткізе алатын, түрлі өмірлік жағдаяттарда тілдік қатынасқа еркін түсе алатын дара тұлға тәрбиелеу.

Тілді игерудің халықаралық және Еуропалық үлгілерін ескере отырып, ҚР үздіксіз білім беру жүйесінде (балабақша – мектеп – колледж – ЖОО – мемлекеттік қызметшілер) қазақ тілін деңгейлік оқытудың Қазақстандық үлгісі ұсынылды. Қазақстандық модель мектепте төрт деңгейге бөлінеді.

1–4 сынып кешені – **қарапайым**, 5–7 сынып – **негізгі**, 8–9 сынып – **орта**, 10–11 сынып **ортадан жоғары деңгейлерін** қамти келіп, 1–4 сыныптар – «**Тілашар**», 5–7 сыныптар – «**Бойтұмар**», 8–9 сыныптар – «**Тіл Орда**», 10–11 сыныптар – «**Алдаспан**» деп аталады.

Деңгейлік оқытудың инновациялары: идеялық, аталымдық, теориялық, танымдық, әдістемелік, ұстанымдық деп ажыратылады.

**Қарапайым деңгейдің идеясы** – «Мектептің тілі бола алмаған тіл мемлекеттің тілі бола алмайды» /Х. Досмұхамедұлы/. **Негізгі деңгейдің идеясы** – «Оқыту оқулықтан өмірге қарай емес, өмірден оқулыққа қарай жүруі тиіс» /Ж. Аймауытов/. **Орта деңгейдің идеясы** – «Мұғалім аз үйретсін, оқушы көп үйренсін» /Я. Коменский/. **Ортадан жоғары деңгейдің идеясы** – «Мәдениетті тіл ғана мәртебелі» /Р. Сыздық/.

**Сонымен, қазақ тілін деңгейлік оқыту дегеніміз** – білім алушының қазақ тілінде сөйлеу деңгейін анықтай отырып, әркімнің сұранысы мен тілді білу деңгейіне сәйкес қазақ тілін коммуникативтік-танымдық тұрғыдан меңгерту.



**Х. Ю. Миннегулов**  
 д. ф. н., профессор  
 Казанский федеральный университет

### ВЗАИМОСВЯЗИ КАЗАХСКОЙ И ТАТАРСКОЙ СЛОВЕСНОСТЕЙ

*Kazakhs and Tatars are related, neighbouring nations. They are united by long term economic and cultural ties, religion, language proximity, common graphics and spiritual values, the traditional focus on the Arab-Persian and Turkic verbal art, living within the borders of one and the same country... Their written national literature is based on Ancient Turkic literature and many works of folklore. They happen to share the same writers (Khasan Kaigy, Akmulla...).*

Based on the same graphics and relatively close written languages, Kazakh and Tatar literatures were usually read in the original language without translation until the October revolution. In Soviet times, due to the changes in society, many of G. Tukai's, G. Ibragimov's, M. Jalil's works were translated into the Kazakh language, and the works by Abai, Mukhtar, Auezov were translated into Tatar. The relationships between Kazakhs and Tatars, which weakened in the early post-Soviet period, have revived again and even intensified recently.

Казахи и татары – родственные, соседствующие народы. Их объединяют и сближают многовековое экономическое и культурное сотрудничество, единство религии, близость языка, общность графики и многих духовных ценностей, традиционная ориентация на арабо-персидское и тюркское словесное искусство, проживание в рамках одних и тех государств... Древнетюркская словесность, многие произведения фольклора – основа их письменной национальной литературы. У них имеются общие писатели (Хасан Кайгы, Акмулла...).

В духовном сближении наших народов большую роль сыграли учебные заведения, особенно татарские дореволюционные медресе. Изданные в Казани, Оренбурге, Уфе и др. татарские, восточные книги, немного позднее татарские газеты и журналы широко распространялись в тюрко-мусульманском мире.

Так называемая казанско-татарская тюркологическая (вернее – ориенталистическая) школа, которая формировалась на базе Казанского университета в XIX веке, способствовала изучению языка, литературы, истории казахов и татар.

Казахская тематика в татарском, татарская – в казахском занимала большое место в словесном искусстве этих народов. Абай и Тукай сыграли значительную роль в сближении, в взаимопонимании казахов и татар. В татарских типографиях печатались большое количество казахских книг.

Основанные на единой графике и относительно близком письменном языке литературы казахов и татар до Октября, как правило, читались без перевода, на языке оригинала. В советское время, обусловленные изменениями в обществе, многие сочинения Г. Тукая, Г. Ибрагимова, М. Джалиля и др. переводились на казахский язык, а произведения Абая, Мухтара, Ауэзова и др. – на татарский.

Ослабленные в первые годы постсоветского периода казахско-татарские взаимосвязи в последнее время снова оживили и даже усилились: проводятся совместные мероприятия (встречи, конференции, конгрессы, презентации), увеличилось количество переводных книг, реализации совместных проектов...

Эти и некоторые другие вопросы освещаются в докладе профессора Хати́па Юсуповича Миннегулова.





**Ernazarova Z. Sh.**  
*ф.ғ.д., профессор*  
*КИМЭП Университеті*

### **БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДАҒЫ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» КОНЦЕПТІСІНІҢ КОГНИТИВТІ МОДЕЛЬДЕРІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ**

*The study examines the cognitive structure of the concept «the Kazakh language» in the contents of educational programs and in the cognition of learners from dynamic development perspective and with application of the method of semantic-cognitive analysis. As a result of this analysis, cognitive characteristics representing this concept are defined.*

Әлеуметтік ғылымдардың қазіргі даму деңгейінде ұлттық дүниетаным құндылықтарын, концептуалды жүйесін анықтау, орын алып отырған өзгерістер мен жаңарулардың сипатына талдау жасау өзекті болып отыр. Тәуелсіздік алумен қалыптасқан маңызды тарихи кезең мемлекетіміздің экономикалық – саяси дамуының ғана емес, ой-санадағы ұлттық дүниетаным мәдениетінің сақталуы мен өзіндік даму жолын анықтауда үлкен міндеттер жүктеп отыр.

Еліміздің көпұлтты сонымен байланысты көптілді сипаты халық танымында тілдер туралы құрылымы күрделі, көпдеңгейлі білім жиынтығын – тіл туралы концептуалды жүйені ұзақ жылдар бойы қалыптастырды.

Когнитивті және лингвомәдениеттану тіл білімі салаларындағы концепт туралы қалыптасқан ғылыми ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнындағы қазақ тілі пәніне қойылған міндеттерге фреймдік семантика әдісімен талдау жасау қазақ тілі концептуалды жүйесі – ұлт тілі, мемлекеттік тіл ретінде – білім беру тілі, ұлттық – тарихи – мәдени ақпаратты сақтаушы, жеткізуші, ұлттық менталитетті қалыптастырушы сияқты фреймдерді анықтады.

Тіл үйренуші студенттер арасында қазақ тілі концептісіне байланысты жүргізілген ассоциативті сауалнаманың қорытындылары қазақ тілі концептуалды жүйесінің негізінде жатқан когнитивті модельдерді анықтауға көмектеседі. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту үдерісі барысында тілдік бірліктер туралы берілген ақпарат тіл үйренушінің өз ана тілі, шет тілі туралы танымда қалыптасқан білім жиынтығының жүйесінен, өлшемдерінен өтіп, концептуализацияланады, категориязацияланады. Концептуализациялау үдерісі сөйлеуші адам тұлғасымен, оның аялық білімімен байланысты жүзеге асады. Соның нәтижесінде студенттің танымында бар өз ана тілі туралы тілдік білімі де жүйеленеді. Көптілді тұлғада тілдер туралы концептуалды жүйе – жұптық, үштік – сипатта қалыптасып, жүйелік ұйымдасуында ерекшеліктер орын алады.

Қазақ тілі концептісі ұлттық дүниетаным мәдениетін анықтайтын бірнеше тірек концептілермен байланысады. Олар – ауыл, туысқан, Отан, патриот деген концептілері. Қазақ тілі концептісі тілдің құрылымы мен жүйесі туралы білімнің жиынтығы ғана емес, мемлекеттік, отан, ел халық концептілерінің өрісімен байланысқан күрделі жүйені құрайды. Сонымен қатар сауалнама қазақ тілін оқумен байланысты ерік, бостандық концептілерімен байланысты қарама- қайшылықтардың барын да анықтады.

Қазақ тілін оқытуда мазмұнында когнитивті – лингвомәдени аспектілерді ескерумен қатар, тіл үйренушінің жеке тұлға ретінде дербес іздену, зерттеу әрекетін ұйымдастыруға баса назар аударылу керек.



**Prof. Dr. Naciye Yıldız**  
Университет Гази, Турция

### **KAZAK ATASÖZLERİNDE «AZ» SÖZÜNÜN İŞLEVİ**

*In Kazakh proverbs, in-depth studies can be done in terms of effective use of words. For this reason, in this study, the effective use of the word «az» was tried to be evaluated in the proverbs on the 68th and 69th scales of the Babalar Sözü corpus. Proverbs are communication tools in terms of language and culture. This communication «positive» has positive or negative meanings. The dictionary meaning on both sides of the «little» word which is common in Kazakh language and Turkish Turkic is «not too much». This meaning, with its negative effect at first glance, is based on the assumption that the word «az» does not always mean any negative, so 84 examples containing the word «az» in this declaration have been evaluated.*

Kazak atasözlerinde sözlerin etkili kullanımları açısından derinlemesine çalışmalar yapılabilir. Bu sebeple bu çalışmamızda, Babalar Sözü isimli külliyyatın 68. ve 69. cildinde yer alan atasözlerinde «az» sözünün etkili kullanımı değerlendirilmeye çalışılmıştır. Atasözleri dil ve kültür açısından birer iletişim aracıdır. Bu iletişime «az» sözü olumlu veya olumsuz anlamlar katmaktadır. Kazak dilinde ve Türkiye Türkçesinde ortak olan «az» kelimesinin her iki dildeki sözlük anlamı «fazla olmayan»dır. Bu anlam, ilk bakışta olumsuz bir etki bırakmakla birlikte, «az» sözünün her zaman olumsuz anlam ifade etmediği varsayımından hareketle bu bildiride «az» sözünü içeren 84 örnek değerlendirilmiştir.





**Фирюза Агаева**

*д. ф. н., профессор*

*Бакинский Государственный Университет*

**ВЗГЛЯДЫ АБАЯ О ЯЗЫКАХ**

*In the article briefly analyzed looks about a national language. Here the role of great enlightener-democrat Abai Qunanbay opens up in the development of literary Kazakh. The history of the Kazakh literature and literary language, considered in context with other works, can give more rational results. Today, the legacy of Abai recognized the spiritual wealth of the Kazakh people, and that wealth is a proper assessment.*

Язык – самое драгоценное сокровище каждой нации. Эта сокровищница, доставшаяся нам в наследство от древних предков, периодически становилась главной темой творчества талантливых мастеров слова, всей душой любивших свою нацию, свой народ. Именно посредством родного языка они создавали бессмертные произведения. Одним из самых ярких представителей таких мастеров слова был великий казахский мыслитель Абай Кунанбаев.

История казахской литературы и литературного языка, рассмотренная в одном контексте с литературами других народов, может дать более рациональные результаты. Нужно отметить, что когда речь идет об исторических корнях казахской литературы рассматривать «влияние» азербайджанской или узбекской литературы как фактор «соседства» научно выглядит односторонне. В то же время, верно подмечено, что в формировании творчества Абая особую роль играли мусульманская и тюркская культура.

Абай также считается создателем казахского литературного языка. Сегодня наследие Абая признается духовным богатством казахского народа, и это богатство находит должную оценку. История казахской литературы и литературного языка, рассмотренная в одном контексте с литературами других народов, может дать более рациональные результаты. Нужно отметить, что когда речь идет об исторических корнях казахской литературы рассматривать «влияние» азербайджанской или узбекской литературы как фактор «соседства» научно выглядит односторонне. В то же время, верно подмечено, что в формировании творчества Абая особую роль играли мусульманская и тюркская культура.

Он с огромным талантом переводил произведения А. С. Пушкина, М. Ю. Лермонтова, И. А. Крылова, И. А. Бунина, а также таких мировых классиков как И. В. Гете, Г. Гейне.

Перевод отрывка поэмы Пушкина «Евгений Онегин», в особенности представление образа Татьяны, привнесло в казахский литературный язык новый уровень, новое художественное содержание. Роль Абая не ограничивалась прокладкой моста от русской литературы казахской. Великий литератор сумел создать гармонию между христианской и исламской культурой.

Абай относился к изучению языка с рационалистической точки зрения. Он в своих педагогических взглядах открыто выражал свое отношение к актуальной проблеме того времени – обучение на русском языке не должно формировать «превосходства» над другими, портить свой родной язык русскими словами.

Абай был борцом за чистоту казахского языка. Традиции, установленные им живут и по сей день. Язык является показателем нации, народа. Казахи, так же как и все народы мира с большой любовью охраняют красоту и чистоту этой национально – духовной ценности.



**Гүлгас Құрманбай**  
п. э. д., профессор  
Назарбаев Университеті

### **НӘТИЖЕГЕ БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ КРЕАТИВТІ СИПАТТАРЫ**

*The result-oriented study in the Kazakh language at NU follows the European classification of language knowledge levels. The students prove their points with consistent arguments in their research works. Emotional debates and discussions sometimes happen in the classroom. These debates and discussions then lead to achieving results.*

Назарбаев Университеті жастарға инженер, дәрігер, математика, жаратылыстану, экономика, халықаралық құқық, т.б. мамандықтарын береді. Мұнда қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы жоқ. Бірақ бұл пәндер барлық студенттер оқитын негізгі пәндер қатарына жатады. Себебі НУ еліміздің интеллектуалдық қуатын құраушылардың көшбасшы легін дайындауға бағдарланған, әлемдік деңгейдегі білім беретін халықаралық университет. Сол себепті де әлемдік деңгейдегі кәсіби білім алған маман өз елімізде қызмет жасауда оған бірінші көмек қолын созатын ол – ТІЛ, яғни, қазақ тілі. Сонымен қатар, халықаралық қатынаста орыс тілі мен ағылшын тілі де қажет.

НУ- студенттеріне қазақ тілі Еуропалық базалық, қарапайым, жалғастырушы, жетілдіруші деңгейлер бойынша нәтижеге бағдарланып оқытылады. Оқу жетістіктерінің міндетті деңгейлеріне арналған оқу бағдарламалары, оқу материалдары мұдәульдік жүйеде беріледі. Білім алу үдерісінде студенттердің курс таңдау мүмкіндіктері болады. НУ- да деңгейлік қазақ тілімен қатар қазақ тілін ана тілі деңгейінде және В2 деңгейінде білетін студенттер үшін эллективті таңдау курстары бар. Ол курстардың үлкен бір легі мамандықтарға ыңғайластырылған кәсіби қазақ тілі болса, екінші бір легі студенттерді шығармашылыққа, рухани құндылықтарға, шешен сөйлеуге, тауып сөйлеуге, тілдік кедергілерді жоюға арналған курстар. Бұл пәндердің оқу бағдарламалары да, оқу материалдары да осы мақсатты көздейді. «Абай әлемі», «Қазақ драмасы», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Алаш әдебиеті», «Қазақ музыка тарихы», «Қазақ әңгімелері», «Риторика» курстарындағы сабақтардың негізгі нәтижелерінің бірі – осы пәндер арқылы студент қазақ тілінде таза сөйлеуге, сөз қолданысында бай тіліміздің сөз орамдарын, мақал-мәтелдерін, ақын-жазушылардың, ежелгі ғұламалардың сөздерін орынды қолдана білуге дағдыланады. Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында оқытушы рөлінің өзгеруіне байланысты оның сабақтағы қызметінің тұлғадамытушылық және тұлғатәрбиелеушілік сипаттары артады. Оқытушы – алдындағы студенттің ашылмай жатқан талант көзін ашушы. Студенттің әрекетінен кішкентай «жауһарын» тауып алып, оны дұрыс бағалау (асыра бағалау емес) нәтижесінде, шығармашылық әлемге енгізіп жіберсе болғаны. Ол студент ғажап туындыны өмірге алып келеді. Студенттердің креативті ойлауын, сыни көзқарастары мен пікірлерін айта білу, жаза бідіу дағдыларын қалыптастыру да өте маңызды. Бұл студенттер ертең маман болғанда да өзіндік көзқарасы, сыни пікірді айта алатын, өзі қабылдай алатын болу керек. Сол себепті сабақ барысында студентке барлық жағдаяттан шығу жолдарын, шығармаға, автордың пікіріне сыни көзқараспен қаруды да үйреткеніміз абзал. Мысалы «Абай әлемі» курсына студенттер Абайға да қарсы болатын, көзқарастарымен келіспейтін тұстары болады. Оны өздерінің ғылыми жобаларында дәйекті аргументтерімен дәлелдейді. Аудиторияда қызу дебат, тартыстар өтеді. Сондай тартыстар арқылы нәтижеге қол жеткізеді.

Қорыта айтқанда, барлық пәннің мақсаты нәтижеге бағдарланып, креативті сипат алуы тиіс.



**Нұралы Құдайберген**

*тех. ғ.к., Жаңашыл зияткерлік  
технологиялар академиясы*

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ШЕШІМІ  
(ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯ)**

*This paper deals with the new techniques of teaching the Kazakh language by using the latest information technology achievements in the form of talking pencils. First, the data compiled from the vocabulary often used in conversation the Kazakh language. It was stored in the memory of the pencil by using the Dot Cod technology. The technology TTS (text-to-speech) KZ is one of the achievements to sound the text in the Kazakh language.*

Бұл қазақ тілін үйретудің жаңа әдісі және соңғы ақпараттық технология жетістігін пайдалана отырып, сөйлейтін қалам түрінде жасалған компьютерлік бағдарлама.

Алдымен, қазақ тілінің ауызша сөйлесудегі жиі қолданылатын сөздік қоры жасады. Алғашқы 10, 100, 1000, 6500, 65000 жиілік сөздер іріктеліп, қазақ тілінің ауызша сөйлеу сөздігінің жиілік дерек қоры арнайы VoiceDataBaseKZ ақпараттық бағдарламаға енгізіледі.

Содан кейін, қазақ тілінің ауызша сөйлеуде қолданатын негізгі сөздігі Dot-Cod технологиясын пайдалана отырып арнайы VoicePenKZ сөйлейтін қаламға жазылады.

Әрі қарай, қазақ тілінің ауызша сөйлеу сөздігінің жиілік дерек қоры аясында кез-келген компьютерде MS Word бағдарламасы көмегімен терілген мәтінді сөйлейтін мәтінге айналдыратын VoiceInkKZ компьютерлік бағдарламасымен принтер арқылы қағаз бетіне басып шығарамыз, компьютер бетіне, iPad бетіне шығарамыз.

Осыдан кейін, сөйлейтін бейнелер жасау арқылы ауызша сөйлеудің сапалы және тиімді инновациялық әдісін VoiceSymbolKZ компьютерлік бағдарламасына жазамыз.

Соңында, қазақ тілінің ауызша сөйлеу сөздігінің жиілік дерек қоры аясында қазақ тілінің ақылды грамматикасын интеллектуалды сараптаушы жүйе технологиясы көмегімен қағаз бетіне, компьютер бетіне, iPad бетіне шығара алатын VoiceGrammarKZ бағдарламасын жасаймыз. Бұл қазақ тілінде грамматикаға сай сауатты сөйлеуге тез арада үйрететін соны технологиялардың бірі болып табылады.

Сонымен қатар, қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі ауызша сөйлеуде жиі қолданылатын 1000 сөздің инновациялық технологияны пайдалана отырып жасалған сөйлейтін VoiceDictionary KZ-RU-EN сөздігі жасалады.

Ақырында, Интернеттегі, компьютердегі кез келген қазақ тілінде жазылған мәтінді қазақ тілінде автоматты дыбыстау (оқу) технологиясы TTS (text-to-speech) KZ – қазақ тілінің жаз-баша компьютерлік мәтінін ауызша сөйлету жүйесі жасалады.

**1-СЕКЦИЯ:  
ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ТАРИХЫ  
ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ**

**Юлай Шамилоғлу**  
*Висконсин-Мэдисон және Назарбаев*  
*Университетінің профессоры*

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДИПЛОМАТИЯ ТІЛІ РЕТІНДЕГІ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ**

*This paper begins gives a general overview of the use of Turkic languages in diplomacy until 1991. Following the declaration of independence of the Republic of Kazakhstan on December 16, 1991, as far as I know the first foreign treaty into which the Republic of Kazakhstan entered was the «Lisbon Protocol of May 23, 1992, to the 1991 Strategic Arms Reduction Treaty». This paper relates the story of how the Republic of Kazakhstan signed its first international treaty in the Kazakh language.*

### **Бірінші бөлім**

Баяндаманың бірінші бөлімінде Кеңес Одағына дейінгі кезеңдегі дипломатия тілі ретінде қызмет еткен түркі тілдері бойынша жалпы көзқарас ұсынылады. Қазан революциясынан кейін КСРО-ның құрамында болған Орталық Азияның саяси бірліктері өздерінің сыртқы істері бойынша дипломатиялық қарым-қатынастарын жүргізу құқығынан айырылды. Осыған орай, КСРО-ның Сыртқы Істер Министрлігінің міндеті болып КСРО екі тарапты келісімдерді жасағанда дипломатиялық хаттама негізінде келісімдерді орыс тілінде және қарсы тараптардың тілінде бекітіп отырды.

### **Екінші бөлім**

1991 жылы жағдай өзгерді, себебі Қазақстан Республикасы 1991 жылдың 16 желтоқсанында егемендігін алған соң, осы жылдың 26 желтоқсанда КСРО-ның таратылғаны туралы бұйрыққа қол қойылды. Менің білуімше, Қазақстан Республикасы жасаған ең бірінші халықаралық келісім «1991 жылдағы Стратегиялық қаруларды шектеу бойынша келісімге 1992 жылы 23 мамырда Лиссабонда жасалған хаттама» болады. Беларусь, Қазақстан және Украина өздерінің ядролық қаруларын осы хаттаманың негізінде Ресей Федерациясына көшірмек ниетінде болып, сосын хаттама Қазақстан Республикасының ядролық қарулардан бас тарту ресми саясатының іргетасы болғаны белгілі. Айрықша жоспарға сәйкес хаттамаға Беларусь Республикасы атынан П. Кравченко, Қазақстан Республикасы атынан Т. Жукеев, Ресей Федерациясы атынан А. Козырев, Украина Республикасы атынан А. Зленко, Америка Құрама Штаттары атынан Джеймс А. Бакер III, тек қана ағылшын және орыс тілдерінде қол қоймақ болған. Бір мезгілде бұрынғы Кеңес Одағы құрамында болған қол қоятын мемлекеттердің бірі тек қана орыс тілінде қол қоюға қарсы келіп, хаттама өз мемлекеттік тілдерінде де бекітуді қалады. Осы оқиға ішінде Қазақстан Республикасының қазақ тілінде жасаған бірінші халықаралық келісімі туралы қызық әңгіме бар...

**Анар Салқынбай**  
*ф.ғ.д., профессор, әл-Фараби*  
*атындағы ҚазҰУ*

## **ҮШТІЛДІЛІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІ ӨМІРШЕҢДІГІНІҢ НЕГІЗДІЛІГІ**

*Article is devoted to judgment of a linguistic vitalnost (viability) of Kazakh language. The author is focused the attention to some, from his point of view, the most important factors causing viability of this language in the modern world.*

1. Қазақ тілінің әлеуметтік мәселелерін зерделеу, талдау жөнінде біршама ғылыми зерттеулер жүргізілгенімен, қазіргі жаһандану жағдайында тілдің өміршеңдігі туралы мәселе өзекті саналады. XX ғасыр соңында тәуелсіздігін алып, енді өз дамуының жолына түскен Қазақ елінің мемлекеттік тілінің өміршеңдігі туралы мәселенің әлеуметтік, саяси, ғылыми мәні зор.

2. Қазақ тілінің өміршеңдігі туралы Н. Уәли, Э.Д. Сүлейменова, З.К. Ахметжанова т.б. сынды ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде біршама ғылыми пайымдаулар айтылады. Зерттеушілер тіл өміршеңдігінің негізгі белгілері мен парадигмаларын анықтау арқылы қазақ тілінің бүгінгі жағдайын зерделейді.

3. Америкалық ғылыми дәстүрде антропологиялық тіл білімі қоғам өмірінің нағыз айнасы ретінде этнолингвистиканың бөліміне еніп, Э. Сепир, Ф. Боас зерттеулерінің негізіне енгені белгілі. Ф. Боас айналадағы шындықтың тілде таңбалануының басты қағидаларын белгілеп, тіл – халықтың рухани өмірінің манифестациясы деп көрсетті.

4. Қазіргі кезеңде тіл біліміндегі әлеуметтік парадигма дамып, макро әлеуметтік және микро әлеуметтік бағытта зерттеле бастады. Макро әлеуметтік тіл білімі бағыт бойынша – тілдік мәртебе, кодтау, этнос тілінің рөлі, тілдік жоспарлау және тілдік құрылыс мәселесі терең қарастырылса, микро әлеуметтік тіл білімі бағытында – тілдің қызметі, лебіз (сөйлеу), тілдердің бір-біріне ықпалы, қатысымдық контекст, тілдің стилистикалық және әлеуметтік құрылымын зерделеу жүргізілуде.

5. Қазақ тілінің өміршеңдігінің басты белгісі ретінде мыналарды көрсетеміз:

- ұлттық сананың өсуі мен ұлттық құндылықтардың бағалануы;
- ұлттық мәдениет пен ұлттық көркем әдебиеттің болуы;
- өмірдің әртүрлі салаларында мемлекеттік тілдің әлеуметтік қызметінің артуы;
- 10 жасқа дейінгі балалардың мемлекеттік тілде еркін сөйлеуі.

6. Қазіргі үштілділік жағдайында мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтудің мүмкіндіктерін арттыру, оның қоғамдағы орнын кеңейту, балалар бақшасы мен мектеп жасындағы балалардың мемлекеттік тілде білім алуына жағдай жасауға ерекше мән беру – қазақ тілінің өміршеңдігін арттырудың басты жолдары болмаққа керек.



Сейдулла Садықов

ф.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университеті

## АНА ТІЛІ – ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ӨЗЕГІ

*In the period of USSR actual issues took place in Kazakh language. Kazakh people were reducing in contrast of Russian ethnic groups and other nations who spoke Russian. This language was in the lead. The day before Independence Day of Kazakh language acquired the status of national language as the result of institution of «Language Act» in the Constitution of Republic of Kazakhstan.*

*Nowadays, the purpose of intellectual Kazakh people is to instill the state language into daily usage; to replace the Mother tongue with the state language of government; to level up Kazakh language up to the level of international relationships and the language capable to communicate with foreign countries.*

Қазақстанда кеңестік дәуірде қазақ тілі мәселесінің проблемалары орын алды. Ол қоғамның этникалық құрамының өзіндік сандық көрсеткіштеріне байланысты еді. Ресми статистика берген көрініс төмендегідей болатын. Орыстардың ұзын саны қазақтармен тең болды. Орыс этносының өкілдері мен орыс тілді басқа да ұлт өкілдерін (оның ішінде орыс тілді қазақтар да аз емес) қосқанда қазақтар өз елінде азшылыққа айналды. Осылайша орыс тілі жетекші орынға ие болды. Оны республика тұрғындарының басым бөлігі туған тіліндей ғана емес, сонымен бір мезгілде ресми және ұлтаралық қатынас құралы ретінде де пайдаланды.

Тәуелсіздік қарсаңында қабылданған Тіл туралы Заң мен Қазақстан Конституциясында айқын жазылып, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілді. Республикалық «Қазақ тілі» қоғамы құрылып, оның жергілікті аудандарда бөлімшелері пайда болды. Жоғары арнаулы оқу орындарында қазақ бөлімдері ашылып, орыс бөлімдерінде де қазақ тілі оқытыла бастады. «Қазақ тілі» қоғамы бөлімшелерінің газеттері жарық көрді.

Сол тұста Қазақстандағы ақпарат құралдарының басым бөлігіне ие болып отырған шовинистік пиғылдағы топтар орыс тіліне мемлекеттік мәртебе әперу үшін күрес жүргізді. Оларды парламентте де билік басында отырғандар арасында да жақтаушылар болды. Қазақ тілі қолдаусыз қалды. Президент Н. Назарбаевтың табанды саясатының арқасында ғана Конституциямызда бір ғана мемлекеттік тіл – қазақ тілінің мәртебесі сақталды.

Мемлекеттік тіл мәселесі тұрғындардың этникалық құрамы сан алуан Қазақстан үшін мемлекеттілік пен егемендікті нығайтудың басты факторларының бірі.

Ұлттық идеяның өзегі саналатын тіл мәселесі Қазақстан халқы Ассамблеясының стратегиясында, ұлттық бірлік Доктринасында айрықша маңызға ие.

Өзге ұлт өкілдері қазақ тілінің мәртебесін көтеруге атсалысады деп айту қиын. Әлемнің түкпір-түкпіріне шашырап кеткен төрт миллиондай қазақтарды Атажұртқа қайтаруды жеңілдету ана тілімізде сөйлейтін ұлттық ортаны қалыптастырудың маңызды шарты.

Қазіргі кезде қазақ зиялыларының талап-тілектері негізінен төмендегідей: мемлекеттік тілді күнделікті қолданысқа енгізу; Ана тілін мемлекеттік басқару тіліне көшіру; қазақ тілін халықаралық қатынастар тіліне, Қазақстанның шет мемлекеттермен байланыс жасау тілі дәрежесіне көтеру; қазақ тілін ғылымның сан-салалы күрделі түрлерін игеретін тілге көшіру; қазақ тілін заң шығару, құқық қорғау орындарында еркін қолданылатын тілге айналдыру, тағы басқалар.

Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың БҰҰ Саммитінде баяндамасын Ана тілінде жасауын қазақ тілі болашағының бастауы ретінде бағалау керек.

**Ерден Қажыбек**  
ф.ғ.д., профессор  
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ

## ҚАЗАҚ ТІЛІ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТІЛ

*The article is devoted to increasing the relevance status of the state language of the Republic of Kazakhstan. In particular historical, foreign policy and domestic factors on using the Kazakh language in an international language context are considered. Those and other aspects discussed at greater length in the article reveal the necessity to make appropriate adjustments to the language policy in the field. The article is devoted to increasing the relevance status of the state language of the Republic of Kazakhstan. In particular historical, foreign policy and domestic factors on using the Kazakh language in an international language context are considered. Those and other aspects discussed at greater length in the article reveal the necessity to make appropriate adjustments to the language policy in the field.*

Сөзімді, бүгінгі басқосуымыздың тақырыбына тікелей байланысы бар кейбір шешуші мәнге ие терминдеріміздің өрескел қате аударылып (һәм іске асырылып) жүргеніне ғалымдар назарын аударғым келеді. Елімізде қалыптасқан келеңсіз дағдыға сәйкес, біршама маңызды атауларымыздың нұсқасы басында орыс тілінде даярланым, кейін ғана мемлекеттік тілімізге тәржімаланатыны баршаға аян іс.

Осындай терминнің бірі, орысша «триединство», қазақшасы «үштұғырлылық». Орысшасының мазмұны қарапайым және нақты – үш ағылшын, орыс және қазақ тілдерінің деңгейін бір-біріне үзеңгілестіру, яғни бірдей ету. Әлбетте, біздің шамамыз әлемдік тілдерді одан әрі дамытуға, немесе, керісінше, тіліміздің деңгейіне оларды жақындатуға, төмен түсіруге – қолымыздан келетін шаруа емес екендігі бесенеден белгілі. Олай болса, «триединствоның» мақсаты біреу-ақ және анық: қазақ тілінің өресін орыс және ағылшын тілдерінің ауқыма жақындастыру, яғни – қазақ тілін дамыту ғана.

Ал, енді, шаш ал десе бас алатын біздің шалақ белсенділеріміздің аудармасына келсек, «үштұғырлылықтың» мәні – жер мен көктей, тіпті, қарама қайшы бағытта берілген: мемлекеттік тіліміздің есесінен әлемдік тілдерді жөнді-жөнсіз, концепттік бағдарлама-жоспарсыз білім берудің бүкіл сатыларына тықпалай беру. Керек болса, бұның негізгі мақсаты – қазақ тілінің қолданыс әлеуетін әлсірету ғана, басқа ештеңе де емес. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ тілі халықаралық тіл бола ала ма деген сауал туындайды.

Біріншіден, түрлі объективті және субъективті тарихи факторларға байланысты халқымыздың саяси таралым картасының соңғы ғасырда күрт тарылуының салдарынан қандастарымыз бүгін бірталай өз атамекен жерлерінде тапжылмай отырса да, олар біздер үшін шетелдік саналатын болып қалды. Бұл жерде біз көршілес Орта Азия елдері мен Ресей, Қытай, Монголияларды меңзеп отырмыз. Және де халқымыз бастан кешірген зұлматтардың нәтижесінде тарыдай бытырап Еуропа Одағы, АҚШ, басқа Азия елдеріне көшкені барын ескерсек, қазіргі заманда тек төл тіліміздің тұтынушыларының өзінде қазақ тілі халықаралық аренаға ие тілге айналғаны еш дау тудырмас шындық.

Екіншіден, қазақ тілі дара пән ретінде Түркияның жиырмадан астам ірі университеттерінде, Кореяда, АҚШ-та, Қытайда, Иранда, Орта Азия, Еуропа Одағы мемлекеттерінде оқытылуда. Тіпті, атышулы Кембридж университетінің де осы бағытты мықтап қолға алуға ниеті бар. Яғни, жақын болашақта әлемде Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін жақсы игерген біршама шетелдік азаматтар пайда болмақ.

Үшіншіден, ұлтымыздың ұзына тарихында, әсіресе, ерте орта ғасырлық Дешт'і Қыпшақ және одан кейінгі Алтын Орда, Қазақ Хандығы дәуірлерінде – бұны ғылыми әлемге проф.

А. Құрышжан, Ә. Нәжіп, А. Гаркавец дәлелді паш еткен – қазақ тілі ұлан-байтақ кеңістікте ресми, ұлтаралық (мемлекетаралық мағынасында) қызметтерін ғасырлар бойы аброймен атқарғаны тарихи ақиқат.

Төртіншіден, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін туған тіліміздің өркені өсіп, өресі кеңейе түсті. Басқасын былай қойғанда, бір ғана мысал келтірсек жеткілікті болар деп есептейміз. Мына ресми мәліметке қараңыз, биылғы жылы орта мектептердің бірінші сыныптарына қабылданған оқушылардың 89 пайызы қазақ тілінде білім беретін мектептерге барған. Бір ғана осы фактінің өзі қазақ тілінің қазіргі жағдайын, сол сияқты алдағы он шақты жылда Қазақстанның этнодемографиялық және тілдік бейнесі қандай болатынын айқын көрсетіп отыр.

Қорыта келе, еліміздің тілдік саясатына жоғарыда келтірілген фактілер мен дәлелдерді ескере келе, қажетті толықтыру және өзгертулерді енгізу қажет деп есептейміз.

**Нұрлан Кенжеахмет**

*Бонн және Назарбаев Университетінің профессоры*

### **КӨК ТҮРІКТЕРГЕ ДЕЙІНГІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІ (Б.З. I–V ҒҒ.)**

*Before the language of the Runic Turkic inscriptions of the Kök Türk Empire we must rely on the Chinese sources for information on the Turks and their language. The Chinese sources regularly refer to the Türks by the name Xiong-nu and for example the Zhou-shu offers a description of them and their language. There are also additional recently-found sources, such as the tombstone found in Shanxi province in 1999 which offers additional information on the Turkic peoples.*

Жыл санауымыздың VI ғасырының орта шенінде Орталық Азияда Түрік империясы шаңырақ көтерген соң, Евразия даласында түбегейлі өзгеріс болғаны анық. VI–VIII ғғ. Қазақстанның халықтары мен тайпалары Еуразияның шектес және алыстағы этностарымен бірге Түрік империясының, Батыс Түрік империясының, Түргеш, Қарлық қағанаттарының құрамына кірді. Ғылымда Орхон Ескерткіштері деп аталатын жазба ескерткіштерде Түркі қағандары мен айғұчылары мемлекеттік саясат мүдделеріне байланысты, негізінен қол астына қараған халықтардың орналасуы мен әскери жорық маршруттары сипатындағы мағлұматтарды жазып қалдырды. Түркілердің әдеби жазба тілі осы ескерткіштерден бастау алады. Көк Түріктерден бұрынғы түркілердің тілі туралы жазба деректер жоқтың қасы. Ғұн тілі туралы ғылымда әлі талас – тартыс бар, ғұндар қай тілде сөйлескені басы ашылмаған мәселе. Деседе, Ежелгі Түркі тілі туралы аса құнды деректер қытай тарихи жазбаларынан кезігеді. VII ғасырда жазылған қытай монағы Сюаньцанның өмір-баянында Қытайлар «Сюнну» (ғұндар) этнонимін түркілердің баламасы ретінде қолданды. Ал I–V ғғ. Қытай тарихи деректерінде ғұнша сөздердің көбін дыбысталуы немесе мағынасы бойынша қытайшаға баспа- бас аударды. Мысалы, «Чжоу Шу» кітабының Цзиху баянында мынадай мәлімет бар: «Цзихулар Булоцзи деп те аталады. Олар ғұндардың өзге бір тармағынан. . . олар Лишинь<sup>1</sup> батысынан Аньдинның<sup>2</sup> шығысына дейінгі 700–800 лиге созылған шаршы тау арасына жамырай қоныстанған, ру-тайпалары өсіп-өніп көбейген. Олар отырықшы тұрмыс кешеді, егін егуді біледі. . . қытайлармен аралас отырады, елағалары хат таниды. Бірақ тілдері и-дилерге<sup>3</sup> ұқсайды, тілдесу үшін аудармашы қажет».

<sup>1</sup> Қазіргі Шэньси провинциясындағы Лиши.

<sup>2</sup> Қазіргі Ганьсу провинциясындағы Цзинчуань.

<sup>3</sup> «И-ди», қытайлар төңірегіндегі этностарды жалпылай осылай атаған.

Тарихтың әр кезеңінде өзінің төрт төңірегіндегі елдер мен ұлыстар туралы мәліметтерді қалт жібермей хатқа түсіріп отырған көне қытай жазбаларында ғұндардың тілі және сөздері туралы деректер кезігеді. Ғұндардың тілі, ғұрып әдеттері туралы маңызды деректер «Юаньхэ цзюньсянь тучжи» («Юаньхэ жылнамасындағы аймақ-аудандардың карталық баяны») және «Тайпин хуаньюй цзи» кітабының Яньчжоу аймағының Линьчжэн ауданы тарауында да кезігеді.

1999 жылы шілде айында Қытайдың Шаньси өлкесінің орталығы Тайюань қаласының іргесінен табылған Юйхун эпитафиясы (құлпытас жазуы) Юйхунның тегі Батыс өңірдегі түркі тілдес халықтармен байланысты екендігін бір қырынан ашып берді.

Осы тұстағы қытай деректерінде шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстік жағында қоныстанған халықтар жөнінде, қалалар мен елді-мекендер және олардың тұрған орындары жөнінде көбіне-көп көңіл бөлінді. Алайда көк түріктерден бұрынғы түркі тілдері жөнінде қазіргі зерттеушілерге түсініксіз болған жәйт бар, I–V ғғ. көне түркі тілдерінің сырын ашатын кілт көне қытай жазбаларында жатыр.

**М. Қ. Ескеева**

*ф.ғ.д., профессор*

*Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ*

## ТҮРКІ ТІЛДЕРІ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ ОРНЫ

*The article is devoted to the study of the problem of historical development of the Kazakh language, subethnic processes of forming the Kazakh ethnos, the position and significance of the Kazakh language in the Turkic languages system. The question of clarifying the level of integrity of monosyllabic roots in the Old Turkic written monuments and in the Modern Kazakh language is the main question and on the base of which the conclusion about the nature of the Kazakh language as the Modern language is made. The main criteria mean's the existence of combinations of the following sounds  $\gamma/g \approx w/j$ .*

Тарихи және лингвистикалық әдебиеттерде қазақ этносы да, оның тілі де негізінен ХІҮ-ХҮ ғасырларда қалыптасқаны жайлы айтылатыны белгілі және бұл тікелей Қазақ хандығының құрылуымен байланыстырылады. Этникалық топтардың және олар мекендеген аумақтардың мемлекеттік тұрғыдан ресми түрде біріктірілуі қазақ халқының дербес этнос ретінде нығаюына, тілінің тұрақты қалыпқа түсіп жүйеленуіне игі ықпал еткені даусыз. Жүз жыл ішінде жаңа бір халықтың, оның тілінің пайда болуы этноэволюциялық, глоттоэволюциялық заңдылықтар мен ұстанымдарға сәйкес келе бермейді. Бұл қазақ тілінің тарихына, даму жолына қатысты шешімі табылмаған өзекті мәселелер қатарынан орын алады.

ҮІ–ІХ ғасыр мұралары – Орхон, Енисей, Талас жазба ескерткіштері тіліндегі бір буынды сөздердің бірі бөлігінің қазіргі қазақ тіліндегі нұсқаларымен мағыналық-тұлғалық жағынан толық сәйкес келуі, келесі бөлігінің тұлғалық өзгерістерімен ортақ мазмұнды сақтай отырып қолданылуы көнетүркі тайпалары мен қазақ халқының тарихи-лингвистикалық сабақтастығы берік сақталғанын сипаттайды.

Мақалада қазақ тілін балаң тілдер қатарына жатқызудың негізгі

критерийі  $\gamma/g \approx w$ ,  $\gamma/g \approx j$  сәйкестіктері мен  $\gamma/g \rightarrow \emptyset$  редукциясының қазақ тілін толық қамтымауы; жалпытүркілік сөздер құрамындағы  $\gamma$ ,  $g$  дыбыстарының нөлдік деңгейге дейін редукцияланбай,  $w$ ,  $j$  дыбыстарына да өзгермей,  $\gamma$ ,  $g$ -нің архиформасы саналатын  $q$ ,  $k$  дыбыстарымен қалыптасуы;  $\gamma/g \approx w$ ,  $\gamma/g \approx j$  сәйкестігіне ұшыраған гомогенді параллельдердің  $q/k$  тұлғалы «көне» нұсқасы мен  $w$ ,  $j$  тұлғалы «жаңа» нұсқасының қатар қолданыста болуы; кей жағдайда

дисиллабтар мен полисиллабтар құрамында инлаут  $\gamma/g$ -нің ұяңдығын сақтап қалуы;  $\gamma/g \approx w$ ,  $\gamma/g \approx j$  сәйкестіктерінің қыпшақ тобындағы тілдерден басқа оғыз, қарлұқ тобындағы тілдерден де көрініс беруі;  $\gamma/g \rightarrow \emptyset$  элизиясының ең көне әрі ең жаңа тілдерге жататын тілдер бұлғар тобындағы чуваш, ұйғыр-оғыз тілдеріне енетін якут тілдерін де кездесуі түркі тілдерінің тарихи-хронологиялық классификациясы бойынша қазақ тілінің ең жаңа тілдер қатарына жатқызылуына қайшы келетіні дәйектеледі.

Қазақ тілінде көне тұлға мен жаңа тұлғаның қатар қолданыста болуы қазақ тілін ең жаңа тілдер қатарына жатқызуға кепіл бола алмайды, керісінше оның көне белгіні сақтай отырып, жаңа сипат алған тіл екенін көрсетеді.

**Кудеринова Куралай**

*ф. з. д., Сулейман Демирел Университеті*

### **ПРОФЕССОР НҮРГЕЛДІ УӘЛИ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ СТИЛИСТИКАСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ БІР МӘСЕЛЕСІ**

*In the report said about the ways of input to education program the latest news of Kazakh stylistics. According to the author's concept, linguist N. Uali explains the function of the 4 language styles as a tool of formation of a social consciousness.*

Ғылыми мекемелердің статусын өзгертіп жатқан, өзгерткісі келіп жатқан, көзқарастар өзгеріп жатқан кезеңде отырмыз. Ғылыми мекемелер өз стратегияларын нақтылап, жаңа мақсаттарын екшеп, зерттеу нәтижелерін білім беру кеңістігіне ұсыну жолдарын қарастырмаса, ғылым – ғылым үшін ғана емес, ғылым – білім үшін де зерттелмесе, ғылыми мекемелердің орны жоғалатын жағдайға келе жатырмыз. ЖОО-нан білім бағдарламаларына ұсыныстар сұралмаса, ЖОО-на арналған бірлескен оқулықтар мен оқу құралдар жазуға сұраныстар берілмесе, оқытатын білімді жетілдіруге атсалыспаса, ғылыми-зерттеу мекемелерінің құзіреттілігі төмендейді. Қазақ тіл біліміндегі соңғы зерттеулер былай тұрсын, кей пәндер 60 жж. зерттеу нәтижелері мен тұжырымдарына сүйенеді. Соның бір мысалы ретінде «Қазақ тілі стилистикасы» пәнін алайық. Мектеп бағдарламасынан білетін қазақ тілінің 5 функционалды стильдер жүйесінің өзара айырмашылықтарын ажырату ғана осы пәннің міндеті болып шыққан. Ал қазіргі қазақ ғылымында жалпы қолданыстағы тілді сөйлеу тілі және кітаби тіл оппозициясында қарайды. Яғни адам өзіне таныс, бейресми ортада ауызекі сөйлеу тілін қолданса, бейтаныс ортада әдеби тілді қолдана бастайды. Көркемсөз, шаршысөз (газет, теледидар, радио, жалпы шаршытоп алдындағы сөз), кәсіби ортадағы іскери сөздер, негізінен, көпшілік ортада қолданылатындықтан әдеби норманы қажет етеді. Профессор Нұргелді Уәли функционалды 4 стиль адамның қоғамдық санасының қалыптасуына және халықтың қоғамдық санасының тұрақтануына байланысты деген ой айтады. Сонда 5 функционалды стиль бес түрлі қоғамдық санаға қызмет етуден шыққан. Тұрмыстық сана толық болса, сөйлеу тілі стиліне машыққан, эстетикалық сана жоғары болса, көркемсөз стилінде сөйлеп, жаза білетін және көркем мәтінді өз деңгейінде түсінетін тұлға деген сөз. Ал саяси сана шаршысөз стилін қалыптастырды. Ғылыми сана ғылыми стильді тудырды. Кәсіби сана қалыптасса, ресми ісқағаздар стилінде оңай жазып, іскери сөздің шебері болып табыламыз. Стиль түрлерін оқытқанда, сонымен, жалпы қолданысығы тілді сөйлеу тілі (таныс ортада), бейтарап тіл (таныс-бейтаныс ортада) және кітаби тіл (бейтаныс ортада) деп, адамның ӨЗ-інен ӨЗГЕ-ге қарай қарым-қатынасына байланысты бөліп алу керектігін ұғынамыз. ӨЗ-іне отбасы, дос-жаран, көрші-қолаң, ағайын-тумамен арадағы коммуникация жатады. ӨЗГЕ-ге қоғамдық, мәдени орындар, жиындар, жалпы бейтаныс көпшілік кіреді. Баяндама қазақ стилистикасындағы соңғы жаңалықтарды талдауға арналған.



Тұяқбай Төрегелді

саяси ғ.к., ҚР Парламенті Мәжілісі Аппараты

## ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ КОМПАРАТИВИСТИКА

*In this article, Kazakh language of historical philosophical aspects was examined not only among Turkic languages but also compared with world languages in global comparison. Therefore, the research results will provide a new view about the etymology of the word 'Kazakh'.*

1. Қазақ тіл білімі саласындағы, оның ішінде жалпы этимология бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің әдіснамасын түбегейлі өзгерте отырып, ұлт санасында қазақ тілінің философиясы деген жаңа ұғымды қалыптастыру қажет. Қазақ тіл білімі ғылымын таза лингвистикалық тұрғыда ғана емес, салыстырмалы тарихи-философиялық аспектіде де қарастыру арқылы түркі тілдерінің жаһандық компаративистикаға атсалысуын ғылыми негіздеу – бүгінгі күннің басты талабы.

2. «Қазақ» деген сөздің этимологиясы туралы жаңа көзқарас: бұл этноним сақ тіліндегі «ас» + «сақ» деген екі түбір сөзден құралған. Академик В. И. Абаев өзінің «Словарь скифских слов» деген еңбегінде екі жүзден астам сақ тіліндегі түбір сөздерді атап көрсетеді. Солардың ішінде екі этноним ғана: *aryana* (арийлер) және *as* (астар) деген халықтардың атауын білдіреді. Ал, *as* деген түбір сөз (*тамақ* деген мағынада емес) қазіргі қазақ тілінде де *асқан* (асқан байлық), *аса* (аса байлық, аса сұлу) деген сын есім нұсқасында кездеседі. Сондай-ақ, *ас*, *аса* деген сөздер *қас* (қас сұлу, қас шебер), *қаса* (қаса сұлу) түрінде де қолданыла береді. Осы сөздердің қай-қайсысы да *нағыз*, *тым*, *аса*, *қаса*, *зор* деген мағыналарға ие.

М. Фасмер өз сөздігінде *скиф* және *сақ* деген сөздерді бір халықтың екі тілдегі атауы, яғни түбірлес бір этноним ретінде қарайды. Сонымен, сақ тіліндегі «ас» + «сақ» деген екі этнонимнің тарихи-лингвонимдік эволюциясы мынадай: *ас + сақ // қас+сақ // қайсақ // қасақ // қазақ*. Бұдан шығатын қорытынды: «қазақ» деген сөз сақ тіліндегі «ас сақ» (нағыз сақ) деген сөздерден туындаған.

3. Тарихта «Есік жазуы» деген атпен белгілі, Есік қорымынан табылған күміс ожауға бітіктелген сақ тіліндегі жазулардың құпиясы ашыла бастағандай. Былтырғы жылы ғана Мәулен Салыбековтың жазу мәтінін ашып оқыған нұсқасы біршама көкейге қонады. Күмәнді тұстары да жоқ емес. Басы ашық бір нәрсе: осы жазулардағы кейбір таңбалардың ғана түркі руна таңбаларымен (Орхон-Енисей, Талас ескерткіштері) ұқсас екендігі және жекелеген таңбаларды арамей, набатей, нубидий, көне грек қаріптерімен салыстыруға келетіндігі. Бұл жазулар аралас жазуға жатады.

4. Сақ тілі – нострат тіл. Оның таралу ауқымы түркі тілдері аймағынан да кең. Оны сақ тіліндегі жазулар таңбаларының саналуандығы білдіреді. Түркі тілдері түгелдей дерлік сақ тілінен тарайтындықтан, сақ әлемін зерттейтін ғылым саласы – сақологияның өз алдына отау тіккені жөн. Түркологияның болашағы – сақологияда!



**Калимаш Бегалинова**  
д. филос. н., профессор,  
КазУМОиМЯ им. Абылай хана

## ОСОБЕННОСТИ ЯЗЫКОВОЙ ПОЛИТИКИ КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

*In the article author describes modern language policy in Kazakhstan, trilingualism. In the frameworks of globalization it's important not only know the english language, but to strengthen the status of national language, because the language – it's the person's world and without't there is no human and society.*

В условиях современного глобализирующегося мира особую актуальность приобретает языковое поликультурное образование, поскольку язык является самым существенным инструментом, способствующим взаимопониманию и взаимодействию различных культур. Именно язык выступает тем исходным измерением, внутри которого человек впервые «оказывается в состоянии отозваться на бытие и его зов и через эту отзывчивость принадлежать бытию» (М. Хайдеггер). Это связано с тем, что язык как знаковая система осуществляет общение между людьми, включая в себя процессы мышления, хранения и передачу информации. Другими словами, язык есть «дом бытия» (М. Хайдеггер).

Сегодня в языковом поликультурном пространстве доминирует англоязычная среда. Все передовые информационные технологии, научные изобретения создаются на английском языке. Значимость английского языка усиливают и интеграционные культурные, духовные процессы. Это обстоятельство побудило в нашей стране ввести новую модель полиязычного образования в старшей школе и вузах и поэтапное внедрение 12-летнего образования. Новая модель опирается на компетентностный подход, в частности коммуникативную компетенцию, и на глубокое усвоение трехязычия – казахского, русского и английского языков. Коммуникативная компетенция показывает, что недостаточно знать грамматическую, лексическую и другие аспекты языка. Важны знания культуры, менталитета народов, с которыми приходится общаться. Как говорил образно Карл Поппер, знания другого языка раздвигают рамки интеллектуальной тюрьмы, делают нас богаче, поскольку мы отчасти являемся носителями и той культуры народа, язык которого усваиваем. Статус казахского и русского языков закреплен Конституцией страны. Что касается английского языка, то он должен выступать в роли межкультурного средства общения и не претендовать на «источник идентичности или общности» (С. Хантингтон). Активное вторжение английского языка в образовательный процесс в нашей стране должен стать для учащихся стимулом для осознания своей национальной идентичности, культурной, духовной самобытности. Наше общество должно заботиться о развитии, совершенствовании казахского языка как языка автохтонного народа страны. Исторический опыт показывает, что когда язык мало используется как средство коммуникации, его изучение оторвано от современного мира, культуры, то он переходит постепенно в разряд мертвых языков. Этого мы не должны допустить в отношении родного языка. Человек должен осознавать себя носителем определенного этноса только через владение его языком, знать обычаи, традиции, национальную культуру, историю своего народа. Сегодня для нас не только английский, но и родной казахский язык должен служить важным инструментом успешной жизнедеятельности в поликультурном и мультилингвальном мировом сообществе. Сегодня недостаточно желать понять – этого мало, необходим «духовный просвет», подводящая перспектива для открытия и понимания. И в этом отношении родной язык – это мир человека, без него нет человека и общества.

**Ш. Ш. Жалмаханов**

*ф. э. д., профессор*

*ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы*

**Ж. Ағабекова**

*ф. э. к., ассистент-профессор*

**З. Ордабаева**

*магистр*

**Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ**

### **ӘБІЛҚАСЫМ ӘЗ-ЗАМАХШАРИДЫҢ «МУКАДДИМАТ ӘЛ-ӘДӘБ» СӨЗДІГІ (XII Ғ.) МЕН ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨМЕКШІ МОРФЕМАЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*The article considers the scientific and theoretical ground for performing the historical comparison of the auxiliary morphemes of the XII century Kipchak, Karluk and Oguz linguistic materials gathered in the four-language Az-Zamakhshari dictionary and the auxiliary morphemes of the modern Kazakh language. The authors come to the conclusion that medieval Turkic languages were the result of integration, while the modern Turkic languages are the result of the differentiation.*

Тіл атаулының басқа тілдермен, тілдік жазба ескерткіштермен қатыстылығын қарастырудағы басты мақсат – өз ара қатыстылығын, байланысын анықтау. Қатыстылығын анықтаудағы міндет – олардың тектестігін, туыс-туыс еместігін айқындау. Тілдер мен тілдердің, тілдер мен ескерткіштердің және ескерткіштер мен ескерткіштердің тектік байланысын айқындау үшін негізінен сипаттама, тарихи және типологиялық әдістер қолданылып, тілдің, тілдердің (ескерткіш, ескерткіштердің) фонетикалық, лексикалық және грамматикалық бірліктері салыстырылады, салғастырылады. Ал тілдердің (ескерткіштердің) тектестігі мен туыстығын айқындауда Расмус Раск «Происхождение исландского языка» атты еңбегінде: «Халықтардың пайда болуы мен олардың туыстық байланысын тануда тілден артық құрал жоқ. Тілдерді салыстыра зерттеуде тілдің ең сенімді саласы – грамматика, өйткені тілдердегі сөздер бір-бірімен ауысқанмен, жіктік, септік жалғауларының ауысуы мүмкін емес» [1, 88] дегеніндей, тілдің ең сенімді элементі грамматикалық көрсеткіштер, нақтырақ айтқанда, көмекші морфемалар. Демек тілдегі дыбыстар мен сөздер түрлі экстралингвистикалық факторлардың әсерінен өзгере, ауыса беруі мүмкін, ал жалғаулар мен жұрнақтар туыс тілдердің өзінде де өзгермейді, ауыспайды.

Лингвистика тарихында тілдердің интеграциясы мен дифференциация, ішкі, сыртқы факторлар, туысуы мен туыстасуы кеңінен, түбегейлі қарастырылған мәселелер. Ресей білім-ғылымы тарихында үндіеуропа тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, орыс тілінің тарихи грамматикасынан алғаш дәрістер оқыған Ф. И. Буслаев (1818–1897) «Отандық тілді оқыту туралы» деген мақаласында (1884): «Тілдерді салыстыру тілдік заңдардың айқын да ақиқат түсінігін бере алады, тек тарихи зерттеу ғана белгілі форманы генетикалық тұрғыда неге осылай қолданатынымызды түсіндіре алады» дейді [3, 25] (3. Березин Ф. М. История лингвистических учений. – Москва: Высшая школа, 1975.) «Сөздер мен заттар» бағытының негізін салушы, австриялық лингвист Г. Шухардт (1842–1927) «Тілдердің тоғысуы туралы мәселеге» атты еңбегінде тілдер арасында шекара болмайды, тілдердің тоғысуы тілдердің өзгеруіне және араласуына әкеп соғады деп есептеді [1, 143]. (Жалмаханов Ш. Ш. Тіл білімінің тарихы. – Қарағанды: ҚарМУ, 1999. – Б.88. – 203 б.)

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында тіл білімі тарихында Италияда пайда болған аралдық лингвистика (неолингвизм) бағытының көрнекті өкілі И. Шмидтің «толқындық теориясы»,

яғни тілдерді классификациялауда тілдердің географиялық орналасуын негізге алу, ерекше рөл атқарды. Шмидт географиялық көршіліктегі екі тілде жалпы тілдік қасиеттердің, белгілердің пайда болуына әкелетінін айтып, бұл құбылыс кейін «тілдердің туыстасуы» (сродства языков) деп аталып, «туыс тілдер» (родства языков) деген ұғымнан ерекшеленді. Тілдердің туыстасуы дегеніміз – екі немесе бірнеше тілдің көрші, жақын, аралас-құралас тұруынан жалпы белгілер мен қасиеттердің пайда болуы, яғни қазіргі «тілдік одақ» деген ұғымның негізі болды. Демек жоғарыда мазмұндарын баяндаған ғылыми-теориялық ойлардың негізгі идеяларын орта ғасырлардағы туыс түркі тайпаларының тілдері бойынша да талдауға болады. Орта ғасырдағы түркі тілдері – интеграцияның, қазіргі түркі тілдері – дифференциацияның нәтижесі.

**А. Маемерова**

*PhD докторы,*

*Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ*

### **«ҚЫСАСУЛ ӘНБИЯ» ЕСКЕРТКІШІ ТІЛІНДЕГІ ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ**

*This article is considered the structural features of the pair words used in the language of the monument «Kissasul enbiya» Golden Hordeperiod, on the basis of the analysis is determined by their interrelation with the modern Kazakh.*

Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихын, даму заңдылықтарын анықтау тұрғысынан ғасырлар қойнауынан жазбаша сақталып келген көркем туындылардың тілін зерделеу ісі ерекше маңыздылыққа ие. Бұл тұрғыда қыпшақ тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің тарихы үшін Алтын Орда дәуірінде жазылған әдеби туындылар бірден-бір құнды деректер қатарында қарастырылады. Сол дәуірдегі көркем шығармалардың арасында Хорезмидің «Мұхаббат-намесі», Сафи Сарайидің «Гүлістан бит-түрки», Құтыптың «Хұсрау мен Шырыны» және Рабғузидің «Қысасұл әнбия» атты туындылары қазіргі уақытқа дейін жетіп отыр.

Бұл мақалаға Алтын Орда дәуіріндегі лексикалық тұрғыдан ең бай және көркем үлгілерінің бірі – «Қысасұл әнбия» ескерткішінің Лондон нұсқасы тілінде қолданылған қос сөздері арқау етіп алынды.

1310 жылы Бұрханеддинұлы қазы Насреддин Рабғузи тарапынан Насириддин Тоқ Бұға бекке арналып жазылған «Қысасұл әнбия» шығармасының негізгі сюжетін пайғамбарлар туралы аңыздар мен қиссалар құрағанымен, қиссалар арасында табиғат пен дүние құбылыстары жайында мифологиялық әңгімелер, ертегі мен өлеңдер де кездеседі.

XIV ғасырда жазылған «Қысасұл әнбия» – Алтын Орда дәуірінің тілдік ерекшеліктерін көрсететін құнды мұра. Аралас тілде (қыпшақ-оғыз) жазылған шығарманың әсерлі де бейнелі болуы үшін тілдік көркемдеулер мейлінше мол қолданылған. Солардың бірі – қос сөздер. Ескерткіш тілінде екі түрлі әдіспен де (қайталама және қосарлама) жасалған қос сөздер анықталды. Шығарма тілінде қолданылған қайталама қос сөздер ретінде *kıykim kıykim, türlüg türlüg, pare pare* сөздерін, қосарлама қос сөздерге *tal yıgaç, tün күndüzi, aş suw, yılkı kara, başın ađakın, yüzi közi, körgen bilgen, mal tawar, altun күmüş, bayı çıgayı, erkegi tişisi, kız kırkınları, yıñcke yuwka, körkülg cemallıg* мысалдарын келтіруге болады. Мысалдар арасындағы *kıykim kıykim, türlüg türlüg, başın ađakın, körgen bilgen, altun күmüş, kız kırkın* сөздері қазіргі қазақ тілінде еш өзгеріссіз қолданылады.

Зерттеуде қос сөздердің құрылымдық ерекшеліктері сараланып, қазақ тілімен сабақтастығы тереңдетіле көрсетіледі.

**Құдасов Сейсенбай**

*аға ғылыми қызметкер,*

*Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық*

*Қазақ-түрік университеті*

## **АРМЯН-ҚЫПШАҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ОРНЫ**

*This article discusses the features of the basic word stock of the Armenian-Kipchak written monuments XVI–XVII centuries in comparison with the corresponding equivalents of the Kazakh language. Determined systemic phonetic and semantic matching or differences of vocabulary of these languages.*

1. Қазіргі көптеген түркі халықтарының этникалық және тілдік тұрғыдан қалыптасуына ұйытқы болған қыпшақ ру-тайпаларының, қыпшақ тайпалық одақтарының, қыпшақ мәдениеті мен қыпшақ тілдерінің тарихтағы орны мен рөлі ғылыми зерттеулерде жеткілікті бағамдалып, бағаланбай келеді.

2. Қазақ әдеби тілінің тарихи қалыптасу, даму жолын айқындауда қыпшақ тіліндегі орта ғасыр жазба ескерткіштерінде көрініс тапқан тілдік деректердің орны мен рөлі ерекше. Қыпшақ тілдерінің даму тарихындағы кезеңдердің бәрін қамтыған жазба мұралардың тапшылығы немесе олардың түрлі себептермен толық ғылыми айналымға енбегендіктері белгілі деңгейде қиындықтар туғызып отыр.

3. Араб, көне готика, көне армян, көне еврей, көне грузин жазуларымен хатталып, бүгінге жеткен ортағасырлық жазбалар тіліндегі кейбір дыбыстардың сапалық көрсеткіштерін анықтауда бірізділіктің болмауынан зерттеуші қай түркі тілінің өкілі болса, оларды сол тілге, сол халыққа тән мұра деп танып жүргендері жасырын емес.

4. XVI–XVII ғ.ғ. жеткен армян әліпбиімен жазылған қыпшақ тіліндегі жазба мұралар тілін қазақ әдеби тілі тарихы тұрғысынан зерттеу маңызды. Армян-қыпшақ ескерткіштері «Кодекс Куманикус» тілі мен қазіргі қыпшақ тілдерін жалғастырып жатыр. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында Қазақстанға әкелінген осы мол мұраның тілін қазіргі қыпшақ тілдерімен тарихи-генетикалық сабақтастық, диахрониялық тұрғысынан зерттеу, ареалдық белгілерін айқындау сияқты өзекті мәселелерге ғалымдар назарын аударуымыз қажет.

4. Өз дәуірінде Дунайдан Алтайға дейінгі аралықта халықаралық тіл қызметін атқарған қыпшақ тілінің аймақтық ерекшеліктері болғанымен, олардың негізі бір, тілдік құбылыстары ортақтығын және қазақ әдеби тілімен сабақтастығын түрлі дәуірлерде, түрлі әліпбилермен хатталып жеткен жазба дүниелерге жан-жақты, тиянақты зерттеулер жүргізу нәтижесінде нақтылап, айқындауға қол жеткізуге болады.

**Бахыт Еженхан-ұлы**  
аға сарапшы  
Халықаралық Түркі академиясы

## ҚАЗАҚ ХАН-СҰЛТАНДАРЫНЫҢ ЦИН ПАТШАЛЫҒЫНА ЖІБЕРГЕН ХАТТАРЫНДА КӨРІНІС ТАПҚАН ҚАЗАҚТЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЖАЗБА ТІЛІ

*Мақала жақын жылдары Қытайдың бірінші Тарихи мұрағатынан табылған 1757–1831 жылдары аралығында қазақ хан-сұлтандары тарабынан Цин патшалығына жазып жіберілген хаттарға филологиялық талдаулар жасау арқылы XVIII–XIX ғасырлардағы қазақтың дипломатиялық жазба тілінің ерекшеліктерін анықтауды мақсат етеді. Мақала авторының пікірінше, аталмыш хаттардан мынадай ерекшеліктер байқалады: біріншіден, бұл хаттардың көбісі ортаазиялық «ресми» хат жазу дәстүрінің ықпалында қалыптасқан; екіншіден, адресаттармен арадағы қарым-қатынастың ерекшелігімен байланысты, аталмыш хаттарға мәнжу-моңғол тілдеріндегі кейбір әлеуметтік-саяси терминдер еніп кеткен; үшіншіден, бірсыпыра хаттардан сол кезеңдегі қазақтың ресми жазба тілінің «қазақыласа» батанғандығы байқалады – бұл жәйт біздің қазақ жазба тілінің қалыптасу тарихына байланысты ұғымымызға жаңа мазмұн енгізіп отыр.*

From the middle of 18<sup>th</sup> century down to the 1820s, intensive relations had been established between Qing court and Kazakh khan-sultans. As one of the ramifications of the political, economic and cultural engagements between Kazakhs and Manchu-Chinese in the mentioned time period, quite a number of historical documents were accumulated in the imperial archives of the Qing dynasty. Most of the archival documents written in the languages other than Chinese had not been touched upon until the beginning of 21<sup>st</sup> century due to the various reasons. In 2003, under the sponsorship of the Kazakhstani national *Mādeni Mura* («Cultural Heritage») program, we began to carry out our researches on the historical sources kept in the First Historical Archives of China in Beijing. We found that, among the 7 000 more relevant archival documents, there are about 200 diplomatic letters by Kazakh khan-sultans addressed to Qing court and Qing borderland officials.

According to my investigation, the Kazakh diplomatic letters kept in the First Historical Archives of China were written in the time period of 1757–1828. Most of them are in Turki (or so-called «Chagatay») language; and there are also letters in Tod-Mongolian (or «Western Mongolian) language. Although the addressers were from various branches of Kazakh *töre* ruling house, yet the numbers of the letters sent by different *töre* branches varies according to the degrees of their engagement with Qing court: the most active addressers were Abulfeiz sultan and his descendants, then Abulai khan and his descendants of Middle Horde, and the fewest letters were sent out by the Little Horde Kazakh rulers. Being the historical documents sent out by the Kazakhs themselves, these newly found letters are extremely valuable for our further studies of both the Kazakh-Qing historical relationship and the history of Kazakh written language.

Our early studies through the philological perspective show that the Kazakh diplomatic letters keep such features: Firstly, most of these letters follow the Central Asian diplomatic epistolary tradition – this can be seen both in their formation features (the honorifics to the addressees, the content formats, and the representations of the dates etc.) and in their strong Turki («Chagatay») linguistic colors (lexically and morphologically). Secondly, as a special phenomenon of the particular historic period, quite a number of Mongol-Manchu social-political terms were absorbed into these Kazakh diplomatic letters; thirdly, a tendency of the «vernacularization» of the writing language can be observed: in these letters we read many Kazakh language elements which can't be found in the Turki («Chagatay»). This last feature encourages us to doubt about the reliability of the traditional conclusion about the forming process of the Kazakh writing language, according to which the writing language of Kazakhs in 18<sup>th</sup> century was still in a «Turki dominated» one, and almost no «Kazakh element» can be noticed in it.



**Конкабаева Назым**  
PhD докторант,  
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ

### «АТ-ТУҒФА АЗ-ЗАКИЯ ФИЛ-ЛУҒАТ АТ-ТҮРКІЙЯ» ЕСКЕРТКІШІНЕ ТАРИХИ- ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

*The article deals with medieval monument «Kitab al-Tuhfat-uz-fil-zakiyya lugat-it-turkiyya» («The precious gift to Turkic languages»). It is provided an overview of the history of the study of the monument and the works of scientists. It is done scientific linguistic analysis.*

Ортағасырда түркі тілдерінің тілдік ескерткіштерінің басым бөлігі қыпшақ тілінде жазылған. Себебі, қыпшақ тілі кең қолданыста болған, әлемдік өркениет пен мәдениетке өз үлесін қосқан тілдің бірі болған еді. Қыпшақ тілінде жазылған еңбектерді қарастыра отырып, көптеген түркі тілдердің даму үрдісі мен тарихын біле аламыз. Зерттеу нысаны ретінде ортағасырлық ескерткіш «Ат-тухфат аз-закия филлуғат ат-түркия» еңбегінің лексикасы болмақ.

«أي كرتال غللا ي ف ي كزل ة فحتل» – ат-Тухфа аз-закия фил-луғат ат-түркия» (бұдан кейін «ат-Тухфа» деп беріледі) қолжазбасы бізге 1922 жылдан мәлім. Алғашқы рет қолжазба туралы венгр ғалымы М. Ф. Көпрүлінің мақаласы арқылы ғылыми жұртшылыққа танымал болған. Қолжазбаның түпнұсқасы Түркия елінде Стамбулдағы сұлтан Баязит мешітіндегі Валиеддин Ефенді кітапханасында № 3092 нөмірімен сақтаулы. Қазіргі күнге дейін бірнеше аудармалары жасалынған. 1940 жылы венгр ғалымы Х. Кун «La langue des kiptshaks» атты француз тіліне аудармасы, 1945 жылы Түркия профессоры Бесим Аталай қолжазбаны түрік тіліне «Türk dilinde temiz» деген атаумен аудармасы, 1968 жылы Салих Муталлибов қолжазбаны өзбек тіліне «Түркий тил (қыпчак тили) хаккида ноёб тухфа» деген атпен аударды. Сонымен қатар, 1978 жылы академик А. Н. Кононовтың редакциясымен «ат-Тухфа» ескерткішінің аудармасы «Изысканный дар тюркскому языку» деген атпен Ташкент қаласында жария көреді. Негізгі аударманы М. Т. Зияева мен Э. И. Фазылов орыс тіліне жасаған [1, 99–103 б.].

Ескерткіштің лексикасын талдап отырып, көптеген сөздер қазақ тілімен ұқсас екендігін аңғардық. Зерттеу нысаны ретінде, қазіргі кездегі жаңа ғылымдардың бірі ономастика бойынша ономастикалық бірліктерді топтастыра қарастырдық. Мәселен, ұлтқа, этносқа тән атаулар культуремаларды қарастырайық. Олар төмендегідей:

ناطلس – қаан – хан, сұлтан;  
قیمیز – qimiiz – қымыз;  
ترویی – yurt – қоныстанған үй атауы;  
قیشلاو – qishlaau – қыстау;  
ایای – iaailaau – жайлау;

Дыбыстық өзгерістер болмаса, қазіргі қазақ тіліндегі сөздермен мағыналық жағынан, зат аталуы жағынан да сай келеді. Тағы да мысалды жан-жануарлар атауы – зоонимдерден келтірейік: نئاض – quui, quuiiun – қой;

آناط – taanaa – бұзау;  
قآیای – qaailaaq – құлын, бота, тайлақ;  
طآ – aaat – ат. Негізгі төрт түліктің атауы ешбір өзгеріссіз қазақ тілінде сақталған.

Ескерткіштің сөздігін сараптай келе, қазақ тілі ортағасырлық қыпшақ тілінен көптеген лексикалық қорымен ұқсас келеді. Ғалым Т. А. Арынов өзінің кандидаттық жұмысында



ортағасырлық ескерткішті зерттеп отырып, 70% қазақ тілімен ұқсайды деген пікірге келген. Сонымен қатар ескерткіште жолдың шеттерінде берілген диалект сөздер қазіргі қазақ тілімен үндес келеді [2]. Осы ескерткіштердегі көптеген ескірген, көнерген сөздерді қайта жаңғыртып, жаңа тілімізге басқа тілдерден қосылып жатқан сөздерді аудару кезінде қолдануға болу жолдарын қарастыру біздің болашақта қарастыратынын өзекті мәселелердің бірі.

**Райкулов Канат**

магистр,

Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

*Language is a tool for speech and thought but also finds in the past to the present day, and today it is very important to the future the interpretation process mediation mission. Currently, the country inherited from our ancestors and the new synthesis, a new video has become a new a new look a single intelligent, profundity and fireworks, and able to absorb the wealth of scientific achievements can keep only through the powerful language of eternal stability. Because the level of the people's language is rich in resources and colorful keep speaking, the more people think the signs; will think that the level of background.*

Әрбір жүрегі елім деп соққан адамның өзінің халқына, тіліне деген ерекше сезімі болатыны сөзсіз. Ұлттық санасы ояу ғана адамның өз елінің шын жанашыры екені белгілі. Халқымыздың халықтығының басты белгісі – тілі болса, оның көркеюі үшін әлі де талай жұмыстар жасалуы қажет.

Тіл – сөйлеу мен ойды жеткізудің құралы болумен қатар, өткендегі олжаларды бүгінгі күнге, ал бүгінгі пайымдарымызды келешекке жеткізу үрдісінде де өте маңызды дәнекерлік міндет атқарып келеді. Қабырғалы ел ата-бабадан мұра болып қалған және қазіргі уақытта жаңа синтезге, жаңа бейнеге, жаңа кейіптерге айналып үлгерген біртұтас зерделі, аңсар-мұратты, ғылыми жетістіктер мен байлықтарды игере алатын құдіретті тіл арқылы ғана мәңгілік тұрақтылығын сақтай алады. Себебі, халық қай деңгейде тілдің бай қоры мен көркемділігін сақтап сөйлейтін болса, соғұрлым өрелі ойлайды; қай деңгейде ойласа, сол аяда сөйлейді.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан «Мен қазақпын» деп бас көтергеннен бастап, арада жиырма бес жылға жетер уақыт өтті. Осы азды көп уақытта еліміз көптеген жетістікке, биіктерге жете білді. Халықтың әлеуметтік жағдайы көтеріліп, заң, өнеркәсіп, ғылым, экономика, денсаулық сақтау салалары өз алдына даму үстінде. Алайда, «Жаман айтпай – жақсы жоқ», – дегендей бүгінгі күннің өзекті мәселерінің бірі – тіл мәселесі болып отыр. Қазақ тілін дамытуда әр сала өз үлесін қосуы керек. Тек сонда ғана әр қазақстандық қазақ тілін игеріп, еркін ойын жеткізіп, сөйлесе алатын болады. Өзіміз ана тілінде сөйлемейінше, өзге ешкім де бұл тілді құрметтемейді.

Елбасы қазақ тілінің ұлтымыздың асыл қазынасы, басты құндылығы екендігін «...әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен!», оның тарихтағы рөлін «...ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі», мемлекеттік деңгейдегі маңыздылығын «мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын Ту, Елтаңба, Әнұран секілді дәл сондай нышан», ел бірлігі мен тұтастығын сақтаудағы әлеуметтік мәртебесін «...біз барша қазақстандықтарды біріктірудің аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді одан әрі дамыту үшін барлық күш-жігерімізді жұмсауға тиіспіз», қоғамдағы қызметі мен

баршаға міндеттелу негізін «Мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік органдарда немесе сот саласында жұмыс істеу мүмкін болмайды», қазақтың намысын жану мақсатында айтылған отты ойларын «...өзіміз ана тілінде сөйлемейінше, өзге ешкім де бұл тілді шындап құрметтей қоймайтынын түсінуге тиіспіз... қазақтың қазақтығының басты белгісі – қазақша сөйлеуі», «...өз тілімізбен өмір сүрейік!» – бұдан артық қалай айтуға болады? Қажет десеніздер, одан да оңайлатып айтайын: «қазақ қазақпен қазақша сөйлессін!», қазақ тілінің айқын келешегі мен алар орнын «... Қазақстанның болашағы қазақ тілінде жатыр. Қазақ тілі әлі бірте-бірте мемлекеттік қызметте, экономика мен өмірдің барлық саласында басымдық танытатын болады» деп көрсетіп, нақты тұжырымдар арқылы атқарылар істің жүйелі де жоспарлы жүргізілуін, басты мақсат-міндеттерін белгілеп берді. Елбасының қазақ тіліне байланысты айтылған орынды сөздері санаға сәуле түсіріп, барша жұрттың қазақ тіліне деген қадамдарын жеделдететін уақыт болды.

Халқымыз тәуелсіздіктің рухани қуатын толық сезінгенде ғана Елбасымыздың «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» деп қойып отырған қазіргі стратегиялық мақсаты күнделікті шындыққа айналары сөзсіз

**Ермекова Жанат**

*«Медициналық – техникалық колледж» ЖШС*

### **БИ-ШЕШЕНДЕР МҰРАСЫНДАҒЫ АР – НАМЫС МӘСЕЛЕСІ, ОТАНШЫЛДЫҚ ТӘРБИЕ**

*In the article talked about education of present generation, to put in the example (personages) of heroes of Kazakh literature- to develop mental flairs, to fasten education of future generation. However, we can not forget a language, poetic art of ancestors. To bring up children and develop their knowledge of a language is the main purpose and idea of the article.*

Әрбір Ұлы дала азаматы жеті атасын білетін, елінің басына күн туса, елін, жерін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғайтын, «сегіз қырлы, бір сырлы» болған.

Халқымыздың басқа құндылықтары сияқты «патриоттық сана- сезімнің қалыптасуы» мен «отаншылдыққа тәрбиелеуді» халқымыздың фольклор секілді асыл мұрасынан да кездестіруге болады. Фольклор – халық даналығы деген ұғымды білдіреді.

Фолькордың бір саласы – шешендік сөздер. Шешендік сөздер ақындық айтыс секілді қазақ ауыз әдебиетінің шешендік ерекшеліктердің көркемдік қасиеттерін көрсететін жанр. Бұл жанрды оқи отырып, қазақ деген халықтың тілінің, сөздік қорының жетілгенін байқаймыз. Сөз қадірі арқылы өз қадірін өлшеген қазақ елі өзін бүкіл табиғат әлемінің құрамдас бөлігі ретінде мойындап, ел арасындағы бірлік пен татулық-әлемдік үйлесімдек қызметін атқарған.

Отан, ел-жұрт алдындағы парыз бен борышты атқаруға мұрындық болатын халықтың рухани құндылықтарының бірі ар-намысы және тілдік қорының жетілгені. Осы тұрғыдан алғанда ар-намыс халқының бойына туа біткен ұлттық әлеуметтік – психологиялық ерекшелік болмысы және ол адамзаттың отаншылдық ойлау жүйесінің негізі болмақ. Міне, осы ар-намысқа негізделген, патриоттық сана-сезімнің тууына түрткі болатын жолдарды би-шешендер сұрасынан кездестіруге болады. Мәселен, ел намысын қорғауға арналған даулардың бірінде Қазбектің қалмақ қонтайшысына айтқаны:

*Біз қазақ деген мал баққан елміз,*

*Бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.*

*Елімізден құт-береке қаппасын деп,*

*Найзаға үкі таққан елміз  
 Ешбір дұшпанғабасындырмаған елміз,  
 Басымыздан сөз асырмаған елміз.*

Тіл мәселесіне келсек, өткір тілді өр мінезі қазақ халқы осындай дау шешкенде шешендік өнерді кеңінен қолдана білген. Таза және мөлдір әдеби тілін қазіргі ұрпаққада, мәңгілік тіл ретінде қалдыра білді.

Шешендік толғаулары жігітін елдің ар-намысын бәрінде биікке қойып, туғып желбіретіп қасық қаны қалғанша жауға қайыспай қарсы шығуға шақырады.

*Май шайнаған билердің,  
 Нанға мұқтаж күні бар.  
 Елден безген залымның,  
 Елге мұқтаж күні бар,*

- деп елден безу, Отанын сату – бұл ең ақырғы адамның ісі екенін, ондай сатқынның басына ертелі-кеш күн туса, туған жер топырағы өз қасиетін көрсететіні ескертеді.

Қорыта айтқанда елін, жерін қорғап қана қоймай тілінде қорғаштаған өр тұлғалы, отаны үшін отқа тіскен «Қазақ» дейтін ұлт тәрбиелейік ағайын.

**2-СЕКЦИЯ:  
XXI ҒАСЫР ФИЛОЛОГИЯСЫНДАҒЫ  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР**

**Өмірхан Әбдиманұлы**  
ф. э. д., профессор  
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ

### «МӘНГІЛІК ЕЛ»– ЕЖЕЛДЕН ӘДЕБИЕТТІҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

*The author considers the notions «national idea» and «eternal country» and their reflection in the works of zhyrau (improvisers, bards) in the Kazakh literature of the Ancient era and the Khanate Age. It analyzes the continuity of traditions, ways of forming the chanting of the national idea. The stand about the community of the national idea and the idea of the eternal country is paid attention. The ancient literary monuments «Kultegin» and «Tonykok» engraved on the stone reflect the peculiarities of the national world outlook, and the folk songs glorify the issues of ethics and morality, the eternal struggle between good and evil. The trends of praising the national idea in the poetry of zhyrau (folk narrators) of the Khanate age are examined and analyzed by comparing.*

*The interconnectedness of the idea of the eternal country («Mangilik el»), proclaimed by the President of the Republic of Kazakhstan, Elbasy N. A. Nazarbayev in his Address, and the literary motifs of chanting the national idea has been researched from the scientific point of view.*

Бағзы заманнан бергі әдебиеттің ұлттық рухын танытар сөз құдіретінің бір арнасы ерлік-елдік ұғымдарымен астасып жатыр. Ұлттың ұлы араманынан қуат алған құдіретті көркем ой-таным қазақ әдебиеті тарихының түркі тектес халықтармен ортақтығының түп негізі болып табылатын ежелгі әдебиет пен қазақ хандығы жеке ту тігіп, өз алдына ел болғалы бергі әдебиеттің барлық кезеңдерінен көрініс тауып отырған. Ел басына қиын-қыстау күн туған небір замандарда тәнге шипа, жанға рух берген ерлік пен елдікті ту көтерген отты жырлар екендігі айдан анық. Олар өз уақытында ғана жырланып қоймай, ертеңге дәстүр қалыптастырды. Ежелгіден желісін тартқан сол жырлардан кейінгі әдебиет үлгі алып, өнеге шашты, тағылым таратты.

Қашанда әдеби шығарма өзегі замана тынысынан, қоғамдық ойға көрік басты идеядан тамыр тартып жатады. Олай болса, идеясыз туынды жоқ. Шығармашылық тұлға – ой таным иесі. Ол өз заманындағы қоғамдық үдерісті ой-сана сүзгісінен өткізбей отыра алмайды. Ендеше таным жемісі – сөз өнер туындысы ішкі болмысқа тән үлкенді-кішілі идеялық жүк арқалап, дүниетанымдық сананың өркен жаюына қызмет етеді.

Мәселен, бүгінгі тәуелсіз Қазақстандағы егеменді еліміздің басты идеясы – «Мәңгілік Ел» – ұлттық идеясы. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық» – деп «Мәңгілік Ел» идеясының халқымыздың сан ғасырлық тарихымен сабақтастығының, руханияттық танымының негізгі ұстанымына айналғанындығының мән-мазмұнын ашып берді. Ал сол сабақтастықтың алтын жұлгесі – ел жадынан өшпестей орын алып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан өнер асылы – әдебиет.

Жалпы ұлт даналығының асыл қазынасы – сөз өнері-әдебиет. Қай халық болмасын өзінің аңсаған арманын, көксеген мақсат-тілегін сөз өнері арқылы айшықтаған. Ал, ел арманының түп қазығы – ел бірлігі, ел азаттығы, ел тәуелсіздігі ұғымдарын тұтатастырған – Мәңгілік Ел идеясы.

Ежелгіден бүгінге жеткен қазақ әдебиеті сан ғасырлар бойы осынау ұлы мақсат – Мәңгілік Ел ұстанымын шығармашылықтың алтын алқасына айналдырып келді. Айналдыра бермек те!



**Гүлдархан Смағұлова**  
ф. э. д., профессор,  
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАЗІРГІ ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

*Basic modern directions of the Kazakh language are using in the article. According to the historical evidences, the language policy of Kazakhs had the system and legislation. Today the correct decision of the language situation in Kazakhstan depends on the educational program of kinder gardens, secondary, high schools.*

Қазақ тілі қазір ғылым мен білімінің, ақпараттың, мемлекеттік ісқағаздарының, әлеуметтік-мәдени қарым-қатынастың тіліне еркін араластын деңгейге толық жетті деп, кесіп айтуға болмайды.

Тарихи тұрғыдан алғанда, қазақтың тіл саясаты мемлекеттік жүйеге түсу кезеңінен-ақ қалыптасқан заңдылық екеніне ешбір күмән келтірмейміз. Қазақ тілінің өз мемлекетіне, өз еліне, өз ұлтына сан-салалы қызмет еткен тіл болғаны оның бүгінгі таңдағы түркі тілдерінің ішіндегі ең бай, ең құнарлы, әрі көркемдігін толық сақтағандығына дәлел бола алады.

Бүгінгі тіл саясатында болашаққа барлау жасай отырып, бүгінгі қоғам өмірінің коммуникациялық актісіндегі мемлекеттік тілдің жұмсалыу ерекшелігіне жүйелі де принциптік түрде қолдау көрсетілмесе қоғамның даму векторына сәйкес қазақ тілінің перспективалық дамуы екіталай. Сондықтан, қазіргі жағдайда халықпен тікелей араласатын алдымен **жергілікті атқарушы органдардың** жұмысы туралы айту керек.

Қазақстанда тіл мәселесінің оңтайлы шешілуі **мектепке дейінгі мекемелер мен жалпы орта білім беретін мектептердегі және жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесіне** де тікелей байланысты.

Тілдің қолданыстық қызметінің негізі – оның жойылып кетпеу қаупіне, өмір сүру ұзақтығына тікелей әсер етеді. Адамның ана тілінде сөйлеуі мен тілді игеру қабілеті жас кезінен басталатындықтан тілдік саясатты осы кезеңмен байланыстыра қалыптастырған орынды. Өйткені ана тілінде ақпарат беретін, білім беретін балабақшалар мен мектептер, жоғары оқу орындары арқылы туған тілде тілдік сана мен тілдік ортаны өз дәрежесінде қалыптастыратыны белгілі. Осыған орай, соңғы жылдары Қазақстан Республикасындағы қазақ тіліндегі мектептер мен балабақшалардың санының артуы қазақ тілінің қоғамдық белсенділігін арттырып, ел аумағында тілдік ортаның қалыптасуына өз әсерін тигізіп келеді.

Қоғам өмірінің барлық саласында толық қанды қызмет атқару мәртебесіне ие мемлекеттік тілдің бір қыры салалық мамандарға арналған терминологиялық лексиканы қалыптастыру мен дамыту болып табылады.

Мәселен, **халықаралық қызметтегі мемлекеттік тіл қолданысы** жақсы нәтижелер беріп келеді. Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту мен дамытуда оның ғылымда, өндірісте, елдің халықаралық байланыстарында қолдану аясының кеңі түсуі тіл үйренушілердің болашақ мамандығымен байланысты екендігін көрсетеді. **Тілді кәсіби дәрежеде меңгеру талабы бірінші кезекте болуы тиіс.**

**Бағдан Момынова**

*ф. э. д., профессор, А. Байтұрсынұлы ат.*

*Тіл білімі институты*

## **СӨЗ МӘДЕНИЕТІ: СӨЙЛЕУ ӘДЕБІНДЕГІ КӨМЕКШІ ҚҰРАЛДАР ҚЫЗМЕТІ**

*There are six types of nonverbal receptions – optokinetics, paralinguistics, ekstralingvistika, proksemika, material and contextual and tactile actions, alfactory. These nonverbal receptions find linguocultural properties. The role of paraelements in spheres of the speech and their transition from one role to another becomes a social habit of the communicant over time. The article is devoted to speech behavior and to role of auxiliary or kinetik means and their types in formation of social habits in communication.*

Коммуникологияның **кинесика** бөлімі бейвербалды коммуникацияда адамның дене мүшелері арқылы жасалатын әрқайсысы белгілі бір мәнге ие қимылдарды қарастырады және олар бейвербалды коммуникацияның бір түріне жатады, бейвербалды коммуникацияның технологиялары көп байқалатын бөлім болып табылады. Осы бөлініс бойынша кинесиканың өзі іштей: ым («мимика»), ишарат («жест»), дене//тұлабой қалыбы («поза») деген түрлерге ажыратылады. Дәстүрлі бөлімге дінге, ділге байланысты және күнделікті тұрмыста орындалатын бейвербалды амалдар кіреді. Ым, ишарат, дене қалыбы арқылы ақпарат жеткізетін мәнді бейвербалды амалдарды сезімге, жан-дүниеге байланысты немесе рухани мәнді семантикалық топтардың ішіне де кіргізуге болады.

Ым-ишараттарға мағынасына, құрылысына, таңбасына, қызметіне, қолданылу ерекшеліктеріне қарай өзіндік классификациясы бар. Мағынасына қарай бөлуді, түрлі сезімкүйлерді жеткізуіне қарай топтауды алғашқы кезекте айту керек. Мысалы, жағымды//жағымсыз сезімдерді жеткізетін бейвербалды амалдар болады. Ал құрылысына қарай кешенді (*ашудан бүкіл денесі қали-қали етіп, даусы дірілдеді; көзін төмен түсіріп, қысыла күлімсереді* т.б.), дара (*жалт қарады, күлімсереді, күлді, қолын көтерді, ернін шығарды* т.б.) параамалдар бар. Қызметіне қарай мағыналық (мағыналық реңктер, омоним, синоним, антоним, көп мағыналы), эмоционалдық (*қуаныш, реніш, шаттық, қайғыру, құсалану*) т.б. деп бөлінеді.

Тіл білімінде қатысымның коммуникативтік құралдарына сөйлеу және бейвербалды түр жатқызылады.

Лингвомәдениеттануда сөйлесушілердің сөз әдебі арнайы зерттеледі. Әрбір этникалық мәдени ортада сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы сөйлеу идеалының қалыптасқан үлгісі болатынын да осы сала зерттейді. Бұл идеал *оқытушы мен студент, әйелі мен күйеуі, әке мен бала, басшы мен бағынышты, жасы үлкен қадірменді адам мен жастың* т.б. арасында, яғни сөйлесудің түрлі сферада өтуіне сәйкес қалыптасқан. Сөйлесу сфералары жартылай ресми, ресми, ресми емес, достық жағдайдағы, т.б. түрде бола береді. Сол сияқты сәби, бала, жасөспірім, оқушы-студент, қызметтік (бастық-бағынышты), ер мен әйел яки гендерлік, маман және маман емес адамдардың түсінісуі кезінде орындалатын бейвербалды амалдар және басқа да әлеуметтік топтар қолданатын бейвербалды амалдар бар. Өйткені, кез келген адам – өмірде, қоғамда белгілі бір рольді орындаушы. Айталық, көлік жүргізушісі, көлікке мінсе – жолаушы; үйде әркім де ата-ана, қызмет орнында маман, қызметкер, саясатта мәртебесі биік – саясаткер, т.б. Осы рольдеріне қарай әркім сөз саптайды, сөйлейді, түрлі дене қимылдарын жасайды, сөйтіп ым-ишараттардың топтары қалыптасады, оларды орындау дағдысы қалыптанады. Адам мәдениеті өскен сайын адамның қарым-қатынас жасау мәдениеті жоғарылай түседі. Ал адамның бір рольден екінші рольге көшуге бейім болуы коммуниканттың **әлеуметтік әдеби** деп аталады. Ал **сөз әдебі** осы әлеуметтік әдептің бір құрамдас бөлігі болып табылады. Ол

құрамдас бөлікке, әрине, бейвербалды амалдар да енеді. Адамның сөз әдебі де, бейвербалды құралдары да, әлеуметтік жіктеліске сай, адамның мәртебесіне лайықты болады. Коммуниканттың әлеуметтік әдебі, басқаша айтқанда, статусы өзгергенде оның ым-ишаратында, дене қалыбында да бірталай өзгерістер болады. О. Бөкей шығармасының кейіпкері бір кездердегі бай Омардың конфискациялау алдында ойында өзгеріс пайда болады. Жазушы өз кейіпкерінің ой-санасындағы толғаныстар мен өзгерістердің сөз әдебіндегі өзгерістерді тудыра отырып, оның дене қалыбындағы, өзін-өзі ұстауындағы, қимылдарындағы ерекшеліктерді қалыптастыратынын былайша суреттейді: «*Ат үстінде үнемі шалқақ отыратын Омар әлде сол сумаңдаған суықтан қорына ма, әлде сүйегі жұқарып қарттық жеңіп, аишутастай уайым еңсесін баса ма, бір уыс болып бүрісіп отыр... Жылқышы жігіттің әсіресе таңданғаны – байдың баяғыдай амандықтан бұрын малды түгендей жөнелетін әдетіне баспай немкетті көңілмен өзіне тесіле қарап, ойланып қалғаны-тын. «Жоқ, бұл баяғы байкең емес, өзгерген, көп өзгерген», – деп ойлады ішінен» (О. Бөкей. Таңдамалы. 2-т., 95-б.). Ым-ишараттардың енді бір ерекшелігі ретінде олардың шығу тегі қимылмен байланысты болғандықтан, этимологиялық болжамдар жасауға мүмкіндік беретінін айтуға болады.*

**Б. Шалабай**

*ф. э. д., профессор, Ш. Уәлиханов атындағы  
Көкшетау мем. университеті*

### **КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУДЫҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ**

*The article deals with different aspects of text study, including stylistic aspect. The logic, psychological and linguistic approaches have created the explanation of any text composition and the main priority positions of scientific searches.*

XXI ғ. адамзат қоғамының алдына жаңа мәселелер қойып отыр. Олар қоғамның барлық жағын қамтиды, солардың ішінде ғылым саласы көшбасшы қызметін атқаратыны ақиқат шындық.

Филология, оның қос саласы тілтану мен әдебиеттану да өзінің басынан жаңа кезеңді өткізуде. Ғылымдағы интеграция (ықпалдастық) мен көп парадигмалылық, әсіресе, осы ғылым салаларынан анық байқалады.

Филология ғылымының өткен ғасырдан жалғасып келе жатқан зерттеу нысандарының қатарында мәтін талдау (мәтінді зерттеу) ерекше орын алады. Кез келген мәтінді зерттеу (ғылыми, публицистикалық, көркем) оны құрушы сөйлемдердің құрылымдық-стилистикалық ерекшеліктерін, элементтерінің байланыстары мен қатынастарының сипатын, контекст пен ситуацияға қатысты ерекшеліктерін ашуға негізделеді.

Осыған байланысты мәтінде көрініс табатын логикалық, психологиялық, лингвистикалық аспектілердің қарым-қатынастарын ескеру қажеттігі туады. Соған орай мәтін композициясын белгілейтін мәтін құрылымындағы логикалық-мағыналық байланыстардың сырын ашудың мәні зор. Бұл мәтіннің композициялық-стилистикалық құрылымын анықтауға алып келеді.

Мәтін талдаудың методологиялық негізін шығарманың өзара диалектикалық қатынастағы формалық жағы мен мазмұндық жағының тығыз бірлігі құрайды. Стилистикалық талдаудың мақсатына орай оларды шартты түрде бөліп алғанмен, нақтылы мәтіндегі олардың өзара байланысуы мен әсерлесуін әрдайым ескеру қажет.

Көркем мәтінді зерттеудің аспектілері көп екендігі белгілі. Олар: лингвистикалық, әдебиеттік, стилистикалық, этномәдени, когнитивтік, психолінгвистикалық т. б.

Көркем мәтінді тарихшы да, философ та, социолог та т.б мамандар өздеріне қажет материалдар алу үшін тексереді. Солардың ішінде филолог маман үшін стилистикалық аспекті ерекше орында тұрады. Ол көркем мәтінді өнер туындысы, өнер құбылысы ретінде алып зерттейді. Күн тәртібінде мұндай зерттеудің әдістемесін жасау өзектілігі тұр.

**Р. Авакова**

*ф.э.д., профессор,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

**Д. Андабаева**

*магистр,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

### КОНЦЕПТОСФЕРА КАЗАХСКОЙ, ТУРЕЦКОЙ, И АНГЛИЙСКОЙ ЛИНГВОКУЛЬТУР

*This article is dedicated to the universal concept of «family» in Kazakh, Turkish and English. Linguistic and cultural analysis of the main concepts of a material and inside worlds of people can create the procedure of an influence of language to a mentality of ethnic groups. Study of concepts describing the spiritual world has the significant interests to each researcher.*

Лингвокультурологический анализ базовых концептов материального и внутреннего мира человека позволяет уточнить степень влияния языка на мировосприятие конкретного этноса или то, каким образом этническая специфика рассматриваемых языков «наслаивается» на универсальные концептуальные структуры. Одним из ключевых концептов мировидения является концепт «семья». При сопоставлении тюркских и английского лингвокультурных обществ целесообразно рассматривать матрицу совпадений и различий на уровне языка как способ выявления национально культурной специфики. Единство семьи и ее локализация эксплицируется на языковом уровне вполне отчетливо. В разных языках «дом» начинает осмысляться как «семья, люди, проживающие вместе».

Основное назначение этой лексемы в сопоставляемых языках: «семья, семейство, родня» (группа людей, проживающих вместе – муж, жена, их дети и родственники). В казахском языке семья: *шанырақ, жанұя*: *шаңырақ көтеру* «образовывать новую семью, обзаводиться семьей» (букв. возводить шатер). В казахском языке лексема *түтін* («дым») также имеет коннотативное значение «семья, очаг», что выражено в таких словосочетаниях как *түтін түтету* «обзавестись семьей, образовать семью». В тур. яз.: *bir aile kurmak* «создать семью, свить семейное гнездо»; *aile yurdu* «родной дом»; в англ. яз. *a happy family* «счастливая семейка, уживающиеся в одном месторождении».

С точки зрения религиозной морали, брак значим во всех трех лингвокультурных обществах. В народном сознании как тюркской так и английской лингвокультур концепт «семья» ассоциируется с жизнью птиц и созданием гнезда: в англ.яз. *it takes two birds to make a nest*; в тур яз. *erkek kuş gezer havayı, dişi kuş uyar uyuayı*. В казахском языке лексема *құс* имеет переносное значение «супруга»: *құсың құтты болсын!* «да будет счастлива твоя супруга!»; *құсың құтты болсын, бауыры сүтті болсын!* «да будет твоя супругасчастлива и быть ей плодovitой!»

Изучение концептов, описывающих духовный мир человека, представляет несомненный научный интерес, поскольку позволяет выявить не только особенности антропоцентризма того или иного языка, но, прежде всего, способствует выявлению универсальных закономерностей отражения в наивной картине мира разных аспектов человеческого сознания.

**Г. Ж. Пірәлі**

*филол. г. д., профессор*

*М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты*

*«Әуезов үйі» ҒМО-ның бас ғылыми қызметкері*

## **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ПОСТМОДЕРНИЗМ ПОЭТИКАСЫ**

(Роза Мұқанова шығармашылығы негізінде)

*It is the essential natural legality, the influence of the society's major political and social changes and their impact on in the spiritual world. Science and technology in the developing world are dominated by the flow of information that extends the horizon of knowledge of art and artistic expression, a new time and space field.*

Қоғамдағы күрделі саяси-әлеуметтік өзгерістер адамзаттың да рухани ілгеруін тудыраы табиғи заңдылық. Ғылым мен техника дамып, әлемді ақпарат ағыны билеген кезеңде сөз өнерінде де көркемдік таным көкжиегі кеңіп, жаңа уақыт пен кеңістік өріс алды.

Батыстан бастау алған модернизм ағымынан соң іле-шала дүниеге келген постмодернизм поэтикасында қоғамдағы көп қыртысты қайшылықтар мен сан алуан көзқарастар қақтығысы, сол сапырылысудың арасында табан астында тапталған құмырсқадай тағдыры тығырыққа тірелген жеке адам санасындағы өзгерістер мен басқа жан байқай қоймайтын ішкі жан әлемі алғы шепке шықты. Міне осынау заманауи тақырыптарды өз туындыларына өзек етіп, өзі өмір сүріп отырған қоғамның тамыры тереңде жатқан қайшылықтарын өз замандастарының тағдыры арқылы зерделеуге тырысқан Роза Мұқанова жаңашыл жазушы.

Шығармашылық ізденісі іркілмей іргелі тақырыптарды зерттеуге табанды тер төгіп жүрген талантты жазушы табиғатқа жасалып жатқан жойқын апат, қастандықтың кесірі жер бетіндегі адамзатқа атылған оқ екендігін ескертіп, әдеби кеңістікке экология тақырыбын әкелді. Оның «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі бүгінгі адам мен табиғат арасындағы тартыстың трагедиялық залалын кішкентай замандасымыз Ләйланың тағдыры арқылы бейнелейді. Адамның рухани болмысын бейнелеуде жаңаша өріс ашқан қаламгер мұнда символдау, бүкпелеу, шизоанализ, галлюцинация, ырықсыздық, тұспалдау, елестету, қиялдау сынды ой толқынын, сезім ырғағын, психологиялық тартыс пен тайталасты өзіне тән мән-мағынасы терең толғаныстармен, өзгеше өң алған тың өрнекті тілмен, өзінше бір ойлы орам, оқшау оқиғамен орайлап айтқысы келетін талап қойған. Кәдімгі күнделікті өмірде көп көріп жүрген оқиғаны көркемдік кеңістігіндегі іргелі рухани құбылысқа айналдырып көрікті етіп кестелеген қаламгердің қаламында сирек кездесетін суреткерлік қасиет бар: «Сарқаншық», «Өзің», «Тұл», «Дүние кезек», «Монастырь», «Қаралы төбе» т.б сияқты шығармаларын оқып көріңіз. Роза Мұқанованың «Құдірет-Кие» жинағындағы әңгімелер жүйесі қазіргі қазақ прозасындағы постмодернизм поэтикасынан, сөз өнеріндегі көркемдік құндылықтардан, тың түрлік, пішіндік, стилдік өрнектердің өрісін танытып, жаңа көркемдік-эстетикалық талғам-танымнан түсінік береді.



**Ш. Қ. Құрманбаева**  
п. э. д., Л. Гумилев ат. ЕҰУ

### **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ МІНДЕТТЕРІ**

*Improving the quality of literary education is one of the main priorities of our country. The basic capital of the society in this era of globalization is becoming the human capacity for creative activity. In this regard, one of the most urgent problems of formation of Kazakhstani society becomes competitive personality, ready not only to live in a changing social and economic conditions, but also to actively influence the existing reality*

Қазіргі таңда отандық білім беру жүйесінің, оның филологиялық жоғары білім беру саласының алдында зор міндеттер тұр. Ол – жаңа заман жастарын әлемдік бәсекеге қабілетті кәсіп иесі, білімді, білікті, құзыретті тұлға ретінде дайындау міндеті.

**Біз шешуге тиісті** филологиялық білім берудің сапасын арттыруға бағытталған бұл міндеттер парадигмасы бүгінгі күнде сапалық тұрғыдан өзгерді, жалпы қоғам үшін ғылыми-теориялық және практикалық маңызы арта түсті. **Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің негізгі бағдары десек**, тіл мен әдебиет мұғалімі, филолог маман егемен еліміздің адам капиталын қалыптастырудағы негізгі күш болып табылады. Тіл мен әдебиетті ұлттан, ұлттық мәдениеттен, ұлт өмір сүріп отырған қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастан бөліп қарау мүмкін емес. Сондықтан оқушылар мен студент жастарды қоғамдық-саяси, рухани-мәдени тұрғыдан дамыту арқылы ұлттық құндылықтарын қастерлейтін, жалпыадамзаттық құндылықтарды бағалайтын, ана тілі мен әдебиетін сүйіп, шетел тілдері мен әдебиеттерін меңгерген, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игерген кәсіби білікті тілдік тұлға даярлау – қоғам қажеттілігі.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі мен тұтастығын берік қалыптастыруда қоғамдық-әлеуметтік пәндердің, соның ішінде филология пәндерінің алар орны ерекше. Еліміздің рухани құндылықтарын бағалауда филология пәндері тәлім-тәрбиелік, көркемдік-эстетикалық, тарихитанымдық маңызды қызмет атқарады. Сол себептен филологиялық білім беру міндеттерінің ең бастысы – ертеңгі күні жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналатын жастардың бойында тіл мен әдебиетке деген махаббат, құрмет, азаматтық борыш сезімдерін ұялату болуы тиіс.

Филологиялық білімді қатысымдық тұрғыда меңгерте отырып, танымдық бағдарлы оқытуды назардан тыс қалдырмау қажет, тіл мен әдебиетті оқи отырып, елтану, ұлттану, этномәдениеттану, құндылықтарды тану, сол арқылы тұлғаның өзін-өзі тануына қол жеткізу – біздің басты мақсатымыз.

Тілдік ғаламдастыру кезеңінде әрбір филолог маман ең алдымен егемен еліміздің үштұғырлы тіл саясатының басты шарттарын айқын білуге тиіс. Көптілді білім беруді енгізудің негізі жоғары оқу орындарында сапалы филолог мамандарды даярлаудан бастап қалануы тиіс.

Соған байланысты жас ұрпақтың санасында өзге тілдің емес, ана тілінің доминантты рөл атқаруына қол жеткізу – басты мақсат болуы тиіс. Тіл экологиясын сақтауда ана тілін шұбарламай, тілдің барлық көркемдік айшықтарын тереңінен қолданып, мәдениетті сөйлейтін, өз тұжырымдарын кез келген ортада жеріне жеткізіп айта алатын оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыру – басты мақсат болуы тиіс.

**Nadežda Christopher**

*PhD Candidate, SOAS University of London*

## **DESCRIBING AND ANALYSING KAZAKH: THE PARTICLE ĞOJ AND WIDER IMPLICATIONS**

*Бұл ұсынымда қазақ тілінде кездесетін «ғой» шылауының қолданылу аясы мен қызметі туралы айтылады. Халық қолданысынан мысалдар айтылып, тілдік сараптама жасалады.*

In this presentation I explore the existing descriptions of the Kazakh particle *ğoj* and demonstrate that despite a number of attempts to define its function, or describe its behaviour in discourse, a thorough analysis has not yet been carried out. This observation has wider implications to which I dedicate the second half of the presentation.

First, I present five sources that define or describe *ğoj*, its meaning and functions. One of these sources is a dictionary, another is a grammar for the Kazakh language learners (written in Russian), one more is a recently published grammar of Kazakh (in English), and the final two are recent PhD theses. I then introduce new data that shows that these descriptions fail to fully capture the true nature of *ğoj*. I propose that *ğoj* is an information-structurally loaded particle, which plays a role in Common Ground (CG) management.

The main purpose of this presentation, however, is not to provide a full description and analysis of *ğoj*, but rather to use it as an example on which to demonstrate the necessity of more in-depth theoretical studies of all aspects of the Kazakh language. I show that by identifying gaps in our knowledge, by considering a wider range of data, and by asking better questions about the nature and the structure of Kazakh we can achieve not just a better understanding of this language, but also contribute to the world's knowledge of Central Asian and Turkic languages. This will also lead to a raise in the status and exposure of Kazakh at the international and, most importantly, at the national level, so that those coming to Kazakhstan from abroad to study the language are not constantly asked 'Why?' by the Kazakhs themselves. Qazaq tili öte ädemi žäne qızıqtı *ğoj*!

**Арай Жундибаева**

*философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор  
Шәкәрім атындағы мемлекеттік университет*

## **МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТІРЕГІ**

*In the article, the Kazakh language's status, role, feature, value, and description are spoken. The Kazakh language as the language of Abylai and Abylkhayir, Tole and Kazybek, Abai and Zharkarym has to save and develop its roots, idea and traditions.*

Қазақ елінің мемлекеттік тілі сан ғасырдан бері қолданылып келе жатқан, қолданыла беретін де, лексикалық қоры бай, терең тіл.

Бұл тіл арқылы тарих жасалған, дәстүр мен салт қалыптасқан. Қазақтың талай тамаша туындылары: әндері мен нақыл сөздері, жырлары мен жұмбақтары дүниеге келген, ауыз әдебиеті үлгілерінен басталған жазба рухани мұрасының негізі осы тілде қаланған. Мемлекеттік тіл – осы елдің тарихын қалыптастырған тіл. Халықтың бүгінгі генерациясына әл-Фараби мен Қашқаридың, Күлтегін мен Қорқыттың шығармаларын ұғындырған тіл.

Ата-бабаларымыздың өзіндік ерекшелігін даралап көрсетер қазақ тілі дегенде кез-келген «ұлттың», «жерім» деген азаматтардың бойында үлкен сезім оянары сөзсіз. Ол сезім бір сәттік емес, себебі ерекше толқу, шексіз сүйіспеншілік – бізге тектен дарыған киелі, қасиетті ұғым.

Қазақ тілі – әлемдегі ең бай, көркемдігі жоғары, кез-келген халық тудыра алмаған фольклорлық туындылары көп, рухани азығы мол, кешегі өткен Абылай мен Әбілқайыр, Төле мен Қазыбек сөйлеген, Абай мен Шәкәрім, Мұхтар шығармалары жазылған қасиетті тіл, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Тіл – ұлттың жаны, идеяның, саналы сезімнің, айтылар ойдың жанды көрінісі. Тіл халықпен бірге өмір сүріп дамиды, яғни тіл әрбір халықтың дербес ұлт екендігінің басты дәлелі. Себебі, әр ұлттың тілі – оның бақыты, тірегі.

Елбасымыз Н. Назарбаев өз сөзінде тілдің коммуникацияның биік құралы ретінде бағалай отырып, Қазақстан халқын біріктіретін ең басты қару деп бағалаған болатын. Бұл статус қазақ тіліне тәуелсіздікпен бірге оралды. Бұл Қазақстан халқын консолидациялауға маңызды фактор болып табылады. Бүгінгі әрбір қазақстандықтың міндеті – мемлекеттік тілді меңгеру.

Туған тіл дегеніміз – Халық. Халық дегеніміз – Ана. Біздер болашақ, өз аналарымыз – халқымызды, тілімізді, туған анамызды құрметтесек, арман- мақсаттарымыз жүзеге асары сөзсіз. Мемлекеттік тіл – қазақ елінің болашағы. Оның кең қолданылуын жүзеге асыруға өз үлесін қосу – әрбір қазақстандық азаматтың міндеті. Талай ұлт пен ұлыстардың тұрақты мекеніне айналған қазақ жерінде түрік тілдес тілдердің ең бай тілі ретінде қазақ тілі мәңгі жасай беруі тиіс.

**Қ. Жанұзақова**

*ф.ғ.д., доцент, ҚызМемҚПУ*

### **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТТАР**

*At the end of the 20th -at the beginning of the 21st century Kazakhstan society enters a new stage of the development. The pluralism in the relation to earlier formed basic categories in a literature science (class character, socialist realism, etc.) opened a way to inconsistent sights in evaluation of history of the modern literature development. Together with change of perception of the literature role in a society, the active attitude to new forms, ways and means of the validity image the new scientific-theoretical approaches and principles of studying of literary process are fulfilled. Revealing of laws of the literature science development, determination of its methodological concepts, theoretical bases and directions of research, achievements and prospects is rather actual problem.*

Мақалада қазіргі қазақ әдебиетінің дамуындағы басым бағыттар белгіленеді. Әдебиеттің даму бағыттары модернистік, постмодернистік ағымдармен тығыз бірлікте қарастырылады. ХХІ ғасырдың басындағы жаңа қоғамдық дәуірге аяқ басқан ұлттық әдебиеттің даму ерекшеліктері айқындалады. Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының басты даму бағыттары ұлттық ғылыми ойдың даму тарихымен және қазіргі әдеби процеспен байланысы бағамдалады.

Орасан зор тарихи өзгерістерге бай ғасырлардың тоғысы – қазақ әдебиетінің даму тарихындағы күрделі кезеңдердің бірі. Бұл тұста әлеуметтік-саяси формацияның, қоғамдық сананың түбегейлі өзгеруіне байланысты қоғамда қалыптасқан эстетикалық идеалдар мен рухани мәдениетіміздегі құндылықтарды қайта қарау, бағалау орын алды. Жаңа қоғамдық дәуір, жаңа тарихи кезеңде ұлттық әдебиеттің даму ерекшеліктерін жаңаша көзқараспен, әділ бағалау үшін қазақ әдебиеті тарихын таптық көзқарастан ада, ешқандай идеологиясыз, таза әдеби, рухани мұра ретінде зерттеу мүмкіндігі туды. Көпғасырлық қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудің басты бағыттары төмендегідей: 1) диахрондық, синхрондық аспектілер тұрғысынан әдеби бағыттардың дамуы арқылы автордың шығармашылық ерекшелігін айқындау; 2) салыстырмалы талдау арқылы әлем әдебиетінің аясында ұлттық әдебиетіміздің ерекшеліктерін айқындау; 3) әдебиетті көркемдік тұтастық ретінде түсіну мен бағалау; 4) әдеби мұраларымызды қайта қарау, бағалау, оның ішінде шетелдегі қазақ әдебиетін зерттеу; 5) әдебиеттің идеялық, эстетикалық ерекшеліктеріне, философиялық мазмұнына назар аудару, қазақ әдебиетін басқа халықтардың әдебиетімен салыстыра талдау.

XX ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Сөз өнерінің қалыптасқан басты ұғымдары (таптық қайшылықтар, социалистік реализм) келмеске етіп, қазақ әдебиетінің тарихын жаңаша бағалау орын алды. Қоғамдағы әдебиеттің атқаратын қызметі, теориялық тұрғылары өзгерді. Бұл тұста әлеуметтік-саяси формацияның, қоғамдық сананың түбегейлі өзгеруіне байланысты қоғамда қалыптасқан эстетикалық идеалдар мен рухани мәдениетіміздегі құндылықтарды қайта қарау, бағалау орын алды. Осы орайда әдебиеттану ғылымының басты даму бағыттарын, заңдылықтарын, оның әдіснамалық тұғырнамасын, теориялық негіздері мен зерттеу аясын айқындау, әдебиеттің көркемдік табыстары мен жетістіктерін зерделеу аса өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

**Көпбаева Меруерт**

*ф.ғ.д., профессор,*

*М.Х. Дулати атындағы ТарМУ*

## **ФИЛОЛОГ МАМАН ДАЙЫНДАУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН АЛҒЫШАРТТАРЫ**

*In this article Problems and Prospects of Philologists' training is provided comprehensively. The opening of an applied philology specialty to increase the importance of the Kazakh language and communication issues analyzed comprehensively.*

Елімізде креативті филолог маманның көмегіне жүгінбейтін сала жоқ. Дегенмен, заманауи талаптарға жауап бере алатын жан-жақты білімді, білікті, коммуникация дағдыларын меңгерген, инновациялық технологияны қолданатын құзыретті мамандар өте тапшы. Аталған мәселені дұрыс шешудің бірден-бір жолы өркениетті мемлекеттердей қолданбалы филологияны жеке сала ретінде қолға алып, мамандар дайындау. Қазақстанда бірлі-жарым оқу орындары ғана қолданбалы лингвистиканы пән ретінде кіргізген және коммуникацияны филологиялық қамсыздандыру тұрғысынан оқытуға баса мән берген. Бүгінгі таңда әлемдік бәсекеге қабілетті кәсіби даярлығы жоғары, өз білімін ұдайы жетілдіріп отыратын, шығармашыл, ізденімпаз, инновациялық даярлығы қалыптасқан ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алатын маман даярлау басымдықтар биігіне көтерілді. Ендеше, құзыретті филолог мамандарды даярлауда қолданбалы филология мамандығын ашуды және батыстағыдай жүйелі жолға қою ісі қазақ тіл білімі мен мемлекеттік тіл коммуникациясының күрмеулі мәселелерінің оң шешімін табуына зор септігін тигізері анық. Қолданбалы филология – заманауи өмірдің барлық саласында лингвистикалық білімін іскерлікпен қолдануға бейімделген филологияның жаңа бағыты. Аталған жаңа сала яғни қолданбалы филология бейіні бойынша маман дайындау бағыттары былайша болып келмек:

- Қазақ және шетел әдебиеті, орыс тілі саласы бойынша терең жалпы филологиялық көптілде білім беру;
- Екі шетел тілін, бір түркі тілін, тереңдетіп оқыту;
- Заманауи коммуникацияға тіл арқылы әсер ету.

Бұл бағыттар қазіргі заманғы талапты яғни тиімді тілдік қатынас заңдарын білуге бағыттайды және әр түрлі жыныс, жас, әлеуметтік қатысы бойынша адамдармен тілдесу ептілігін меңгеруге мол мүмкіндік ашады. Ал біз көтеріп отырған филологиялық және коммуникативтік білім берудің негізінде тиімді тілдік қатынасты меңгеру, осы қатынаста өз мақсатына жету ептілігін қалыптастыру мәселесі өз шешімін табар еді. Филолог-лингвист заманауи қоғамда коммуникация саласындағы жан-жақты филологиялық дайындық пен тереңдетілген курстан өтіп, сұранысқа ие болады. Нәтижесінде коммуникативтік технология саласындағы өз білімін қарқынды дамып келе жатқан еңбек рыногында қолдана алады. Аталған мамандық ашылған жағдайда, Қазақстанда мемлекеттік тіл мәртебесінің құзыреті мен функционалдық проблемалары дұрыс шешімін тауып, туған тіліміздің өрісі кеңейіп, өресін биіктетін аса пәрменді тетіктердің бірі қалыптаспақ.

Жолшаева М. С.

ф.ғ.д., доцент

Сулейман Демирель ат. университет

## СӨЗ БОЙЫНДАҒЫ МӘДЕНИ КОД – ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ

*One of the main factors that contribute in the formation of any nation's culture and worldview is everyday life, environment and lifestyle. In this article, we are discussing linguistic, linguacultural and cognitive aspects of the word 'cauldron' in the Kazakh language. Our main aim is not considering the word 'cauldron' as only a proper noun, in other words not as a lexical unit in the Kazakh language, but to prove it as a linguacultural unit that enlightens thinking, national worldview, and lifestyle.*

Тіл қоғамда ғана емес, жеке субъектінің санасында да өмір сүреді. Тіл әлемі – сыртқы дүние мен адамның ішкі әлемін байланыстырушы. Өйткені тіл – дүниетанымның құралы, ойлаудың ұғым, түсінік, пайымдау секілді түрлерінің объективтенуі. Яғни ойды құраудың және оны сыртқа шығарудың басты құралы; тіл – халықтың өткен тарихы мен мәдениеті, дүниетанымынан маңызды ақпараттарды бойына сақтаған құнды дереккөз.

Кез келген ұлттың тұрмыс тіршілігі, қоршаған ортасы мен өмір сүру салты оның дүниетанымына, мәдениетіне ықпал ететін негізгі фактор. Мақалада қазақ тіліндегі «қазан» сөзі лингвистикалық, лингвомәдени және когнитивтік аспектіден қарастырылды. «Қазан» сөзі қазақ тілінде жай лексикалық бірлік ғана емес, ұлттың дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі, ойлау жүйесінен ақпарат беретін лингвомәдени бірлік те болып табылады.

Сөз бойындағы мәдени кодты анықтаудың **қажеттілігі:**

- «Қазан» сөзінің қатысуымен жасалған тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдердің бойындағы этномәдени семантиканы білу арқылы біріншіден, ұлт мен оның дүниетанымын, ойлау жүйесін, тарихы мен мәдениетін жақынырақ, тереңірек тануға жол ашамыз;
- Тұрмыстық лексикамен, мифтермен, фразеологизмдермен, мақал-мәтелдермен байланысты түсінбестіктен туындайтын сәтсіздіктерді болдырмаудың бірден-бір жолы. Мұның өзі бірнеше жағдайдан көрінеді: көркем туындыны оқу барысында немесе бір тілден екінші тілге аудару кезінде жазушының айтар ойын дұрыс түсінуге мүмкіндік береді; тілдік қарым-қатынас жасау барысында, мәдениетаралық коммуникацияда сәтсіздікке ұшырау ықтималдығы аз болады.

Сөз бойындағы мәдени кодты анықтау үшін:

- ең алдымен *ұғым* мен *концепт* терминдеріне тоқталу және олардың арақатынасын ашып көрсету қажет, өйткені ұғым мен концептінің мағынасы тең емес;
- ұғым семалармен шектеледі, ал концептіде ұғым, мағынадан басқа да танымдық компоненттер болады. Осыған орай *тілдік семантика* және *мәдени семантика* тіркестеріне түсініктеме беріледі;
- «Қазан» сөзі қатысқан қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер мен сөздер, мақал-мәтелдер жинақталып, оларға талдау жасалады;
- Талдау нәтижесінде, қазақ дүниетанымындағы «қазан» сөзінің алатын орны, неліктен бұл «қазан» ұғымы қасиетті саналады? Оның себептері қандай? Ол нендей факторлармен байланысты? деген сауалдарға жауап алынды;



- Қазіргі қазақ жастарының санасында «қазан» сөзі қандай ассоциация тудырады және осы сөздің «қасиетті» деген бағалауыштық семасының туындау себептерін қаншалықты білетіндігін анықтау;
- Алдағы уақыттағы бағыт-бағдары ретінде «қазан» сөзінің бойындағы мәдени кодтың басқа түркі тілдес халықтардың, оның ішінде түрік дүниетанымындағы алатын орнымен салыстыра сабақтастыра қарастыру болмақ.

**Ф. Н. Жұмабекова**

*п.ғ.к, доцент*

*Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ*

### **«МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ МӘҢГІЛІК ТІЛІН» ДАМУЫ – БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ПАРЫЗЫ**

*This article «Eternal eternal language of the country,» the development of kindergartens, schools and attitude toward the native language of the future as the duty of specialists, increasing the responsibility of a number of issues are considered.*

Ел мен Тіл – егіз ұғым. Мәңгілік елдің онымен қатар жасап, бірге дамитын Мәңгілік тілі болуы шарт. Елбасы өз жолдауында мемлекеттік тіл саласында жеткен жетістіктерімізге тоқтала келіп, «енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болады.

*Біріншіден*, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның тазалығын сақтауға тиіс. Ол отбасынан басталуы шарт, бүгінде ата-аналарымыз балабақшаға баласын әкелгенде өздері балаға орысша сөйлеп тұрады, тәрбиешіге «мына балаға қазақша үйретіңіз» деп талап қояды, ол сыңаржак, біржақты болса одан еш нәтиже шықпайды, ана тілінің кәусарынан бала іште жатқанда ауызданып, жүрек тілін-ана тілімен танып барып, жарық дүниеге келгенде ол әрі қарай жалғасын табуы керек.

*Екіншіден*, мектептерде ұстаздар қауымы оқушылардың ана тілінде сөйлеуіне мән беріп, туған тілімізді шұбарлап, басқа тілдің сөздерімен араластырып сөйлеуге жол бермеу керек.

*Үшіншіден*, жоғары оқу орындарында болашақ педагог мамандардың кәсіби даярлығын шыңдауда ана тілінде сөйлеу мәдениетін дамытуға ұдай көңіл бөліп, ана-тілін ардың өлшемі деп танып, тілді шұбарлау-арды шұбарлау, көңіл тұнығын ылайлау деп түсініп, ең жақсы адам – ол өз ана тілін құрметтеген адам деп білсе екен.

«Ана тілімізді – Мәңгілік тіл ету өз қолымызда» – мәңгілік елмен бірге жасайтын мәңгілік тілін дамытуға, ұлы мақсаттарға жетуде еліміздің ертеңіне сеніммен қарайтын мамандар даярлауда рухы биік азаматтар туған тілімізбен бірге жасайтын болсын.

**Гүлжан Досжан**  
*PhD доктор, доцент*  
*Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ*

## **ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ЛИНГВОЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

*In this article the ecolinguistical aspects of modernization of the Kazakh language in the context of globalization is widely analyzed. The author put forward a number of constructive recommendations for development of the Kazakh language.*

Тілдік құбылыстарды зерттеуде соңғы кездері кеңінен қолданыла бастаған лингвистиканың интегративтік бағыттарының біріне лингвоэкология жатады. Жаһандану және ақпараттандыру процестерінің қарқынды жүріп жатқандығын және осы үдерістердің қазақ тілінің лексикалық және терминологиялық жүйесіне әсерін лингвоэкология тұрғысынан зерттеудің маңыздылығын атап өткен жөн.

Шыны керек, қазіргі таңда әлемдік тілдердің, әсіресе, ағылшын тілінің қарқынды дамуы көптеген халықтардың тілдік ортасын тарылтуда. Тіпті, әлемде өз ана тілін жөнді білмейтін, есесіне ағылшынша жетік білетін адамдар саны артып келеді. Бұл үрдіс соңғы кездері Қазақстан қоғамында да байқала бастады. Мәселен, мектепке дейінгі немесе орта білімді орыс және ағылшын тілдерінде алған жастардың кейбірі қазақ тілінде сөйлей алмайды. Осы ретте олардың лексикалық қорында төл сөздерге қарағанда кірме сөздер көптеп кездеседі. Сәйкесінше, мұндай адамдар өзінің ұлттық тілдік-коммуникативтік кеңістігінде шетелдік адамның күйін кешіп, бойына өзінің ұлттық мәдениетіне қарағанда өзі жетік білетін тілдің мәдениетін сіңіріп, осылайша қазақ тілдік ортасына шетел сөздерін күнделікті тасымалдаушы рөлін атқара бастайды.

Тіл білмейтін адамдардың қатары артқан сайын қазақ тілінің қолданыс аясы тарылып, ұлттық тілдік ортаның дағдарысы арта береді. Себебі, қазақ тілін білмейтін қандастарымыз қазақ тілін білетін отандастарымызбен коммуникацияда өзге тілді қолданып, әңгімелесушінің қазақ тілін қолдануына кедергі жасайды. Тұлғалық-психологиялық фактордан туындаған мұндай кері құбылыстар қазақ тіліне өзге тілден кірме сөздердің ассимиляцияланбай енуіне негіз болып, ұлттық тілдің ішкі лексикалық жүйесіне кері әсер ете бермек.

Осы ретте тіліміздің экологиясын сақтап қалу мақсатында әлеуметтік-тілдік кеңістігімізде тереңдеп бара жатқан тілдік орта дағдарысын еңсеру үшін қазақ тілін барынша кең қолдануға, оған деген қажеттілік факторларын арттыруға, төл тілдің әлеуметтік мәртебесін арттыруға мемлекеттік деңгейде шаралар қабылдау қажет.

Қазақ тілін білім беру саласынан, яғни бала-бақшадан бастап, мемлекеттік басқару саласына дейінгі қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолдануды көздейтін кең көлемді лингвоэкологиялық шаралардың нәтижесінде ұлттық тілдік орта қалыптасып, қазақ тілінің лексикалық және терминологиясында кездесетін мәселелер өздігінен шешілері анық.

**Жанар Әбдігаппарова**  
ф.ғ.к., ассистент-профессор  
Назарбаев университеті

## ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ СІЦІРГЕН ЕҢБЕКТЕРІ

*In this article the author addresses the importance of developing the concept of national idea. He discusses the fact that establishing national idea had begun in the period of Turks, that in the beginning of XX century Alash intelligentsia proposed a new way of developing the concept of national idea, additionally the author makes a good reflection on works that Alash intelligentsia made in this way.*

*«Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек»  
Н. Ә. Назарбаев*

Ұлттық идеяны қалыптастыру сан ғасырлар бойы отаршылдық пен тоталитарлық жүйенің езгісінде өмір сүрген халықтың сол жүйенің ықпалымен мәдени деформацияға ұшыраған ұлттық құндылықтарды қайта жаңғырту, жандандыру, мемлекеттік деңгейдегі ұлттық идеяның негізін құрайтын, дінгек болатын руханиятын қайтару, кезінде тыйым салынған халықтың тарихи өткенін тұтастай қайта қарап, жан-жақты зерттеулер жүргізу арқылы талдап, қалпына келтіру секілді міндеттерді өзіне жүктейді.

Еліміз тәуелсіздігін алып, дербес мемлекет ретінде алдымызда тұрған үлкен бір мәселенің бірі – жаңа заман талабына сай, ХХІ ғасырдағы қоғам дамуының сұраныстарына жауап бере алатындай ұлттық идея жасау мәселесі және оның қоғам өміріндегі орнын анықтап, рухани дамуы мен идеологиялық қызметтерін кеңейту қажеттілігі туды.

Жалпы ұлттық идеяның қалыптасуы сонау көне түркі дәуірінен бастау алады. Ғалым Қаржаубай Сартқожаұлының зерттеулерінде: «Осылайша түркі билігін орнықтырып, салтанат құрдық. Аш құрсақты тоқ еттік. Шығай (кедей) халықты бай еттік. Дүйім түрік оғыз халқы, бектері тындаңдар! Қара жер қақ айрылып кетпесе, түрік халқы елінді, билігінді, (мемлекетінді) кім құртады?! Жұдырықтай жұмыл! Өткеніңе өкін! Түрік халқына бірлік, билігіне қанағат, бектеріне нысап керек!», – деп тасқа қашап жазып қалдырғанын айтады. Бұл идея түрік қағанатын орнықтыруға атсалысқан Түй-Ұқық есімімен тікелей байланысты айтылады. Осы ұлт бірлігін, мемлекетінің тұтастығын ұрпақтарына аманаттап, мәңгілікке сақтап қалуды мұрат тұтқанының дәлелі. Содан бері қанша уақыт өтті, небір тарихи жағдайларды басымыздан кештік.

Қазақ халқының ұлт ретінде жер бетінен жойылып кету қаупі төнген ХХ ғасыр басында алаш қайраткерлері ұлттық идея қалыптастырудың жаңаша бағытын ұсынды. Қазақстан Республикасының осы күнгі жерінің тұтастығын сақтап қалуы үшін алаш зиялылары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлімхан Ермековтердің еңбегі орасан зор. Олардың кеңес үкіметі басшыларымен жүргізген келіссөздері кейін Қазақ автономиялық советтік социалистік республикасын құру кезінде елдің аумағын белгілеуде оң нәтижесін берген. Алаш зиялылары мемлекет толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізу керек деп санады. Оны Ә. Бөкейханның «Қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып тоқылып, киілуі керек» деген сөзінен байқаймыз. Әрине экономиканы көтеру үшін сапалы маман керектігін де естен шығармады. «Басқалардан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек! Бай болуға – кәсіп керек! Күшті болуға – бірлік керек! Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек!» деп жазған ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының пікірі бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ. Алаш зиялыларының идеялық мұрасын терең зерттеп, ұрпақ санасына сіңіріп, бүгінгі күннің қажетіне жаратып, болашаққа даңғыл жол сала білсек біз шын мәнінде Мәңгілік ел боламыз.

Ермек Адаева

филол. ғ. к.

Назарбаев университеті

## МӘТІННІҢ ӨМІР СҮРУІНІҢ КОММУНИКАТИВТІ-ПРАГМАТИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

*The premises of cognition and discussion of the text in the universal point of view are comprehended in this thesis. Also, communicative and pragmatic clauses of the life of the text are explained. The new aspects of understanding and accepting the prosaic text and a method of comprehension of the receiver are considered as well.*

Автор – мәтін – оқырман: осы тізбектің негізінде мәтін өзінің толық мағынасына сай құрылады. Көркем шығармада автор – адресант, оқырман – адресат болып табылады. Адресат факторы мәтін теориясында маңызды рөл атқаратын күрделі ұғым ретінде танылады. Ғылыми еңбектерде түрліше аталуының өзі (реципиент, рецептор, интерпретатор, тыңдаушы, аудитория, кодты ашушы, әңгімелесуші, сөйлеушінің серіктесі, екінші коммуникант, тыңдаушы коммуникант т. б.) бұл ұғымның сан қырлылығын көрсетеді.

Аудиторияның мәтінді барынша дұрыс түсінуі үшін адресант ақпаратты жеткізу барысында оқырманның (адресаттың) қажеттіліктерін, мүдделерін, білім деңгейін, әлеуметтік ұстанымдарын ескереді. Сөз субъектісі коммуникативтік ниетін жүзеге асыру үшін мәтін түзбес бұрын адресаттың а) тілдік біліміне, ә) дәстүрлі біліміне сүйенеді. Осыған байланысты мәтіннің прагматикалық сипаттамасын арнайы қарастыру қажеттілігі туындайды.

Мәтінді прагматикалық талдаудағы негізгі мәселе адресанттың прагматикалық ұстанымы десек, психоллингвистика тұрғысынан алғанда мұны ақпараттардың жазбаша мәтінде кодталуы деуге болады. Ал адресаттың мәтінді интерпретациялауы, кодты ашу, яғни мәтіндегі ашық және жасырын түрде берілген ақпаратты дұрыс түсініп қабылдауы болып шығады.

Жалпы мәтінді интерпретациялау (талқылау) дегеніміз – онда қатталған мазмұнды ашу, айқындау. Мұның өзі адресаттың когнитивтік санасындағы білім қорының көлемімен тығыз байланыста ашылатын мәселе. Адресанттың жеткізбек болған түпкі ниеті реципиентке бұрын-соңды белгілі ұғымдарға негізделсе, бұл коммуникация біршама нәтижелі болмақ. Ал ондай сәйкестік болмаған жағдайда оқырманның мәтінді дұрыс интерпретациялауы екіталай. Сонымен мәтінді интерпретациялау үдерісінде адресаттың фондық немесе аялық білім қоры маңызды рөл атқарады.

Аялық білім өз кезегінде пресуппозиция, зейін, түсінілім, қабылдау, ақпаратты кодтау және оны ашу сияқты психоллингвистикалық ұғымдармен сабақтастықта қарастыруды қажет етеді. Адресат мәтінді түсініп, қабылдау арқылы интерпретациялайды.

Бұлардың барлығы қазіргі филологиядағы түбегейлі маңызды мәселелер болып табылады.

Г. Ж. Байшукурова  
к. ф. н., доцент  
КазНАУ

## ВОЗРАСТНЫЕ КОНЦЕПТЫ В КАЗАХСКОЙ И РУССКОЙ КАРТИНЕ МИРА

*The article considered age concepts in Russian and Kazakh picture of the world; revealed the specifics of the Kazakh mentality through the prism of proverbs. In Proverbs, we find the stark reflection of a concept that has developed over time and varies depending on the place, time and conditions of the manifestations of the conceptual entities in the life of the people, certain groups of people, individuals.*

В пословицах русского и казахского языков отражается специфика менталитета народа. Так, множество пословиц построено на бинарной оппозиции «молодость – старость»; пословицы указывают на непримиримость, нежелание представителей разных поколений понять друг друга: *Яйца курицу не учат; Усы пробиваются, а он никак с детством не распрощается.* В казахском языке: *Ата балаға сыншы (Детям судья отец); Жақсы әке жаман балаға қырық жылдық ризық (Отца доброе имя служит сорок лет непутевому сыну).*

В русском языке молодость воспринимается как нечто быстротечное: *«Молодость не кошелек: потеряешь – не найдешь»; «Молодость – пташка, а старость – черепашка»; «Молодость пройдет, как цветок отцветет»; «Молодость ушла – не простилась, старость пришла – не поздоровалась».*

Существуют пословицы, в которых говорится о зависимости старости от того, как проживается молодость: *«Молодому крепиться – впредь пригодится»; «Молодости не возвратить, надо по годам жить.* В казахском языке: *Жас кезімде бейнет бер, Қартайғанда зейнет бер (В молодости дай тяготы, к старости дай ягоды).*

Жизненный опыт пожилых людей зафиксирован в следующих поговорках: *Старого воробья на мякине не проведешь, Старый волк знает толк.* В казахском языке: *Әкенің қадірін – әке болғанда біперсің (Когда отцом станешь, каково быть отцом узнаешь);*

Однако ум от возраста не зависит: *У молодого – сила, у старого – ум; Молодость не в годах, а в делах; Молод годами, да разумен умом; Молод да умен – два угодыя в нем.*

У казахов уважение к старшим формировалось с детства, что являлось естественным ответом на заботу родителей: *Арыстан асқынса, айға шабар, ақымақ асқынса, анасын сабар (Возгордится лев – на луну кидается, возгордится дурень – на мать свою задирается).*

Уважительное и внимательное отношение к женщине также присуще казахскому народу: *Алты ұл туған ананы – ханым десе болады, кезек сыйласқан ағайынды – жаным десе болады (Мать, родившую шестерых сыновей, называй царицей; хорошую родню называй души частицей).*

Таким образом, в пословицах мы находим застывшие осмысления того или иного концепта, сложившегося на протяжении длительного времени и менявшегося в зависимости от места, времени и условий проявлений концептуальных сущностей в жизни народа, отдельных групп людей, отдельного человека.



**С.М. Сапина**  
филол. ғ.к., доцент  
КАЗГЮУ Университеті

### ӨЛШЕМ МАҒЫНАЛЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ

*The given article is devoted to the analysis of understanding the stable expressions from national point of view and their interconnection with philosophy. The strong point of the article is based on the notion that stable expressions are not only the lexical part of the language but also an important figure in understanding cultural ethos. The research is based on the studying M. Auezov's work "The Path of Abai", where the author clarifies the meaning of a phraseological unit, the connection between stable expressions and knowing the nation and shows how rich and full Kazakh customs are.*

Қазақ тілінің фразеологиялық бірліктері ішінде өлшем мағынасын білдіретін фразеологизмдердің табиғаты халықтың танымдық ойлау жүйесімен тығыз байланысты. Қазақтың ежелден келе жатқан ұзындық, қашықтық, салмақ өлшемдері аса қызығушылықты тудыратын, арнайы назар аударатын метрологиялық лексикаға жатады.

Көркем тілді ұтымды пайдалану жазушының сөз қолдану шеберлігіне байланысты екендігін ескерсек, М. Әуезов бұл жағынан әлемге үлгі болатын тұлға екендігі даусыз. Абай өмірі басты тақырып болған М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясы – бейнелі тілдік бірліктерге, яғни фразеологизмдерге толы айрықша еңбек. Шығарма тіліндегі өлшем мәнді тұрақты тіркестерді талдай келе, олардың негізінде төрт түлік мал, табиғи құбылыс атаулары, мал шаруашылығында қолданылатын заттық атаулар жатқаны анықталды. Оны қазақ халқының көне замандардан бергі күн көріс, тіршілік тірегі түгелдей дерлік малмен байланысты болғандығымен, күнделікті тұрмысқа керекті азық-түлік, киім-кешектің бәрін халық осы төрт түлік малдан тапқандығымен, өзі баққан малының қадір-қасиетімен бірге оның сыр-сипатын да жақсы білгендігімен түсіндіреміз. Бір сөзбен айтқанда, эпопеядағы фразеологиялық тіркестер ұлт болмысының құндылықтары мен ерекшеліктерін, дүниетанымын жан-жақты сипаттайды.

Таным – адамның бейнелеу әрекетінің ерекше түрі. Адамның дәлелденген білім алу үшін әлемді және ондағы өзін мақсатты түрде бейнелеуі философия ғылымында таным деп аталады [1, 52]. Таным адамның практикалық іс-әрекетінің рухани жағы болып табылады. Таным – адам арнайы танымдық мәселе мен есептерді қойып, мақсатты түрде қол жеткізетін ақпараттық жоғарғы деңгей. Қазіргі уақытта танымдық іс-әрекет психологияда, жоғары нерв қызметінің физиологиясында, кибернетикада, формалді логикада, тіл туралы ілімде, семиотикада, структуралық лингвистикада, мәдениет тарихында, ғылым тарихында зерттеледі.

Жұмыс барысында ерекше көңіл бөлінген тілдік бірліктер – уақыт мағынасындағы тұрақты тіркестер. Уақыт – материя болмысының формасы [2, 35]. Ол барлық материалдық жүйелердің ұзақтылығын, күй-жағдайларының біртіндеп өзгеруі мен дамуын білдіреді.

Тіл – адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастыратын да, ажырататын да бірде-бір құрал десек, тіл қабатының қалың бөлігін құрайтын фразеологизмдер – қазақ тілінде ойлау мен танымның ерекше бейнелі, эмоционалды-экспрессивтік реңке ие тілдік бірліктері.



**Қоңыратбаева Жанар**  
ф. э. к., профессор м. а.  
Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

## ҰЛТТЫҚ ТОПОНИМИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІ ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫН БАЙЫТУДЫҢ БІР КӨЗІ РЕТІНДЕ

*This article considers the Turkic basis of onyms emerging in the result of toponymization. There are three important processes in the urban space of Astana: 1) process of national transonimization (naming and renaming urban objects using the memorative principle); 2) process of national and cultural revival during the renaming of urban objects; 3) process of national transonomization (transmission of common names into personal). Etymological analysis of the urban space shows that Turkic languages are the main sources of onyms' renaissance.*

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі түйткілді мәселенің бірі – ономастика ғылымының зерттеу нысанындағы онимдер разрядтары (годонимдер, эргонимдер, прагматонимдер, менсонимдер, т. б.) және олардың зерттелу жайы. Себебі қоғамда саяси-экономикалық, мәдени қатынастар динамикасы қарыштаған сайын онимдер табиғаты да күрделене түседі, өзгере, жаңғыра түседі. Сондықтан белгілі бір ономастикалық кеңістікті, әсіресе, қала ономастикасын тілдік-тарихи тұрғыдан, саяси-әлеуметтік тұрғыдан қарастыру аса өзекті.

Зерттеуіміздің мақсаты – Қазақстан Республикасының елордасы – Астананың урбанонимдік кеңістігіндегі топонимизациялану үдерісі нәтижесінде қалыптасқан, яғни, жалпылықтан жалқылық сипатқа өткен атаулардың этимологиялық негіздерін қарастыру. Оның ішінде бастауын түркілік негізден алатын онимдер қатарының кейбірінің шығу тегі жайындағы ғылыми пікірлерді талдап сипаттау.

Астананың урбанонимдік кеңістігінде соңғы жылдары (жалпы Қазақстан Республикасы аумағында) жүріп жатқан ең бір өнімді ішкі ресурстық дамудың бірі – *ұлттық топонимизация үдерісі*, яғни жалпы есімдердің жалқы есімдік сипатқа ие болуы. Топонимизация үдерісінде жалпы есімнен жалқы есімге өткен тілдік таңбалардың лексикалық сипатында өзгеріс жүретіндігі байқалады. А. В. Суперанская бұл жөнінде: «Жалпы есімнен жалқы есімге өткенде тіл бірліктеріндегі жалпылық мағынаның айқындылығы сақталғанымен, жалқы есімнің лексикалық мәні өзгеріске ұшырайды. Ең алдымен оның эмоционалды реңкі редуцияланады» – дейді [Суперанская, 1973, с. 246]. Яғни, жалпы есімдердің о бастағы мағынасы кейінгі орынға шегеріліп, символдық мәнге ауысады.

Астананың урбанонимдік (оның ішінде көше, даңғыл, орам, тұрғын үй кешені атаулары) ансамблінің көп бөлігінің көне түркі тілдік қабаттан құралғандығын көрсетуде біз этимологиялық ізденістерге барамыз. Себебі жалқылық атауға ие болған сөз бірліктерінің тарихи тегін қарастыру, ономизациялауға ұшыраған оның қай мағынасы екендігін анықтау ономастика ғылымы үшін аса маңызды.

Қазіргі таңда Астана қаласында 934 көше, даңғыл, орам бар десек [<http://astana.gov.kz/>], соның 100-ден астамы – топонимизация үдерісінің нәтижесінде атау алғандар, яғни символдық мәнге көшкендер. Жалпы есімнен жалқы есімге ауысқан атаулардың шамамен 70%-дайы түркілік негізден тараған деуге болады. Бұдан шығатын қорытынды, Қазақ елінің бас қаласының урбанонимдік дизайны Қазақстан Республикасының тіл саясаты мен атау беру/қайта атау принциптеріне жауап беретін бірден-бір тарихи-мәдени орталыққа айналып үлгерді. Ал қаланың ішкі нысандарына атау беру заңдылықтарындағы онимдердің қабатын анықтау оларға диахрондық зерттеу жүргізу арқылы одан да терең ашыла түседі деп түсінеміз.

Жұматаева Сауле

ф.ғ. магистрі

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық

қазақ-түрік университеті

## ТІЛ МЕН ДҮНИЕТАНЫМ ТҮТАСТЫҒЫ

*The article is about integrity of language and worldview. The National worldview is a unique phenomenon. It is closely related with the language. Since language is not only a means of communication, as well as a reflection of human nature and culture.*

Қоғамның қай сатысында болсын тіл мен ой бірлігінің егіз дамып, өзара байланысып, ұлттық болмысты айқындап, тілде көрініс табуы заңды құбылыс. Кез келген халықтың этномәдени тұрмысын ұлттық тілдің жетегінде, әлеуметтік мәдениеттің ауқымында, дүниетанымын қоғамдық ғылымдар аясында сөз ету мәселесі тіл білімінде этнолингвистика ғылымында қарастырылғанымен, осы құбылыстың қоғамдағы әлеуметтік мәдени өрісі – лингвомәдениеттанудың еншісіне тиіп отыр. Аталған екі ғылым сағасы бір арнаға тоғысып, тіл мен мәдениеттің шекарасында халық тілі мен ұлт мәдениеті, ұлт менталитеті арасындағы қызметімен сабақтастығы анықталады. Бұл тілдің адамға, оның жан дүниесіне көркем тіл арқылы ерекше әсер ететін эстетикалық қызметімен астасады. Осымен байланысты жеке ұлт тілі ретінде қазақ тілінің дүниетанымдық қызметінің қазақ тілінің негізінде қарастырылуының маңызы, оның ұлт мүддесі үшін қызметі, керісінше, ұлт дүниетанымындағы қасиеттердің, арнайы ұғымдардың ана тіліміздегі көрініс табуы, соның негізінде кейбір ерекшеліктерін, тілдік айналымдағы орнын көрсетіп беру сияқты сұрақтар ауқымын жан-жақты аша түсуді қажет етіп отырғандығы ақиқат.

Ұлттық дүниетаным – қайталанбас құбылыс. Ол сол ұлттың бүкіл бітім-болмысымен, қоршаған ортасымен, менталитетімен, шаруашылық жүйесімен, тіпті, табиғат құбылыстарымен тығыз байланысты. Дүниетаным – тарихи өзгеріп отыратын жүйе. Дәлел ретінде, қазақ халқының дүниетанымының өз тарихында Тәңірлік, Шамандық, Аруаққа табыну, Ислам діні, коммунизм идеологиясымен қатар, қазіргі кезде сырттан келген неше түрлі мәдени ағымдардың, діни ағымдардың ықпалына қалу қаупінде қалып отырғанын айтсақ та жеткілікті. Ұлттық дүниетанымның нәр алатын ортасы, әрі көрінер жері – ұлттық мәдениет. Әр мәдениетте дүние, қоршаған ортаға деген сан қилы көзқарас, түсінік қалыптасады. Мәдениет заманына, дініне, моралдік нормаларына қарай адамға, өмір мен өлімге, адамның іс-әрекетіне, т.б. әр халықтың басында бар негізгі құндылықтарға байланысты өзінің көзқарас жүйесін қалыптастырады. Міне, осы көзқарастың көрінетін, таралатын, сақталатын құралы – тіл. Мұны А. Байтұрсынұлы: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», – деп жазады. Бұл жөнінде белгілі Қазақстан мәдениеттану саласының ғалымдары былай дейді: «Тіл – тек коммуникативтік құрал емес, сонымен бірге адам болмысының, оның мәдениетінің көрінісі. Өйткені мәдениет таңба, белгіден тысқары, яғни тілден тысқары өмір сүре алмайды. Адамды түгелдей дерлік таңбалық әлем қоршаған, өйткені адам болмысының өзі таңбалық, тілдік болмыс. Адам бір мезгілде таңбаны тудырушы да, оны талдаушы да ... Тіл – тек денотативті (белгілі, сигналды) коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге когнатативті (белгілі әлеуметтік – мәдени, идеологиялық мәні бар) құрал. Тілде әр халықтың тарихы, оның өмірі, тіршілігі, шаруашылығымен мәдениеті жатыр». Бұл пікірлер сан ғасырлар бойы ұлттық болмыс пен рухани санаға сай қалыптасқан қазақ тілінің тілдік мұрасы – ұлттық дүниетанымның сақтаушысы, қазынасы ретіндегі қызметін толық делелдейді.

**Ұ. К. Исабекова**  
ф. э. к., докторант  
М. В. Ломоносов ат. ММУ

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНДЕГІ «ҚҰТ» КОНЦЕПТІСІ

*«Qut» lexeme, which has a deep cognitive meaning, is a linguistic unit linking the modern Kazakh language with its origins. In addition, it is the language representative reflecting in the language the archaic Turkic outlook, manifested as the spiritual and material values of humanity and the universe. The views of the Kazakh people, invested in the concept of qut are impossible to fully disclose without cognitive method. Studying the qut concept in the aspect of time, it may be noted that it has had comprehensive development in the Middle Age.*

Тіл – адамдар арасындағы коммуникативтік қарым-қатынасты жүзеге асыра отырып, ұлттың тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінез-құлқы мен салт-санасын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтайтын және дамытатын, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын таңбалық жүйе. Кез келген этностың ежелгі дәуірден бастап, қазіргі өмір сүріп отырған кезеңге дейінгі бар болмысы, дүниетанымдық жүйесі, халықтық рухы әуелі оның тілінде көрініс табады. Сондықтан тіл таңбалық жүйе ғана емес, мәдениеттің де көрсеткіші болғандықтан, лингвистика құрылымдық деңгейде зерттеулер аумағынан асып, тілді диалектика-динамикалық құбылыс ретінде антропологиялық тұрғыдан зерттеу бағытына бет бұрды. Әлемдік және отандық тіл білімінің қазіргі таңдағы дамуы «тілдегі адам факторы» антропологиялық ұстанымды негізге алып, «тіл және адам» бірлігінің біртұтас теориясын қалыптастырды. Антрополингвистикалық зерттеулерде «тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы» ғана емес, сонымен қатар халықтың ой-танымы мен сана-сезімін қалыптастырудың, ақпараттық байланыс пен тұлға аралық келісім мен әлеуметтік қатынастарды құрудың амалы, этностың сан ғасырлық тәжірибесін жинақтаушы, қоғамдық білімін қордалаушы және оны келер ұрпаққа жеткізуші танымдық, этномәдени феномен тұрғысынан сарапталады.

Адам, белгілі бір этногенетикалық қауымдастықтың өкілі, қоршаған ортаны танып-білу процесіндегі танымдық, қоғамдық-мәдени іс-тәжірибесін тілінде бекітіп қана қоймайды, сөз мағыналары және олардың ассоциациялық жүйесі арқылы санасындағы концептуалдық дүние бейнесіне ұлттық-мәдени реңк үстемелейді. Қазақ дүниетанымында кеңі орын алғанын осындай танымдық бірліктердің бірі – құт. Аталған сөзінің мағынасының күрделі құрылымы мағынасын талдағанда міндетті түрде назарға алынатын лексикалық синтагматика, парадигматика және эпидигматика сияқты ішкі және сыртқы семантикалық қатынастардан байқалады. Қазақ тілінің сөздік қорында құт жеке лексикалық бірлік ретінде қолданылмайды, бірақ доминант ретінде тұрақты тіркестер жасауға қатысады. Түркі халықтары дүниетанымының архисаналық кезеңінен бастау алатын құт киелі ұғымы – жалпытүркілік мифологиялық және тілдік сана арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса отырып, халықты адамгершілікке, тазалыққа, әдептілікке тәрбиелеу құралына айналған архаикалық құндылықтар жүйесі. Сонымен қатар белгілі бір дәрежеде ғалам, адамзаттың, рухани және материалдық құндылықтар ретінде қалыптасқан жалпытүркілік архаикалық таным-түсініктің тілдегі бейнесін сипаттайтын лингвомифологиялық, лингвофилософиялық, лингвомәдениеттанымдық және лингвоэтнологиялық мазмұнға негізделген тілдік репрезентант. Қазақ дүниетанымында жан-жақты мәнге ие болған құт концептісі көнетүркілердің мифологиялық дүниетанымының белгілерін молынан сақтап, орта ғасырларда оны әрі қарай дамып жетіледі және дамудың кейінгі кезеңінде жалпыланады.

**Керімбекова Баян**  
ф.ғ.к., С. Демирель  
атындағы университет

### «МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ НЕГІЗДЕРІН БІЛІМ ҮДЕРІСІНЕ ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*The ways of proposing the ideology of «Mangylik yel» to educational process are discussed in the article with the name of to submit the national ideology of «Mangylyk yel». Author deliberated in the sphere of the Kazakh literature. The education is the overfamiliar theme of nowadays educational system. Reason of that author offered to take ideology that the main aim is to teach with the help of «Mangylik yel» ideology.*

«Мәңгілік ел» идеясын білім беру үдерісіне қалай енгізуге болады? Аталған мақалада біз осы мәселені қазақ әдебиеті пәні аясында ғана қарастырып көрмекпіз. Бүгінде ұлттық идеямызға айналып отырған «Мәңгілік Ел» идеясының бастау-бұлағы деп есептелетін жәдігерлерінің бірі – «Орхон-Енисей» жазба ескерткіштері. Аталған жәдігерлерде «Мәңгілік Елге» қалай айналамыз деген сұрақпен қатар, осыны қалай сақтап қаламыз деген сұраққа да жауап бар. 5–7 сыныптарда Орхон-Енисей ескерткіштері «Күлтегін» жырын оқыту барысында жырдың идеясы мен бүгінгі «Мәңгілік Ел» идеясын салыстыра отырып оқытқан нәтижелі болар деп ойлаймыз. Бүгінгі білім беру үдерісінде *кіріктірілген білім* берудің маңыздылығы жайлы жиі айтылып жүр. Осы орайда әдебиетімізді «Мәңгілік ел» идеясымен байланыстыра оқытуды да негізгі мақсаттарының бірі ретінде алсақ деген ұсынысымыз бар.

«Мәңгілік елге» айналу, кемел мемлекет құру, адамның жақсы өмір сүруге деген құлшынысы қай заманда болмасын басты қозғаушы күштердің бірі болған. Платонның «Атлантидасы» мен әл-Фарабидің «Қайырымды қаласы, Баласағұнның Құтты мемлекеті, Фирдоусидің «Сияуыш қаласы, Низамидің әділетті елі, Асан қайғының Жерұйығынан Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әділетті қоғамына дейінгі аралықта бүгінгі күні өзіміз жиі айтып жүрген «Мәңгілік ел» идеясы» көрініс тапқан. Біздің білім берудегі бүгінгі міндеттеріміздің бірі – өмірдің кез-келген ағымына дайын, жаңашыл-шығармашылық тұрғыда пікірлесе білуге дайын интеллектуалды тұлға тәрбиелеу. Демек, Жүсіп Баласағұн шығармаларын «Мәңгілік Ел» идеясымен салғастыра отырып оқыту, біліммен қатар тәрбие беруде таптырмас құрал деуімізге негіз көп.

Көне түркі ескерткіштерінен анық аңғарылатын «Мәңгілік Ел» болу негіздері ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы жыраулар поэзиясынан айқын көрінеді. 5- сыныпта «Асан қайғы аңыздары» атты тақырыпты өту барысында оқушыларға «*Асан қайғының Жерұйықты іздеуіндегі мақсаты не болды деп ойлайсыздар?*», «*Жерұйық*» сөзін қалай түсінесіздер?» деген сынды сұрақ қою арқылы ой қозғап, одан кейін Асан қайғының *мәңгі ел* болуды көксегенін айтуға болады. Сондай-ақ, «Асан қайғыға ол іздеген Мәңгілік елдің» туралы хабарлама жазыңыз деген сынды тапсырмалар беру арқылы Ұлттық идеямызды білім беру үдерісіне енгізіп отырсақ. Сондай-ақ, мектеп бағдарламаларында қамтылған Асан Қайғы, Қазтуған, Бұқар жырау, Жиембет жыраулардың толғауларын бүгінгі күнмен салыстыра отырып, сыни көзқараста оқыту да пән мұғалімінен ізденуді талап етеді.

Қорыта айтқанда, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын білім беру үдерісінде оқып-үйрену – рухани құндылықтар сабақтастығынан тәлім береді.

**Әміржанова Назира**  
ф.ғ.к., А. Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институты

## ПРОБЛЕМЫ КУЛЬТУРЫ РЕЧИ И ЯЗЫКОВОГО ЭТИКЕТА МОЛОДЕЖИ В КАЗАХСКОЯЗЫЧНОМ ИНТЕРНЕТ ПРОСТРАНСТВЕ

*It is definite that million Kazakh language information changers that satisfy the Kazakh internet filled up by different web-sites that answer to social demand year by year. Kazakh internet is giving possibility to increase intellectual potency, extending the area of state language to make connection of native people in distant and near foreign countries in general mass system, but there is a worry about that the users of mass space have not kept the system of orthographic rule of language in connection and there is a wide process of signing the linguistic units according to orthoepic regularities. It is definite that this process influences on coming of «negative graphic portrait» instead of «positive graphic portrait» in linguistic consciousness of Internet users. Therefore, it can be known as an actual problem that needs investigation at present time differences in graphic decoration of written language forming in virtual world.*

Появление всемирной сети как неисчерпаемого источника информации позволило использовать ее не только в качестве инструмента для познания, но и как средство для общения. Казахский интернет способствует поднятию интеллектуального потенциала страны, расширению поля государственного языка, и дает нашим соотечественникам из дальнего и ближнего зарубежья огромную возможность устанавливать связь в общей информационной системе. Несмотря на это, огорчает то, что пользователи информационного пространства не соблюдают систему орфографических правил нашего языка во время интернет коммуникации и поддаются процессу обозначения языковых единиц по орфоэпическим закономерностям. Известно, что этот процесс разрушает «правильный графический портрет» в языковом сознании пользователей интернета и способствует формированию «неправильного графического портрета». Названная проблема культуры речи и языкового этикета на сегодняшний день особо касается молодежи и подрастающего поколения, т.к. именно они являются активными пользователями интернет пространства. В этой связи проблему орфографической, пунктуационной и стилистической неграмотности молодежи, разновидность в графическом оформлении письменной речи, формирующейся в виртуальном мире молодежи, можно рассматривать как актуальную проблему, наиболее нуждающуюся в исследовании в современном мире.



**А. Т. Бокаева**

*ф.ғ.к., Санкт-Петербург гуманитарлық кәсіподақтар университетінің Алматы филиалы*

### **ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА ӘДІСТЕРІ**

*The article deals with the linguistic, statistical and lingvostatistical approaches to literary studies, their contact points and borders. We give the advantages and disadvantages of this study. The study of the quantitative relationship of a literary text makes it possible to simulate its structural and meaningful feature.*

Мазмұнның формасыз, ал форманың мазмұнсыз болмайтыны сияқты, әдебиеттану мен лингвистика бір-бірінен болмайды. Әдебиеттануды мазмұн деп қарастырсақ, лингвистика оның формасы іспетті. Сөз өнерінің көркем шығармаларын жазушы өзіне қажетті мазмұнмен, мағынамен толтырады. Мұнда бәрі эстетикалық сипатта болады, себебі бұл шығармалар, олардың мазмұны өнер заңдылықтарына бағынған.

Көркем шығармаға ерекшелік, жекелік, түсіндіру қиындығы, көпқырлылық, шексіздік, эмоционалды, экспрессивтілік тәрізді құбылыстар тән. Көркем шығармашылық дегеніміз – бейнелілік. Көркем мәтін тұтас бір образдық жүйе болып табылады. Оның құрылымдық және мазмұндық жағы бірыңғай тұтастылық құрайды. Лингвистика үшін мәтіннің тілі, ондағы байланыс қызықты болса, әдебиеттану үшін мәтіннің мазмұны, образдық берілуі маңызды. Көркем шығармада шындық түрленген күйде – бейнелі беріледі. Яғни образ – шындықтың өнердегі түрленген бөлшегі болып табылады. Ал сол образдың көркемдік түрленуі суретшінің жекелігіне, қолданған тәсілдеріне, сондай-ақ оның дүниетанымына байланысты. Образ жасауда суретшінің мүмкіндігі шексіз. Сондай-ақ, образдың тұтастық, динамикалық, жекелік сияқты қасиеттері бар екені белгілі. Ал бұл проблемалар лингвистика саласынан тыс проблемалар.

Әдеби мәтіннің сандық қатынасын зерттеу тілдің құрылымдық, нақтырақ айтқанда, оның мазмұндық қырын моделдеуге мүмкіндік береді. Көркем мәтіннің сандық моделі мазмұн моделімен тікелей қарым-қатынаста. Мәтінде жиі кездесетін сөздің сандық көрсеткіші – сол сөздің мағыналық, мазмұндық көрсеткіші. Егер белгілі бір сөз жиі болса, онда ол мәнді.

Поэтикалық тілдің семантикалық құрылымын статистикалық сипаттама негізінде зерттеуде оны тиісті жалпы тілдік құрылымға қатысты қарастыру жөн. Аталған зерттеу тәсілдері түрлі поэтикалық тілдерді (бір автор шығармашылығындағы түрлі жанрларын) бір-бірімен салыстыра зерттеуге де мүмкіндік береді. Мұнда түрлі поэтикалық жүйелердің қарама-қайшылығын немесе ұқсастығын қарастыруға болады. Аталмыш зерттеу поэтикалық тілдің салыстырмалы жақындығын немесе алшақтығын көрсете алады. Сондай-ақ, осындай әр тілдің семантикалық құрылымы жеке дифференцияланған сипаттама береді.

Әдеби зерттеуде лингвистика, статистика, лингвостатистика әдіс-тәсілдерін қолдансақ, анализ жан-жақты, кең, терең, толыққанды болады. Көркем мәтін, көркем шығарма, жалпы өнер туындысы жиі жағдайда белгіленген заңдарға, қалыптасқан ұғым-түсінікке бағына бермейді. Көркем туынды мазмұны пішінінен асып-тасып тұратын құбылыс. Сондықтан оны белгіленген зерттеу шеңберіне сыйғызу қиынға соғады.



**Какжанова Фазира**  
ф.э.к., КазГУ им.Е.А.Букедова

## К ВОПРОСУ О КАТЕГОРИИ ВИДА В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

*The category of aspect is one of the most complicated problems of linguistics. The definition of traditional aspect 'action occurs at the time or the distribution of the action in time' does not reveal the aspect concept. Some conceptual and terminological confusion led to the opinion that some languages are temporal and some languages are aspectual. There is no the aspect category in the charter devoted to Kazakh verb category meanings in text -books. But the Kazakh language has a set of developed aspects and sub-aspects.*

Категория аспекта является одним из сложных явлений грамматики, до сих пор не нашедших своего однозначного решения. Содержание существующей дефиниции вида как «действие протекает во времени», или «распределяется по времени» не раскрывают суть понятия «аспект». Согласно данному определению, категория вида не имеет самостоятельного значения, так как она создается с помощью категории времени. Если мы примем данное определение, то мы отрицаем дискретное значение шести категорий глагола. Категория вида имеет свое дискретное значение, она выражает внутреннее развитие действия.

Способ действия в славянской аспектологии является искусственно созданное понятие на фоне словообразующих префиксов славянских синтетических языков, «создающий» разновидность вида и не имеющий до сих пор определенный статус в теории вида. Все эти недостатки теории вида прямо и косвенно приводят к терминологическим и концептуальным путаницам.

Казахский язык считается темпоральной, а не аспектуальной, поэтому найти информацию о категории вида казахского языка в разделе о содержании глагола невозможно. Имея глагол, который генерирует шесть значений глагольных категорий (пока известных категорий), включая категорию вида, имея план содержания вида и план выражения (синтетически и аналитически) вида, мы отрицаем категорию вида в казахском языке.

«Отсутствие» категории вида в казахском языке привело к увеличению числа категории времени, вместо традиционных трех времен: настоящего, прошедшего и будущего, число категории времени в казахском языке составляет около тридцати «времен» и они называются временами, а выражают значения остальных категорий глагола: залога, вида, время, а также модальности. В официальных учебниках представлено 7 временных форм. Произошла концептуальная замена категории вида категорией времени.

Казахский язык имеет четыре основные виды: результат, процесс, факт и затыжное действие. И каждый из них имеет подаспект. Каждый аспект имеет план содержания и план выражения. План выражения казахского аспекта синтетически и аналитически.

Три вида: результат, процесс и затыжной вид передаются аналитически и они выражены с помощью деепричастия плюс вспомогательные глаголы. Только план выражения фактивного вида передается синтетически.

**Б. Жылқыбекұлы**

*ф.ғ.к., доцент*

*Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ*

### **ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «ҮЛКЕН» СӨЗІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ**

*In this paper the author is observing the inappropriate way of using the word «huge» during the speech. Furthermore he shows examples of incorrect use of word, which causes the bad influence to the language.*

Қазіргі қазақ тілінде тұрмыста қолданып жүрген қарапайым сөздердің кейбір жерлерле орынсыз қолданылуы көп кездесіп отыр. Мысалы, «үлкен» сөзі бүгінгі ақпарат құралдары мен басылымдарда және күнделікті тұрмыста өз орнын таппай, өгейсіп бара жатқан айдын анық. Мысалы: «үлкен табысқа жетті», «үлкен еңбек сіңірді», «үлкен сахнада өнер көрсетті», «үлкен медаль алып қайтты», «үлкен әсер етті», «үлкен жазушы», «үлкен шара қолданды», «үлкен пікірталас», «үлкен сын айтты», «үлкен сезім», «үлкен рахмет» деген сөз тіркестеріндегі «үлкен» сөзі берілген тіркестерде өз орнын тауып тұрған жоқ. Бұл сөз тіркестерін атам қазақ «зор табысқа жетті», «елеулі еңбек сіңірді», «көрнекті немесе абыройлы сахнада өнер көрсетті», «алтын немесе күміс медаль алып қайтты», «терең әсер етті», «көрнекті немесе әйгілі жазушы», «қатаң шара қолданды», «даулы пікірталас», «өткір сын айтты», «пәк сезім немесе нәзік сезім», «көп рақмет» деп, сөздердің өзара қиылысу қисынына негізделе отырып, қолданбаушы ма еді?! Тіпті, көркем әдебиеттерде «үлкен махаббат пен үлкен жетістік үлкен тәуекелді қажет етеді» деген сөйлемдегі «үлкен» сөзінің өз қисынын таппай, арт-артынан үш рет қолданылуын кездестіруге болады.

Біз сөз етіп отырған «үлкен» сөзі түрлі ақпарат құралдары мен басылым беттерінде осы қарқынмен қолданыла беретін болса, сөздік қорға ерекше бай, шұрайлы тіліміз енді бір аз жыл өткен соң, табиғи түрде солғын тартып, құлази бастайтындығы ақиқат. Сондықтан бұл мәселеге ең алдымен бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істеп жүрген редакторларымыз бен журналистеріміздің ерекше көңіл бөлуі қажет.

**3-СЕКЦИЯ:**  
**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН**  
**ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**  
**МЕН ӘДІСТЕР**

**З. Күзекова**

*ф.э.д., профессор*

*Назарбаев Университеті*

### TEACHING PROFESSIONAL KAZAKH LANGUAGE IN KAZAKHSTAN

*Мақалада кәсіби қазақ тіліне қатысты бірқатар мәселелер талданады: Кәсіби бағытты меңгерту дегеніміз – ғылыми стильді меңгеру болып табылады. Ғылыми стиль тілі – студент үшін таңдаған мамандығын алудың құралы, сондықтан тілдік емес жоғары оқу орнындағы қазақ тілінен сабақ беретін оқытушы сабағында кәсіби бағыттылық айқын байқалуы қажет. Сондай-ақ қазақ тілі пәнінің оқытушысы маман оқытушыны алмастырмауы тиіс. Оның міндетіне экономиканы, химияны, физиканы т.б. ғылыми пән ретінде оқыту кірмейді, оның міндеті осы мамандықтың тілін оқыту болып табылады.*

Kazakh language is the state language; however, because of lack of professional Kazakh language knowledge among different professional areas, it is necessary to teach professional Kazakh language in non-linguistic universities and institutions. This requires us that the knowledge of the Kazakh Language is becoming an integral component of any trade and professions. In order to integrate Kazakh language teaching in different occupations, we have written the first practical textbooks in teaching the professional Kazakh Language. We think Kazakh Language shall be the tool that improves not only the levels and quality of teaching but also students' erudition in their chosen occupations. Teaching professional Kazakh language for different occupations should be done in the following way: work with Unit materials, reading material that improves spoken language, learning professional vocabulary, writing textbooks that improve students' understanding of grammar and vocabulary. The issues of creating professionally oriented language teaching model at non-linguistic educational institutions have become multidimensional, since the main aim of teaching Kazakh language at non-linguistic universities is to form students' communicative, linguistic, cultural, social, methodical, professional competence.

This model requires development of its scientific base, organizational ways, teaching aims, methods and teaching aids, content, and teaching material. Summarizing our experience in this sphere, we suggest the following components to form the structure of teaching professionally oriented Kazakh Language:

1. Aim – identify aims and responsibilities in teaching Kazakh language at non-linguistic educational institutions;
2. Motivation – mastering of the Kazakh language and its practical use;
3. Content – to select the content of the learning materials;
4. Process – choose the teaching form, teaching methods;
5. Monitoring (control) – evaluation;

In accordance with state educational standard, non-linguistic university students must be able to perform their communicative duties in Kazakh language: in learning area (lecture, seminar, practical lessons, consultation, tests, examination, and library); in educational scientific and professional area (scientific research council, scientific practical seminars, conferences, discussion of course work, thesis).

**Қ. Қадашева**

*п. э. д., профессор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері.  
Тұран-Астана университеті*

**Ұ. Асанова**

*п. э. к.,  
Л. Гумилев ат. ЕҰУ*

**С. Омарова**

*ф. э. к., доцент,  
Тұран-Астана университеті*

## **ҚАЗАҚ ТІЛІН ЕКІНШІ ТІЛ РЕТІНДЕ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ (БАҚ МАТЕРИАЛДАРЫ) ТИІМДІЛІГІ**

*The issues of Information and Communication Technology in teaching Kazakh as a second language that contribute to preserve the learning information, to form the skills and habits of communication, the ability to express own opinion on different themes are submitted in the paper. The material used in writing the tutorial is chosen according to general program approved by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan and according to the topics of B<sub>1</sub>-B<sub>2</sub> levels.*

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бері қоғамның түрлі салаларында белсенді қолданысқа ие болып отырған ақпараттық-коммуникациялық технология бүгінде білім беру саласына да енгізіліп отыр. Бұл үрдіс қазіргі заманғы жаңаша ойлайтын жастарға үлкен ықпалын тигізуде.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны тіл үйрету үрдісінде ұтымды қолдану тілдік тұлғаның санасына үлкен әсер етіп, оның ақпаратты қабылдау мүмкіндігін арттыруға, тіл үйренуге деген қызығушылығын оятуға септігін тигізеді.

Тіл үйренушілерге еліміздің орталық басылымдарынан алынған ақпаратты (мультимедиалық, анимациялық, аудио және бейне) экран арқылы таныстыру – ақпараттық-коммуникациялық технологияның тиімді тәсілдерінің бірі.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту үдерісіндегі «Тілді үйретудің диалогтік технологиясын» педагогикалық процесте пайдалану тіл үйренушілердің оқу ақпаратын есінде ұзақ сақтауға және оны меңгеруге, сондай-ақ білім, дағды, білігін қалыптастыруға, ең бастысы саяси, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық тақырыптарға қатысты сұрақтарды талқылауға және пікір алмасуға мүмкіндік береді.

Бұқаралық ақпарат құралдары материалдары – тіл үйренушінің тілдік және ауызша сөйлеу дағдысын белсендіретін басылым. Оқыту пәнінің мақсаты – қазіргі заманғы БАҚ материалдарын (газет-журнал бетінде жарияланған, теледидардың ұлттық арналарында берілетін ақпараттық жаңалықтар) қолдану арқылы тіл үйрету.

Газет-журнал, телехабарлар – өмірдің негізгі бұлжымас қоғамдық тармағы. Олай болса, БАҚ ақпарат жеткізудің мол қайнар көзі ретінде тіл үйренушінің қатысымдық және елтанымдық күзіретін қалыптастыратын тілді оқыту мазмұнының бір бөлігі болмақ.

Мақала авторлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014 жылғы Жалпы білім беру пәндері бойынша пәндердің типтік оқу бағдарламалары негізінде бекітілген «Қазақ тілі» типтік оқу бағдарламасына сәйкес ЖОО студенттеріне арналған оқу құралын жазды. Оқу құралын жазудағы басты мақсат – іріктелген мәтіндер негізінде саяси-қоғамдық,



тұрмыстық-мәдени аяда жылдам қарым-қатынасқа түсуге қажетті дағды мен білікті қалыптастыруда инновациялық технологияның тәжірибеден алынған оңтайлы шешімдерін көрсету.

Оқу құралы мазмұнын құрайтын материалдар – Қазақстанның басылымдарында жарияланған газет жанрлары, яғни сұхбаттар, мақалалар, тілші шолулары («Қазақ тілі» типтік оқу бағдарламасына сәйкес берілген  $V_1 - V_2$  деңгейлер тақырыптары бойынша) мен ұлттық телеарналардағы хабарлар, теледидар репортаждары мен сұхбаттар, түрлі айдарлармен берілетін қысқа интервьюлер.

Тілді оқыту материалдары – оқу кешенінің құрамына енген «Қазақстанның ұлттық телеарналарының ақпараттық хабарлары» (заманауи 30 түпнұсқалық бейнекөрініс) мен «Қазақстанның орталық басылымдар материалдары» оқу құралдары.

Бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын, отандық телеарналарда берілетін ақпараттық хабарлар және анимациялық фильмдерді базалық деңгейде (типтік бағдарламаға сай) меңгертудегі басты мәселе – олардың тілі мен жанрының әртүрлілігі.

Тіл үйренушінің ауызша сөйлеу дағдысын белсендіретін ресми жарияланған түпнұсқалық мақалалар мен ақпараттық хабарларды оқу, сондай-ақ ақпаратты қабылдай отырып, сөздік қорын байыту – ауызша сөйлеуге дайындаудың алғы шарты болмақ.

Оқу құралы мазмұнын құрайтын мұндай тапсырмаларды түрлі жанрдағы ақпараттық құралдар мәтінін түсіну және қабылдау арқылы тілді үйретудің негізгі әдістемелік өрнектер бірлігі деп айтуға болады.

**Оразалиева Э.Н.**

*ф.ғ.д., профессор*

*Назарбаев Университеті*

## **PROFESSIONAL DIRECTION IN THE KAZAKH LANGUAGE LEARNING SYSTEM**

*Кәсіби қазақ тілін оқытуды Қазақстан Республикасында бекітілген стандарт пен типтік бағдарламаға сәйкес модельдеу, оның негізгі компоненттерін сипаттау және шетелдік тәжірибелерді жергілікті сұраныс деңгейіне бейімдей отырып, қолдану бүгінгі күні білім берудің өзекті бағыттарын құрайды. Кәсіби қазақ тілін оқыту барысында назарды тек кәсіби лексикаға аудару жеткіліксіз, себебі кез келген мамандық иесі кәсіби біліктілікті тілдік қатынас негізінде дамыту, академиялық ізденіс дағдыларын тіл арқылы қалыптастыру мақсаттарын көздейді. Бүгінгі күні кәсіби білім беру мен кәсіби тілдік құзыретті қалыптастыру шарттарын ажырата білу аса маңызды.*

The actuality of the title is the unification and introduction into the scientific and methodological turnover of the concept of professional Kazakh language as an independent linguistic and pedagogical direction with its teaching methods and technologies. The political, socio-economic and cultural changes, including in the field of education have changed the role of the Kazakh language in Kazakhstani society. Since independence, acquiring the status of a state language of the discipline it has become a basic (or mandatory) element of a modern education system. It should be noted over the years it has been done by scientists of the Kazakh language teachers. Modern reality requires specialist training as a subject of a professional sphere, the competitive labor market in Kazakhstan.

A mandatory condition for the formation of this quality is the possession of a professional Kazakh language. The components of a professionally oriented education should become a point of support of language competence. Studying the world experience, there is a need for an analysis of language

education at the intersection of a linguistic, pedagogical and andragogic model. In this context, we examine the experience of teaching the language of the material, taking into account the following principles: a participatory and self-education, organizing and updating the results and selectivity and consumption. Particular attention should focus on the acquiring of skills of professional competence through the prism of language communication, verbal skills, and result-oriented presentation. As an example the process of teaching the Kazakh language (KL) for students of Nazarbayev University will be considered. The Professional-oriented training is based on the reading of the literature on the specialty, the study of professional vocabulary and terminology, and to communicate in a professional field. Professionally-oriented approach towards learning KL supposed the formation of students' ability to communicate in specific professional, business and scientific spheres and situations, taking into account the peculiarities of professional thinking, the organization of motivational and incentive and orienting-research activities.

**Б. Б. Жахина**

*п. э. д., профессор*

*Ш. Ш. Уәлиханов атындағы*

*Көкшетау мемлекеттік университеті*

### **КОНСТРУКТИВТІ ТЕОРИЯЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ МӘНІ**

*In summary describes the importance of constructive theoretical training in the formation of an independent research and thinking of the student based on theoretical problems of literary language. The method based on constructive learning theory develops not only the knowledge and skills of students and the teachers but also affect to the list of specially organized tasks.*

Әдеби тілге қатысты зерттеу еңбектердің бәрінде оның мәнін айқындап, өзіндік белгілерін саралап, тарихына қатысты негізгі мәселелердің басын ашып, ғылыми тұжырым жасау үшін әдеби тілдің өзін, оның өзіндік белгілерін анықтап алу қажет делінеді. Себебі әр кезеңдегі әдеби тілдің қалыптасып дамуы, тілдік заңдылықтарының нормалану процесі, әлеуметтік қызметі қандай? Оны танытатын үлгілердің мазмұндық сипаты қандай? деген сауалдардың жауабы әдеби тілдің анықтамасымен тікелей байланысты. Әдеби тіл деген ұғымды әр түрлі түсінудің салдарынан зерттеулерде оған қатысты проблемалық мәселелер әрқалайша баяндалып жүр.

Ал оның теориялық негізін айқындауда конструктивті теориялық оқытудың мәні зор. Конструктивті теориялық оқыту әлемдік деңгейдегі оқыту әдістерінің қатарына кіреді. Бұл теория білім алушының өзіндік ойлауын дамыту, қалыптасқан білімдерінің жаңа дерек көздерінен алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді.

Дайын білім беруге негізделген әдіс – студенттің қабылдаған өзге білімдерімен сіңісе алмайды, содан механикалық есте сақтау, үстірт білім алу орын алады. Конструктивті теориялық оқытуға негізделген метод студенттің әрі оқытушының білім-білігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастырылады. Мұндай міндеттер студенттің нақты тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір теориялық көзқарастар бойынша ойларын білдіре алатындай, өз пікірлерін нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін байытуға сай құрылады.

Конструктивті теориялық оқыту – сындарлы оқыту деп те аталады. Ол студенттің ғана емес, оқытушының да көзқарасын, нақты тақырыпқа қатысты басқа да ғылыми көзқарастарды қамтиды.

Конструктивті теориялық оқыту – метатануға негізделеді. Метатану – өздігінен білім алуға үйрететін тәсіл. D. Schunk, B. Zimmerman білім алушының өз ізденісін қалыптастыруға үйрететін тәсіл екендігін айтады.

Оқытушы оқыту үдерісін студент бағдарламаның мазмұнын игеріп қана қоймай, оқуға деген өз қабілетін дамыта алатындай сипатта әзірлей алса, бұл өздігінен оқуға мүмкіндік береді. Мәселен, әдеби тілдің анықтамасына қатысты ғылыми көзқарастарды мазмұнына қарай топтай алуға, әдеби тілді жазумен байланыстыратын ғалымдардың көзқарастарына қарсы нақты теориялық дәйектемелер негізінде өзіндік уәждерін айтуға үйретуге болады.

Метатанудың потенциалдық негізі студенттің ойлау, іздену, өздігінен оқу, қабылдаған білімін өзгерту қабілетін дамытудан тұрады.

Метатану әдістерін игерген студенттер оқыту мен оқудың жағдайында оқытушымен тең әрекеттеседі. J. H. Flavell, осыған орай, метатанудың өзін ізденуші деп білу, мақсат, тапсырмаларды түсіну, тапсырманы орындауға қажетті стратегияларды таңдай алу сияқты құрылымын көрсетеді.

**Иманбердиева С. Қ.**

*ф.ғ.д., профессор*

*Алматы менеджмент университеті*

### **КЕЙС ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

*This article describes the case study method in effective teaching Kazakh language. Alongside with the case study implementation was done the analysis of the Zhambyl Zhabaiyevs poems. The case study can be effectively used in teaching the course relating to the Kazakh national traditions.*

Педагогикалық үдерісте кездесетін жағдаяттарды әлде туындаған мәселелерді шешудің тиімді технологиясының бірі – кейс әдісі. Кейс әдістердің болмысы келесіде анықталады: шыннайы өмірде орын алған проблема көрініс тапқан нақты жағдаят мәтінде беріледі; оқытушы жағдаятты жан-жақты түсіндіреді және сол жағдаят негізіндегі проблеманы шешуде неге көңіл аудару керектігі бойынша нұсқаулық береді; студенттер жағдаятпен жан-жақты танысып, құрылған топта оны талдайды; топта жағдаятта берілген проблеманың шешімін табу жолында әртүрлі идеялар туындайды, топтың әр мүшесі өз ұсыныстарын айтып, оны негіздеуге мүмкіндік алады; топта қабылданған идеялар бүкіл аудиторияға арналған тұсаукесерде көрініс табады, әр топ өз шешімін ұсынып, өз ұстанымы мен дәлелдерін келтіреді; барлық топтың тұсаукесерінен кейін пресс-конференция жүргізіледі, мұнда бірнеше тұсаукесер негізінде жасалған ұсыныс, дәлелдерін ортаға салады.

Оқу үдерісі оқытушы берген және жағдаятты ұғыну үдерісінде дамитын оқу-танымдық проблемалық жағдаяттарға айналады. Мәселен, Жамбыл шығармашылығы бойынша жағдаяттық тапсырмалар беруге болады.

Берілген танымдық сұрақтар негізінде студенттер Жамбыл шығармашылығын жете танып қоймайды, сонымен бірге оның шығармашылығының сол заманға сай кодын анықтайды, әрі өлең жолдарында сипатталған жағдайлардың басқаша өрбіген кезде, заманның басқаша өзгеру мүмкіндігіне шығармашылық болжам жасайды.

Авторлардың пікірінше, кейс әдістердің студенттердің тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға негізгі әсерін анықтауға болады. Жамбыл шығармашылығы бойынша жағдаяттық тапсырманы зерттеп, тұжырым жасауға болады. Онда мынадай көрініс қалыптасады:

- лингвистикалық: Жамбыл шығармашылығы негізінде теңеулер, мақал-мәтелдер, прецедентті есімдер, фразеологизмдер т.б. тілдік бірліктер игеріледі;
- мәдениаралық: өзге ұлт аудиторияларында Жамбыл шығармашылығы арқылы қазақ мәдениетінен хабардар ету, парасаттылық дағдыларын қалыптастыру, тіл иелерінің әлеуметтік жүйесімен таныстыру (мәселен, Жамбыл заманындағы кезеңмен қазіргі кезді салыстыру);
- дискурстық-стратегиялық: тапсырмаларды талдау барысында жағдаяттың өзгеруіне қарай өз пікірін білдіруі, дискурсқа ену қабілетін қалыптастыру;
- ақпараттық: жағдаятпен танысу барысында танымдық сұрақтарға жауап беру үшін студенттер тілдік, әлеуметтік-кезеңдік, мәдени ақпараттарды қалыптастырады, соның негізінде жағдаяттың басқаша өрбуіне қарай басқа ақпараттармен алмастыруға дағдыланады. Мәселен, бай – жомарт, кедей – сараң болғандағы жағдай;
- лингвокәсібилік: осындай жағдаят негізінде таза кәсіби лингвист болмаса да, өз мамандығына сай тілдік бірліктерді орынды қолданып, коммуникацияға түсе алады;
- уәждеме және тұлғалық кәсіби сапасы: өзінің ой-пікірінің дұрыс екендігіне материал негізінде уәж келтіре алуы, мәдени ақпараттық негізінде толеранттық қасиеттің қалыптасуы, жеке дара өзіне ғана тән стиль негізінде жағдаяттағы проблеманы ретке келтіре білуі.

Белсенді оқыту әдістері педагогикада ең негізгі инновациялық бағыттардың біріне айналуы мүмкін. Белсенді оқыту әдістері дегеніміз студенттердің танымдық әрекетін ширататын, шығармашылық және кәсіби ойлау қабілетін туындалатын әдістер жүйесін айтамыз.

**Ж. Т. Дәулетбекова**  
п. э. д., профессор  
Абай атындағы ҚазҰПУ

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ СЕРПІЛІСТЕР ЖАСАУДЫҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

*In the article the innovative new directions and its opportunities are discussed. Today, the formation of a multilingual person is important to note the dominant role of the Kazakh language, especially in the system of continuous education of the Republic of Kazakhstan. The main trend will be based on the principle that new innovations should not be contrary to the development of the country's national traditions and foundations.*

Жаһандану жағдайында ұлттың тәуелсіздігі мен рухани құндылықтарын сақтаудың тетігі – тіл. Тіл адамзаттың табиғи болмысымен бірге жаратылған күрделі құбылыс болғандықтан, әр ұлттың дүниені қабылдау, тану, талдау, бейнелеу көрсеткіші болып саналады. Әр ұлттың өз рухани болмысы, өмір сүру салты, жан дүниесі, тарихы мен тегі тіл арқылы жалғасын табады. Осы қасиеттер тілдің ұлт тағдырындағы орнын айқындайды. Сондықтан тілді таныту мен меңгерудің заманға сай жетілдірілуі ұлт тағдырының шешілуіне, ұрпақтың рухани салауатты болуына кепілдік береді.

Бәсекелестік өмір салтына енген бүгінгі ғаламдану үдерісінде «Мәңгілік елдің мәңгілік тілін» сақтау мен «Ұлы Далаға» иелік ету мәселесінің шешімі жас буынның өз тіліне деген қатынасына тікелей тәуелді. Сондықтан көптілді меңгерген тұлға қалыптастыруда қазақ тілінің доминанттық рөлін күшейту талабы Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде бұл пәннің оқытылуында инновациялық серпілістер жасауды қажет етіп отыр.

Өкінішке орай, қазіргі таңда инновациялық серпіліс жасау ұғымын басқаша түсіну етек алып тұр. Бүгінгі өркениетті елдердің білім саласын дамытудағы басты тенденциясы – **инновациялардың енгізілуінің елдегі ұлттық дәстүрлерге және ұлттық негіздерге қарсы келмеуі**. Бізге де дәл осы ұстанымды басшылыққа алу қажет. Әсіресе, ұлттық тіл, діл, рух қалыптастыратын гуманитарлық пәндердің білім мазмұнына келгенде аса сақ болу керек. Мәселен, қазақ тілін, әдебиетін, тарихын оқытуды жаһандануға ыңғайлаудан гөрі, керісінше, бұл пәндерді сол жаһанданудың түрлі қауіп-қатерінен сақтайтын рухани-мәдени иммунитетті күшейтетіндей бағытта жетілдірудің жолдарын іздеу – міндет, табу – мұрат.

Өзгермелі дүниенің дүрбелеңін желеу етіп, жыл сайын білім мазмұнын, жүйесін «жаңарту» әдетке айналып барады. Жыл сайын оқу бағдарламаларын өзгерту, соған сай «жаңа» оқулықтар жазу білім жүйесінің дамуына оң ықпал етпейді. Керісінше, жүйеден жаңылдырып, түсініксіздікке әкеледі. Ал мұның барлығының зардабын алдымен бала, мұғалім мен мектеп, білім беру жүйесі тартады. Әрине, жаңарту қажет. Бірақ ол бел ортадан киіп кетпей, әбден зерттеліп, зерделеніп барып жүзеге асуы тиіс. Оқу жүйесіне қатысты өзіміздегі ізгі дәстүрлеріміз бен ұлы тұлғаларымыз бекіткен қағидаларды білім берудің жаңа тенденцияларымен, әлемнің сыннан өткен озық тәжірибелерімен ұштастыру ғана алға жылжуымызға мүмкіндік береді. Бұл жерде бізге керегі жалаң декларация тұрғысындағы үгіт-насихат емес, «Мәңгілік елдің» мәңгілік діңін берік ететін жас ұрпақтың бойына өмірлік дағды мен бәсекелестікке бейімділік қабілеттерді дарыту. Инновациялық серпілістерді ұлттық құндылықтарымыздың ішкі қуатын жандандырып, білім беруді жаңартуға негіз болатын тетіктерін табудан бастау ләзім.

**А. Ф. Зейнулина**

*ф. з. к., профессор,*

*С. Торайғыров атындағы*

*Павлодар мемлекеттік университеті*

## **ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕСІ**

*The given thesis analyses peculiarities for training Kazakh literature under globalization. The instructor has to disclose the essence of such directions as the traditions of the Kazakh people, the types of national education, homeland, culture and way of life of the Kazakh people, historical personality, literary personalities, history of the country, the language, the mentality, the spirit.*

Ұлттық тәрбиенің қайнар көзінің бірі – ұлттық мүдде. Ұлттық мүдде дегеніміз – сол ұлттық рухани, әлеуметтік, қоғамдық дамуында шешуші роль атқаратын оның басты белгілері. Бүгінгі күні қазақ халқының мемлекет құрушы ұлт ретіндегі басты мүдделері – тәуелсіздігіміздің нығаюы, жеріміздің тұтастығы, тіліміздің дамуы, дініміздің сақталуы, салт-дәстүріміздің, тіліміздің өркендеуі. Сондықтан осындай ауыр жүк арқалаған ұлттық мүддемізді болашақ жас ұрпақ бойына сіңіру ұстаздар алдындағы абыройлы міндет. Қазіргі кезде еліміздің білім беру ісінде түбірлі өзгерістер болып жатқаны мәлім. Ал бүгінгі таңда білім ордасының, мұғалімнің ең қасиетті міндеті-рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлғаны қалыптастыру. Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, мәдениеті, өнері және шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық құндылықтарды бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі білім берудегі озық ұстанымдармен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашып, өзіне-өзінің сенімін нығайтып, өзіне жол ашуына түрткі жасауымыз қажет.

Келешекте біздің еліміз басқа тәуелсіз елдермен терезесі тең болып өмір сүруі үшін қазақ балаларын ешкімнен кем қылмай, білім беру кеңістігінде жан-жақты білімді, тәрбиелі



етіп шығару үшін ұстаз ұлттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып тәрбие жұмысын жүргізген абзал, пәнді де ұлттық құндылық мазмұнымен оқытуымыз керек. Жас ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесі бар екені даусыз. Сондықтан сол мол тәжірибені пайдалануға тырысып, ең бірінші жаны таза, рухани биік, адамгершілігі мол, халқына пайдасын тигізетін адам тәрбиелеу – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің міндеті. Пән мұғалімі мынадай ұлттық құндылықтар негізінде тақырыпты игерту қажет:

- Қазақ халқының салт-дәстүрі
- Ұлттық тәрбие түрлері
- Туған жер, Отан, Қазақ Елінің тұрмысы мен мәдениеті
- Тарихи тұлғалар, әдеби тұлғалар, ел тарихы.
- Тіл, діл, дін, рух, атамекен хақында.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің дидактикалық негіздерін анықтауда *жалпыдидактикалық мына ұстанымдар* басшылыққа алынады: Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқытудың **ғылымилық** ұстанымы; **жүйелілігі және жоспарлылық** ұстанымы; **оқушылардың саналылығы мен белсенділігі** ұстанымы; оқытудың **қолжетімділік** ұстанымы; **пәнаралық байланысы** ұстанымы; **көрнекілілігі мен инновациялылығы және тәрбиелік** ұстанымы. Қазақ әдебиетінің барлық жанр бойынша берілетін білім мазмұнын анықтау және оны оқыту әдістемесі бойынша алда тұрған міндеті ретінде әдебиетте таңбаланған қазақтық әлеуметтік мәдени кодтарды меңгерту; әдеби шығармаларды талдаудың жаңа ұғымдық аппараттарын қалыптастыру.

**Т. Ермакова**  
*ф. э. д., профессор м. а.*  
*ҚызМемПУ*

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮЙРЕТУДЕГІ КОММУНИКАТИВТІК ӘДІС ПЕН ДІТТЕМНІҢ МАҢЫЗЫ

*In this article is identified and analyzed the problems of studying the state language and also is defined the role of communicative methods and strategies in language learning. Communication needs to learn the language as the combination of social needs and the individual's practical tasks. Communication presupposes knowledge, skills and inner strength for the activity.*

Тілдің негізгі функциясы коммуникативтік функция екенін ескерсек, тілді үйренушілер үшін ең оңтайлы әдіс – коммуникативтілік әдіс екендігі даусыз. Шындығында, тіл қарым-қатынас жасау барысында өміршендік сипатқа ие болады. Қарым-қатынас жасау барысында қолданылған тіл ғана дамиды. Сол дамудың нәтижесінде ғасырлар бойы өмір сүреді. Ал коммуникацияға түспеген тіл біртіндеп өлі тілдер қатарынан орын алады.

Біздің ойымызша, үйренушілердің коммуникативтік қажеттілігі дегеніміз – тілді үйрену барысында қоғам сұранысына сай олардың алдына қоятын практикалық міндеттері мен мақсаттары, яғни тілді үйрену барысында байқалатын коммуникация кезіндегі зәрулік. Демек, тіл үйренушінің коммуникативтік қажеттілігі – бұл олардың тілді шынайы қолдануда білім, білік, дағдыны қалыптастыру барысындағы белсенділіктерінің ішкі қозғаушы күші. Үйренушінің коммуникативтік қажеттілігіне сай таңдалынып алынған оқу материалдары міндетті түрде олардың оқуға деген ынтасын қозғап, қызығушылығын туғызуы керек, мұның өзі оқу барысында кездесетін қиындықтарға төзе білуге дайын болуына көмектеседі. Бұл тілді

үйрену үдерісінде маңызды жетістікке жетуге көмегін тигізеді. Сондықтан тіл үйрену мәселесі, алдымен лексикалық қордың болуын қажет етеді. Тіл үйренудің бастапқы деңгейінде қазақ тілінің бай лексикалық қорын түгел жаттап шығу мүмкін емес. Сондықтан оны тіл үйренушінің коммуникативтік қажеттігіне қарай іріктей білу қажет. Ол сөздер күнделікті қажеттілікке сай қолданылатын тұрмыстық лексика және қызмет бабында қолданылатын кәсіби лексиканы қамтиды. Сондықтан тіл үйренушінің сөздігі әдеттегі екі тілдік сөздіктен гөрі тақырыптық лексемалар мен жағдаяттық сөйлесімдерді қамтығаны жөн.

Осы уақытқа дейін жарық көрген оқулықтармен мемлекеттік тілде еркін сөйлеп шығуға қол жеткізе алмауымыздың себебі неде? Әрине, мемлекеттік тілде еркін сөйлеп шығуға қол жеткізу – көп аспектілі жұмыс. Қоғам, орта, үйренушінің ынтасы, психологиялық мінез-құлқы, үйретушінің шеберлігі, педагогикалық такт т.т сияқты мәселелермен астасып жатқан бұл проблеманың бір ұшығы оқулықтарда жатқаны мәлім. Оқулық жазу оңай шаруа емес, бірақ бір оқулықты жазушы автордың не авторлар ұжымының тұжырымдамасы, ұстанымы айқын болуы қажет. Осы орайда екінші тілді үйрететін оқулықтың басты ұстанымы – коммуникативтілік қажеттілікті қанағаттандыру болуы тиіс. Өйткені қай жастағы адам болмасын екінші тілді коммуникация үдерісіне қатысу үшін үйренеді.

**Енгілік Жұматаева**

*п.ғ.д., профессор, МАМПО академигі*

*С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті*

### **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУ ОНЕРІН ӨРКЕНДЕТУ**

*Автор бұл баяндамасында жоғары оқу орнында студенттердің креативті ойлау жүйесін жоғары деңгейде жеткізудің амалдарын қарастырады. Қазақстан Республикасында жоғары білім ерекше орын алып, мемлекет қызметінің барлық жақтарына ықпал еткеніне біздер куәміз. Рухани өндірістің аса маңызды бұл саласы қоғамның қызмет етуінің интеллектуалдық және экономикалық базасын құрайды.*

In this report, the author looks at the development of creative thinking among students at the level of higher education. Changes in the system of education are caused by new demands from the modern society. In modern conditions, it is necessary to talk about the existence of 3 interrelated paradigms: algorithmic, empirical and stochastic. The lines of modern educational system development are humanization, humanitarization, standardization, computerization, informatization, individualization, variability, multi-level system and continuity of education. Creative teaching style of the teacher is formed in the following way: the teacher creates problem situations to make the students interested in the subject or a specific topic with the goal of developing the students' thinking; the teacher uses non-standard forms for problem solving; the teacher develops students' ability to make conclusions. While holding creative lessons, the teacher must pay attention to the following elements: the relations with the audience; the usage of the interactive teaching means; individualization; assistance in the development of the students' independent thinking; the use of the rating system for knowledge evaluation, and the module technology for content structuring. The system of higher education in Kazakhstan has been taking a special place within last years and has an influence on the development of state service in all spheres of national economy. The most important part of a cultural sphere is building the intellectual and economical bases. Higher education is one of the spheres responsible for preserving the culture and transferring it to future generations.

**Г. Омарбекова**

*ф.э.к., ассоц.профессор  
 Назарбаев Университеті*

## PROCESSES OF GLOBALIZATION AND GLOKALIZATION IN KAZAKH LANGUAGE TEACHING

*Қазіргі тілді меңгерушілер, жаһандану контекстімен және соған сай тілді оқыту мәселелерімен (қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда) бетпе-бет келуде, себебі қазақ тілі де тыс қала алмай, жаһандық тіл экологиясын бастан кешіріп отырған тілдердің бірі. Тілді оқытуда «Мазмұнға негізделген оқыту» әдістемесі арқылы студенттерді жан-жақты ақпараттармен қаруландыра отырып, олардың экологиялық сауаттылығын арттыруға болады. Тіл мен мазмұнды үйлестіретін, сондай-ақ ғылыми және практикалық дағдыларын жетілдіруге бағытталған бұл тәсіл оқушылардың бағдарламалар аралық және арнайы білім кеңістіктерін кеңейтеді.*

For all the world's languages, including Kazakh, one of the main characteristics of modern existence is a fact of the powerful cultural and linguistic contact with the English language, which has acquired the status of a «global» language. Nowadays, in the foreign theory of globalization of the English language, a number of concepts and terms have been created that are not so widely used in local linguistics. One of them is the concept of «glocalization». Glocalization evidences that we live in a small world, and what happens in one region affects other regions.

The term «glocalization» used to describe the linguistic phenomena that occur because of the divergent and dialectically contradictory, centrifugal and centripetal tendencies in the interaction of the English language with other languages, their convergence and divergence, the global spread of the English language and its creolization. According to its definition, a «glocal» English is global, but it is rooted in the local context of new users. It has an international status, but it expresses a local «identity» of the local cultures at the same time. Regional differences in the language arise primarily because of the cultural differences as each nation aims to express the characteristics of their culture and wants to tell the world about them.

Today's language learners are confronted with the context of globalization and the questions of language instruction (specifically Kazakh language as a second language teaching) as they refer to the state of the local languages, the impact of global English on the Kazakh language and the ecology of a language. In order to address these issues, practicing a Content-Based Instruction (CBI) for language learning by language instructors helps them to raise students' awareness and to develop students' ecological literacy while achieving proficiency in the target language. The matching of the language and the content also broadens the students' cross-curricular awareness and specific knowledge aimed at improving academic and practical skills. As a result, content and language integration is a valuable resource, which is becoming the established norm in language instruction.

**М. Құсайынова**

*т. э. к., ассоц. профессор  
Назарбаев университеті*

## ҚАЗАҚ ТАРИХИ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ИДЕЯ

*Historic poems are one of the most important heritage information of Kazakh national literature. Historic poems feature real historic actors and events, such as civil wars with Mongols. This unique type of literature can create strong moral basis for the independent Kazakhstan.*

Қазақ халқының рухани асыл қазыналарының бірі – тарихи жырлары. Олар қазақ ауыз әдебиетінің ғасырлар қойнауынан үзілмей дамып келе жатқан эпикалық дәстүр туындылары қатарына жатады. Эпикалық дастандардан тарихи жырлардың басты ерекшелігі – жыр мазмұнының нақты тарихи оқиғаға негізделуі, ал оның басты кейіпкерлері ретінде тарихта болған тұлғалардың болуы. Тарихи жырларда батырлар жырында кездесетін «отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын» сынды эпикалық сарын, әсіре көркемдеу тәсілі өте сирек кездеседі. Сонымен қатар, тарихи жырлар авторлары көбінесе сол тарихи оқиғаларды көзімен көріп, оның бел ортасында жүрген замандастары. Олар көзімен көрген және бастан кешірген тарихи оқиғаларды уақытымен шебер толғауы талай тарихи жырлардың басты.

Ел жадында ұзақ сақталып, әдебиет өмірінде елеулі із қалдырған тарихи жырлардың көбі ұлт-азаттық қозғалыстармен байланысты. Азаттық идеяны арқау еткен тарихи жырлар арнасы қазақ халқының маңызды кезеңдерімен қабаттаса дамып отырды. Тарихи жырларда ел қорғау идеясының терең қойылуы, одан кейінгі отаршылдық езгі тұсындағы тәуелсіздікті аңсау мен сол жолдағы күрес көптеген тарихи жырлардың өзегіне айналды. Жырлар халықтық қозғалыстардың шығу тарихын, процесін, күрес барысында белсенділік танытқан ерлерінің есімін жырлап, сақтап бізге жеткізді.

Жоңғар басқыншылығына қарсы қол бастаған Абылай хан мен оның сарбаздары Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, Ресей отаршылдығына қарсы бас көтерген Исатай мен Махамбет, Кенесары мен Наурызбай, Сырым, Бекет пен Есет, Жанқожа, тағы басқа батырлардың өмірі мен күресі елге өнеге болып, тарихи жырлардың жаңа легін туғызды. Бұл жырлар қазақтың тарихи әдебиетінің, батырлық жырының дәстүрін жалғастырып, ел санасын жаңа деректермен байытты. Жырларда сол бір оқиғалардың өткен мезгілі, ұрыс болған жерлері, қатысқан адамдары туралы деректер мол кездеседі.

Сонымен бірге, шығармаға тән тарихи шындықты көтере бейнелеу, халық қаһармандарының тұлғасын бұрынғының батырларына ұқсата өсіре суреттеу де орын алады. Тарихи жырлар өзінің эпостық сипатымен де жаңа нышандарға ие болып, мазмұны терең көркем толғау, оқыс оқиғалы дастандар, романтикалық және эпикалық поэмалар да осы кезеңнің қосқан үлестері.

Қазіргі қазақ елінің тәуелсіздігі ғасырлар бойында ата-бабаларымыздың ұрпақтан ұрпаққа ауызша тарихи дәстүр туындыларымен жырлап елген азаттық идеясының жеңісі болып табылады. Осы баға жетпес рухани құндылықтарымыздың қадір-қасиетін түсініп, бағалай білсек тәуелсіздік тұғырының тамыры нық болары анық.

**Zeinep Zhumatayeva**  
*PhD, assistant professor*  
*Nazarbayev University*

## **CULTURAL LINGUISTICS IS THE EFFECTIVE METHOD OF TEACHING THE LANGUAGE AND CULTURE OF THE COUNTRY**

*Лингвомәдениеттанудың даму барысы тілді оқыту әдістемесіне де өзінің игі ықпалын тигізе бастады. Сондықтан лексика-грамматикалық оқу материалын, мәтіндерді оқыту барысында олардың мазмұнындағы «мәдени компонентті» тану, таныту мәселесі өзекті болып отыр. Сөздің мәдени компонентін таныта отырып оқыту қазақ тілін сапалы меңгертудің маңызды шартының бірі болып табылады.*

The subject of modern cultural linguistics is the study of the cultural semantics of linguistic signs, which is formed during the interaction of two different codes of language and culture. Therefore, linguistic signs are capable of performing the function of the «language» of the culture, which is reflected in the ability of language to display the cultural-national mentality of its carriers. In this regard, one can speak of «cultural barriers» that can occur even when subject to all the rules of language. Cultural barriers associated with differences in rates of verbal behaviour, and even with different values, which put the participants in the dialogue, it would seem, the same words, with inadequate background knowledge, etc. However, we do not focus on the «butt» nature of the new science, because it is not a simple «addition» feature of two contacting sciences, namely the development of a new scientific field, able to overcome the limitations of «rather compartmentalized» examination of the facts and thereby provide a new vision and their explanation.

We always distinguish between those situations in which you can attract language data in order to learn something about the culture, as well as those when we turn to the cultural realities, to understand the facts first. At the turn of the century the place and the weight of culturalogical arguments in modern science of language primarily in cognitive semantics have been changed. Analysis of language units in the context of culture led to the formulation of a number of new linguistics problems. Cultural linguistics as an independent branch of knowledge should solve its specific problems and thus respond primarily on the number of questions, which in its most general form can be formulated as follows:

- how culture is involved in the formation of linguistic concepts;
- what part of the value of the linguistic sign attached «cultural meanings»;
- do speakers and the listeners understand the meaning of these and how they affect on voice strategy;
- whether there is in fact cultural and linguistic competence of a native speaker, on the basis of which are embodied in the texts by native speakers and recognized cultural meanings.

The great Kazakh scientist A. Baitursynov said: «The most powerful reason of retention or loss of the nation is the language». That's why, language is not only the means of communication, it is the guarantee of nation's existence. With the help of language every nation delivers its history, culture, traditions, mentality and outlook from generation to generation.



**Ж. Байтелиева**

*ф.ғ.к., ассистент-профессор*

*Назарбаев Университеті*

## **ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ҰҒЫМДАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

*In this paper, the discussion centers on the ways of teaching ethnocultural vocabulary and its significance in second language acquisition. Student today will be specialist tomorrow who will contribute to the national science and knowledge. In this regard, it is necessary to provide him with ethnocultural vocabulary, material origins, and history of development.*

Еліміздегі жоғары оқу орындарында түрлі сала мамандарын даярлауда қазақ тілін оқыту мәселесі маңызды орынға ие болуы тиіс. Өйткені бүгінгі студент – ертеңгі маман. Олар келешекте елімізде қазақ тілінің әр саладағы білім, ғылымының дамуына тікелей өз үлестерін қосулары керек деп ойлаймыз. Бұл үшін қазақ тілін оқытуда оның сөздік қорында жинақталған этномәдени мұраны деңгей бойынша бейімдеп, оларды студентке ұлттық құндылықтар мен ұлттың тарихи даму кезеңдерін танытатын құрал ретінде қабылдауын ұйымдастыру қажет. Сондай мақсаттағы жұмыстар нәтижесінде студент келешекте мамандығы бойынша қазақ тілінің дамуына өзіндік үлесін қосады деп үміттенеміз. Осыған орай, қазақ тілін оқытуда қазақ тілінің заңдылықтарын және қазақ тілінің ұлттық мәдени лексикасын студенттің ішкі құндылықтар жүйесіне енгізудің тиімді жолдарын қарастыруымыз қажет.

Осы бағыттағы ізденістеріміздің тәжірибесі көрсеткендей, студенттерге қазақ тілінің лексика-фразеологиялық-паремиологиялық байлығын меңгертудің бір жолы – олардың тарихи-мәдени кодына талдау жасау арқылы меңгерту. Мұндай мәліметтер студенттердің тілді үйренуге деген қызығушылығын арттырады, сондай-ақ, қазақ халқы туралы танымдарын кеңейтеді. Мәселен, «*ант су ішу, ант беру*» тіркесін түсіндіргенде, оның қандай тарихи-мәдени оқиғамен байланысты шыққаны қызығушылықты күшейтеді. *Ант ішті, ант су ішті* деген фразеологизмнің ішкі формасы тасаланған, сонда неге бұлай айтылатыны студент үшін белгісіз болуы мүмкін. Бұл фразеологизмдердің прототипі байырғы андаласу рәсімімен байланысты екендігі туралы кеңінен танымдық ақпарат берсек, осы тіркестің тарихи-мәдени коды ашылады. Осылай тіркестің мәнін талдап түсіндіру арқылы *ант* сөзінің архетипі *беру, ішу* етістігімен ғана байланысатынын, бүгінгі күні қолданыста жүрген *ант қабылдау* басқа мәдениеттің көрінісі екендігін түсіндіру арқылы студенттерге тіл байлығын қоғам, тарих, әлеумет ұғымдарымен байланыста меңгерте аламыз. Әрине, мұндай талдауларды тек ортадан жоғары деңгейде қолдануға болады. Осындай экстралингвистикалық факторлар арқылы олар тілдегі тіл мен ұлт менталитетінің, мәдениетінің байланысын түсіну арқылы интеллектуалды тілдік құзырет нормаларын дамытады және жағдаятқа қарай қолдануға мүмкіндік алады. Біздіңше, мұндай тәсілдер студенттерге ұлттық құндылықтарды маңызды ақпарат көзі ретінде бағалауға және кәсіби іскерлікті дамытудың креативті арнасы тұрғысынан қарауына көмектеседі деп ойлаймыз.

**Б. Ақбұзауова**  
ф.ғ.к., аға оқытушы  
Назарбаев университеті

## **ҚОСЫМША МАМАНДЫҚ ҚАТАРЫНА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АУДАРМАТАНУ ІСІНІҢ РӨЛІ МЕН ҚЫЗМЕТІ**

*The role of the translation deal is considered in this article, which intern helps in the formation of the professional competency of the future specialist. Translation work of students will be useful for Professional growth, and to develop their personalities with creative thinking skills.*

Студенттердің яғни болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруда мамандық саласынан алынатын біліммен бірге сол білімді қолдануға бейімдейтін, жан-жақты маман ретінде қалыптасуына ықпал ететін аударма жұмысының дағдыларын меңгеруі деп тұжырымдауға болады.

Негізінен аудармашының кәсіби құзіреттілігі жайлы зерттеулер мен оқулықтар аударма мамандығында оқитын студенттерге арналып келді. Осы кезеңге дейін аударма пәнін қосымша мамандық немесе біліктілігін қалыптастыратын пән ретінде қарастырған еңбектерді кездестірмедік. Сондықтан бұл пән қосымша мамандық ретінде өтілгенде студенттің болашақ маман ретінде біліктілігін қалыптастыруы және оның неден тұратыны жайлы мәселені қарастырудың кезі келді деп есептейміз. Себебі әрбір оқытылатын курстың өзіне дейін оқытылған пәндермен және мамандық саласымен байланысы болуға тиіс. Оның болашақ маманның қызметінде қандай да бір практикалық мәні болуы да маңызды. Егер бітіруші алған білімін тәжірибеде қолдана алмаса немесе өзінің маман ретіндегі қосымша мүмкіндіктерін, артықшылықтарын сезінбесе, онда бұл пәнге сұраныс та жоқ деп есептеуге болады. Міне, осы тұрғыдан алғанда аударма пәнінің рөлі және осы курсты тәмамдаған студенттің қандай құзіреттіліктері қандай болу керек? деген мәселені қарастыру міндеті тұрады. Бұл қосымша мамандық яғни тіноғ тізіміне енетін пәндерді сұрыптауға да септігін тигізеді.

Аударма жұмысы студенттің болашақтағы кәсіби сұраныстарын өтеп қана қоймайды, сондай-ақ оның жан-жақты креативті тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Арнайы аудармашы мамандығында оқымағанымен, студенттің бойындағы аудармашылық қабілетін ашылуына және оны дамытуына мүмкіндік береді. Аударма жұмысы ойлаумен тығыз байланысты оның көп операциялары имплицитті түрде жүзеге асады. Бұл үдеріс студенттің ойлау қабілетін эмпирикалық дағдыларын қалыптастырады әрі дамытады. Екі немесе үш тілде ойлау операцияларын жүзеге асырып, түрлі мәдениет пен ділдің, тілдің заңдылықтарын меңгере отырып қатысым жасауға дағдыланады.

Демек, таңдау пәндерінің бірі ретінде аударма ісінің маман құзіреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін талдап, тұжырым жасаудың маңызы зор деп есептейміз.

**М. Ибраева**

*ф.ғ.к., ассистент-профессор*

*Назарбаев Университеті*

## **CREATING ONLINE LEARNING ENVIRONMENTS FOR LANGUAGE ACQUISITION**

*Мақалада тіл үйрету мен бағалау үдерісінде пайдаланылатын онлайн технологиялардың артықшылықтары мен қиындықтары қарастырылады. Kahoot, Moodle, Google handouts сияқты жүйелерді пайдалана отырып, тіл үйрету сабақтарын жаңаша ұйымдастыру студенттердің уақытын бағалаумен қатар, жаңа оқыту технологияларымен ұтымды жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.*

Using online technologies in teaching and assessing the language is considered to be effective education. For effective assessment, creating online testing materials is a recognized method in higher education aimed at engaging students in effectively learning the language. In an era of dynamic globalization, the demand for instructional technologies is increasing, as is the amount of bilingual, trilingual, and multilingual people around the globe. This paper will discuss ways of creating online assignments, vocabulary and grammar tests, as well as establishing various forums for group discussions or peer feedback for evaluating syllabi using tools like Kahoot and Moodle, *Google handouts*, *google doc*, particularly when designing teaching and testing materials. These tools are alternatives to traditional class designs that can be varied during the teaching process. Designing online materials with the use of Kahoot and/or Moodle is beneficial in saving time that can be deployed for other activities, raising students' motivation, as well as in creating a variety of class designs and for teambuilding. This paper covers the advantages of designing online teaching and testing materials and its challenges on Kahoot, Moodle and other tools. The evidences gathered in class observations while utilizing these online technologies will be described in this paper. The findings highlight a new area for classrooms in which both students and instructors can use iPad, cell phones, tablets and note-books in class for reaching objectives and fulfilling learning outcomes. This approach will create alternatives for online environments where students will be able to learn the language and assess their knowledge themselves. This research will be useful in developing theories of teaching language acquisition in bilingual and multilingual educational settings.

Салтанат Иманқұлова  
ф.ғ.к., доцент  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕЛЕР, ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

*The main key points of this article are the Kazakh learning procedure, significant problems and their decisions, the virtual school of the Kazakh language.*

Қазіргі таңдағы ғылыми-техникалық, ақпараттық үдерістің қарқынды дамуы білім беру мазмұнын қайта қарап, оқытушының кәсіби біліктілігі мен оқу үрдісінің тұлғалық бағдарға негізделуін талап етеді. Ол үшін қысқа мерзімде ақпараттың көлемді бөлігін тиімді түрде ұсынатын, сол ақпаратты жоғарғы деңгейде игерте алатын және практикада бекіте алатын инновациялық технологияларды қолдана білу маңызды рөл атқарады.

Алайда осы бағыттағы ізденістерді кеңейту, сол технологияларды қолданып жүрген мамандардың жұмысын жарнамалау, озық технологияларды тарату мәселесі, яғни **маркетингтік жүйе** қолға алынбаған.

**1-ұсыныс:** Қазақ тілінің виртуалды мектебін ашу (Виртуальная школа казахского языка), озық технологияларды жарнамалау, тарату, қолжетімділігін қамтамасыз ету, оны сайтқа орналастыру.

Қазақ тілін оқытудағы сабақтастық болмаса, тілді меңгертудегі соңғы нәтиже оң шешімін таппайды. Яғни әр оқу орнын (балабақша, орта мектеп, жоғары оқу орны, жоғары оқу орнынан кейінгі мекеме) аяқтаған тіл үйренуші белгілі бір тілдік құзыреттілікке жауап беруі керек, сол талаптарға сай болуы керек. Сол үйренген тілдік білімді (лексикалық минимум, грамматикалық құрылым) практикада қолдана алатындай дағды қалыптастыра білуі керек.

**2-ұсыныс.** Қазақ тілін оқытудағы сабақтастық (*балабақша-мектеп-орта арнаулы оқу орны-жоғарғы оқу орны-жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру*) қатаң сақталып, тілдік құзырет талаптарын орындау бақылауда ұсталынуы керек. Оған балабақшадан бастап – жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру орталығына дейінгі оқыту жүйесін енгізу, әр мекеменің мақсат, міндеттерін айқындап алу, мысалы балабақшада қандай лексикалық минимум болу керек? Грамматикалық құрылымды қалай беру керек? Балабақша тәрбиеленушісі қандай тілдік құзыреттілікке жауап беру керек? Мектеп – ЖОО – ЖОО-дан кейінгі білім беру де солай сабақтаса жалғасып тіл меңгерілуі керек);

**3-ұсыныс.** Үштілділік жүйесіндегі негізгі тетік – қазақ тілінің мәртебесін көтеру үшін оқыту сағаттарын орыс, қазақ бөлімдеріне қарамастан көбейту (**орыс бөлімдеріне** – кәсіби бағдарлы қазақ тілін, іскерлік қазақ тілін, бизнес және коммерция тілін, **қазақ бөлімдеріне** – кәсіби қазақ тілін, сөз мәдениеті мен тілдік қарым-қатынас, ісқағаздарын жүргізу)

**4-ұсыныс.** Қазақ тілін оқыту әдістемесі орталығын құру. Осы аталған орталыққа озық технологияны қолданып жүрген мамандарды мүше етіп, коммерциялық жолмен өнімдерін тарату, шеберлік сабақтарын өткізу, жас мамандар мектебін құру, семинар-тренинг, онлайн сабақтар өткізіп пікіралмасу ортасын қалыптастыру.

**С. К. Қасымова**

*ф.ғ.к., доцент,*

*Көкшетау техникалық институты*

## **ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОО-ДА ТІЛДЕРДІ МЕНГЕРУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*In this article it is spoken about the psychological peculiarities of the development of languages in the military technical higher educational institution.*

Заманауи техникалық жоғары оқу орындарында гуманитарлық дайындау кешенінде тілдік дайындық ең маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Себебі ол білім алушылардың мәдени дамуы мен халықаралық деңгейде өзінің кәсіби мәселелерін шешуде және бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуына барынша ықпал етеді. Сондықтан гуманитарлық пән ретінде қазақ, орыс және кәсіби бағытталған шет тілдері жоғары техникалық білімді әлеуметтендіруде басты роль атқарады десек қателеспейміз.

Көп реттерде техникалық жоғары оқу орнының білім алушыларының тілді орташа меңгеруінің бастысы, оларда техникалық ойлау жүйесі және тілдік сезінудің болмауы яғни тіл шорқақтығы секілді психологиялық сәттер болып табылады. Ал тілді тез меңгеру тілді сезіну негізінде болатынын білеміз. Техникалық ЖОО-да тілдерді үйретуде байқағанымыз аталған оқу орындарының білім алушыларының тілдік пәндерді меңгеруге кедергі келтіретіні мінез ерекшеліктеріндегі ұстамдылық, тұйықтық, ұялшақтық, марғаулық және қысымшылық сияқты тұлғалық қасиеттердің басым болуы. Мәселен, фонетикалық жаттығулар, диалог, рольдік ойындар өздерінің курстастарының алдында күлкілі болуға қорқып, олар үшін күлкілі секілді болып көрінеді. Ал филолог студенттер керісінше аталған жұмыс түрінде өздерін барынша жан-жақты көрсетуге тырысады.

Тілдік емес ЖОО-да тілдерді үйрету кезінде мәтіндер болашақ мамандыққа бағытталғандығын ескере отырып, іріктелуі қажет. Осылайша біз студенттердің коммуникативті-танымдық қызметтерін пәнге қызығушылықтарын арттыра және өз беттерінше жаңа сөздерді, сөз орамдарын ақпарат көздерін пайдалану арқылы белсендіреміз. Егер оқытудың қызметі танымдық уәждемеге сәйкес болса, онда практиклық қызметі – кәсіптікке сәйкес келеді. Сәйкесінше болашақ маманның оқу-танымдық қызметтен кәсіби қызметке ауысуы танымдық уәждің кәсіптікке ауысу мәселесімен көрінеді. Техникалық ЖОО-да тілдерді оқытудың басты мақсаты кәсіби – бағытталған қызметте коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру болып табылады. Сондай-ақ болашақ мамандыққа сәйкес арнайы әдебиеттермен жұмыс жасау үрдісінде лингвистикалық бағыттауды қалыптастыру негізінде өз бетінше танымдарын дамытуға бағытталады. Сондықтан мәселен қазақ тілі сабақтарында пән аралық байланыстармен қатар ұлттық психологияға тәрбиелеуге бағытталған әр түрлі мәтіндерді жан-жақты зерттеу, жоспар құру, мәтін тақырыбына сәйкес ой – толғау, қорытынды шығару секілді жұмыстарды қоссақ, болашақ маманның тіл байлығы, ой жүйесі, пайымдауы қалыптасады.

Тілдерді үйрету өте күрделі сондықтан тілдерді оқыту – қабылдау, танымдық психология, психолінгвистика және педагогикалық психология заңдарына негізделуі қажет.

**Ә. О. Ыбырайым**

*ф. э. к., доцент,*

*М. Х. Дулати атындағы ТарМУ*

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ҚИЫНДЫҚТАР**

*In the given thesis views oppositions on the problems of complex sentence classification in linguistics and difficulties of their learning are analyzed.*

Құрмалас сөйлем – синтаксистің үлкен бір саласы. Олар белгілі бір амал-тәсілдер арқылы жасалады. Мұндай амал-тәсілдер алғашқы компоненттің баяндауышында болады. Осыған орай сол алғашқы компоненттің баяндауышының жасалу жолдарына қарай, етістіктің тиянақты формасында немесе етістіктің аяқталмаған тиянақсыз формасы түрінде келіп отырады. Міне, осындай алғашқы компоненттің баяндауышының берілу жолдарына қарай құрмалас сөйлемнің түрлері де ажыратылатын болады. Дегенмен, өткен ғасырдың басында көрнекті ғалымдар А. Байтұрсынов, Қ. Жұбановтар салған құрмалас сөйлемнің түрлерін ажырату барысында әлі күнге дейін тұрақты терминология қалыптаса қойған жоқ. Тіпті, салалас, сабақтас құрмалас сөйлемдердің түрлерін ажыратуда да әртүрлі көзқарастарды көреміз. Бұл өз кезегінде жоғары оқу орындарында құрмалас сөйлемді оқытуда біршама қиындықтар туғызып келеді.

Мәселен, А. Байтұрсынов сөйлемдерді құрылуынша іргелес сөйлемдер, құрмалас сөйлемдер деп топтастырып, құрмаласты сыйысулы құрмалас, қиысулы құрмалас деп бөліп, біріншісін шұбалаң түрі және ықшам түрі деп, екіншісін салалас құрмалас және сабақтас құрмалас деп жіктейді. Салаластың бес түрін, сабақтастың он түрін анықтап, оларға түрлі атаулар береді. Ал Қ. Жұбанов құрмалас сөйлемді күрделі сөйлем деп атауды ұсынады және оның екі түрі: салалас және сабақтас – болатынын көрсетеді. С. Аманжолов құрмалас сөйлемдерді төртке бөледі: салалас, сабақтас, аралас, тиянақты басыңқысыз сабақтас. Салаласты жалғаулықты салалас, жалғаулықсыз салалас деп бөліп, жалғаулықсыздың 11 түрін, жалғаулықтының төрт түрін ұсынып, баяншы салалас, әрқилы салалас, ұқсастық салалас деген атауларды қолданады. Н. Сауранбаев та құрмаласты төрт түрге бөліп, өзіндік атаулар қолданған: салалас құрмалас, сабақтас құрмалас, аралас құрмалас, үйірлі мүшелі құрмалас.

Мұндай пікір қайшылықтары салалас, сабақтас құрмалас сөйлемдердің түрлерінің саны мен атауларын белгілеуде де жиі кездеседі. Сондай-ақ жоғары оқу орындары мен мектеп оқулықтарындағы құрмалас сөйлемдерге қатысты атаулар мен тұжырымдар да бір-бірінен алшақ жатады. Студенттің жоғары оқу орнында алған білімі, мектептегі үйрететін бағдарламасымен сәйкес келмей жатады. Бұл да өз кезегінде білімгерлерге құрмалас сөйлем синтаксисін меңгертуге едәуір қиындық туғызады. Міне, осы орайда құрмалас сөйлемдерге қатысты атауларды біріздендіру, тұрақтандыру мәселелері бүгінгі синтаксис ғылымының негізгі міндеттерінің бірі болуы тиіс.



**М. Х. Шаяхметова**  
ф.ғ.к., доцент,  
Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

*The role and influence of information Technology in teaching Kazakh language of Higher Institution Establishments are discussed.*

Қазақ тілін оқыту әдістемесін әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің деңгейіне көтерудің тиімді жолы – білім беру саласын толықтай ақпараттандыру.

Білімді ақпараттандыру күрделі де көп қырлы үдеріс болып табылады, оның сәтті жүзеге асуы білім мекемелерін компьютерлендіруге ғана емес, білім беруді ақпараттандыруды қамтамасыз ету әдістемесіне тәуелді. Бұл ғалымдар мен педагогтардың, психологтар мен әдіскерлердің, бағдарламашылар мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласы мамандарының күш-жігерін жан-жақты жұмылдыру уақытының келгенін көрсетеді. Білімді ақпараттандыру – қазақ тілін үйретудің басты талабы.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылату – бүгінгі күннің басты талабы.

Қазіргі жаппай ақпараттандыру заманында қазақ тілін үйрету мен ақпараттық технологияларды игеру жарыспалы түрде қолданылады. Ақпараттық қоғам кезінде оқытушы тіл үйренушілердің алдында жалғыз ақпарат көзі болмайды. Ол ақпарат алуды жеңілдететін аралық тұлғаға айналады. Адамзат өркениетінің іргелі сипаты қажетті ақпаратты іріктеп алу, жинақтау, өмірге бейімдеп өңдеу және тұтыну болып табылады. Ақпараттық қоғамда алғашқы компьютерлік сауаттылық пен оны пайдалана білуді меңгермейінше, белгіленген міндеттерді шешу үшін компьютерлік құралдарды пайдалана білмейінше қазіргі ғылым мен мәдениетте, өндірісте, іскерлік пен қоғамның басқа да саласында адамның шығармашылық әлеуетін толық пайдалану мүмкін емес. Сондықтан қазақ тілін оқытуда қатысымдық құзіреттіліктің жоғары белсенді түрін дамыту ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолданғанда жүзеге асады.

Ақпараттық технологияларды қолдану интерактивтік және бейімделу сияқты құнды қасиеттері бар білім алу ортасын тудырады. Тілдік білім алуды ақпараттандыру тіл үйренушілерге дүниежүзілік мәдениет байлықтарымен, ақпараттық ресурстармен қатынас жасауға мүмкіндік береді және шынайы мәдени коммуникация үшін жағдай жасайды. Жаңа ақпараттық және білім алу ортасында тіл үйренушілердің табысты қызмет етуі олардың ақпараттық-технологиялық құзіретінің қалыптасу деңгейімен сипатталады. Оның құрамында мәдени ақпарат жетекші орын алады. Орыс тілді дәрісханаларда қазақ тілін, мемлекеттік тілді оқыту жүйесі қарапайым және бастапқы, негізгі, орта және ортадан жоғары деңгейі бойынша базалық және пәндік құзіреттерді жүзеге асыра отырып қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан меңгерту; әдеби тілде сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету арқылы дара тұлғаның тілдік қабілетін дамыту, бір-бірімен сабақтас, жүйелі тақырыптарды коммуникативтік тұрғыдан ұсына отырып, оларға қазақша тілдік қатынасты игерту мақсатын көздейді. Осы аталған мақсатқа қол жеткізу үшін оқытудың ақпараттық технологияларын пайдаланған тиімді.

Жаңа ақпараттық технология құралдарын қазақ тілі сабақтарында пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі.

**Б. Т. Кульбаева**

*ф.э.к., доцент*

*Павлодарский государственный педагогический институт*

## **СОВРЕМЕННЫЕ ЭЛЕКТИВНЫЕ КУРСЫ В РАМКАХ ПРОФИЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ**

*Innovative approach to training a new generation of educational materials, change their functions and methods of use in educational practice is one of the components of the modernization of education. Today, integrated elective courses are very relevant, when one course is combined with several disciplines, for example, history and foreign language. History and foreign language form the basis and provide opportunities for personal growth of students with the help of the competency approach to education of the individual. Linguistic and historical knowledge can have a better understanding of the history and foreign language.*

Профильное обучение сегодня рассматривается как особая система организации образовательного процесса на старшей ступени общего образования, являющаяся определенной средой для успешного профессионального и социального самоопределения учащихся.

Профильная школа отличается от общеобразовательной школы тем, что она дает ученику возможность приобрести необходимый набор умений на том наборе учебных курсов (профиль), которые ученику ближе, интереснее. Содержание части этих учебных предметов задано стандартом профильного уровня, а вторая его часть (элективная) является предметом согласования между конкретным учителем и группой учеников.

Впервые идея введения элективных курсов в учебный план была заявлена в информации Учебно-методического управления общего среднего образования СССР «О базисном учебном плане» (Учительская газета. – 1989. – 28 декабря). Именно в этом плане стал впервые выделяться школьный компонент содержания образования, куда стали входить курсы по выбору, профильное обучение, факультативы.

Обращение к педагогическому проектированию в профильной школе органично связано с общими изменениями, которые происходят в современном образовании. Известно, что Закон РК «Об образовании» предоставляет значительную свободу образовательным учреждениям, образовательным системам в разработке собственных образовательных программ, признает необходимость гибкого учета в них региональных социокультурных особенностей, предполагает активное обращение учителей к педагогическому творчеству в процессе проектирования образовательной деятельности и прогнозирования ее результатов. В Концепции профильного обучения на старшей ступени общего образования подчеркивается, что учитель профильной школы обязан не просто быть специалистом высокого уровня, но и должен обеспечивать вариативность и личностную ориентацию образовательного процесса (проектирование индивидуальных образовательных траекторий, обучающихся); его практическую направленность (освоение проектно-исследовательских и коммуникативных методов обучения).

Таким образом, содержание личностно ориентированного элективного курса должно определяться образовательными интересами, потребностями и способностями обучающихся, профессиональными возможностями учителя-проектировщика, интересами и запросами родителей.

**А. Шенгун**

ф.ғ.к., доцент

Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университеті

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТІЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Kazakhstan hosts over 130 nationalities living together. In Kazakhstan the multi lingual education started in the third quarter of the 1800s in the schools which provided Kazakh and Russian education. In the following years Russian, Uzbek and German were also used in the education. Recently, trilingual education has been performed because of the globalization impact. It is remarkable that nowadays English is accepted as a medium of instruction in some schools where Russia and Kazakh were once used only. Trilingual education, in a way, means that students will not be able to learn three languages efficiently. The most important result of this choice will be a risk of having a Kazakh generation who cannot acquire (LEARN) their mother tongue very well. This will be an undesirable danger for the future of Kazakh language. When we examine the language of education in developed countries, we see that the medium of education is unilingual; that is their mother tongue. The other languages are taught as a foreign language. Just as the education in developed countries, Kazakhstan should carry out a system in which the education is unilingual and other languages are taught as a foreign language in order to have a healthy education.*

Қазақстанжүз отыздан астам ұлттың бір шаңырақ астында тұрып жатқан ел. Сонымен қатар Қазақстандағы оқу орындарында бірнеше тілде білім беріледі. Қазақстандағы көп тілді білім беру тарихы алғаш рет ХІХ ғасырдың соңғы ширегінен бастап орыс және қазақ тілдерінде білім беретін мектептердің ашылуымен басталғаны белгілі. Кеңес одағы тұсында мектептерде орыс, өзбек, ұйғыр т.б. тілдерде білім беріліп келді. Соңғы жылдары жаһанданудың ықпалымен болса керек бұрыннан орыс тілі оқытылып жүрген ұлттық мектептерде ағылшын тілінің білім беру тілі ретінде оқытыла бастауы назар аударарлық мәселе. Бірден үш тілде оқыту оқушылардың үш тілді де өз деңгейінде үйрене алмауы деген сөз. Ана тілінде, яғни қазақ тілінде сөйлейтін жас ұрпақтың өз тілін жақсы білмеу қаупі туатыны анық. Мұндай жағдай қазақ тілінің болашағына қауіп төндіреді. Дамыған елдерге қарасақ білім беру тілінің бір ғана тіл екенін, басқа тілдерді үйрену шет тілі деңгейінде екенін байқаймыз. Қазақстанда да дамыған елдердегідей білім беру бір ғана тілде жүргізіліп, басқа тілдер шет тілі ретінде оқытылғаны абзал.

**Ш.Л. Ерхожина**  
ф.ғ.к., доцент  
ҚызМемПУ

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ТЫҢ ІЗДЕНІСТЕР МЕН ЖАҢА БАҒЫТТАР

*In this article is determined modern actual Kazakh language teaching problems to another nationality. It will be widely discussed own features of new education programs in teaching. PISA is based on standard functional literacy education; education is proved, on the study of a centralized approach to ensuring the transition to a service paradigm. The specifics of the new training program is its orientation towards the development of skills that meet modern requirements: information collection, analysis and interpretation of the synthesis of the thought of being able to make a generalization, critical, thinking skills; people, natural resources and public education; personality values and spiritual development; learning functional skills: reading, writing, and his ability to clearly and accurately explained establish cause-and-effect relationship.*

Қазіргі күнгі білім берудегі басты бағыттардың бірі – қазақ тілін оқытуда жаңа ізденістер арқылы нәтижеге тез жету. Қазақ тілінің осы мәселесі сонау Ахмет Байтұрсынов, Қошқе Кеменгерұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сынды ел ардақтыларының қазақ тілінің тағдыры үшін күрескен, ел еркіндігін аңсаған қысталаң кезеңдерінен бастап, тәуелсіздік алып озық прогрестің барынша дамыған заманында да өзекті болып келеді. Кезінде А. Байтұрсынұлының, Қ. Кеменгерұлының, Т. Шонанұлының, т.б. еңбектеріне қарап, қазақ тілін үйретудің және оқытудың мәселесі ерте басталғанын аңғаруға болады.

Қазірде көптеген өркениетті елдердің 80 жылдардың ішінде көше бастаған PISA стандарты тиімді деп саналып отыр. Ол білімнің функционалдық сауаттылығына негізделеді. Білімге орталықтандырылған парадигмадан қызметтікке ауысуды қамтамасыз ететін тәсілдемелерді зерделеуге бағытталған. Яғни, білімалушының қаншалықты білімді өз қорына жинағандығы емес, сол алған білімін қаншалықты біліп, істей алатындығы және алған білімін өмірде қалай қолдана алатындығы маңыздылыққа айналып отыр. Ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету ғана емес, қазақ мектептеріндегі қазақ тілінің оқытылуы жаңартылған білім мазмұнына негізделуде.

Жаңа оқу бағдарламаларының ерекшелігі – оның заман талабына жауап беретін дағдыларды дамытуға бағытталғандығында: ақпаратты іздеу, талдау және интерпретациялау, синтез жасай білу, ой қорыту, сыни, шығармашылық тұрғыда ойлау дағдыларын дамыту; адам, табиғат және қоғам туралы олардың білім қорларын қалыптастыру; рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту; оқудың функционалдық дағдыларын қалыптастыру: оқу, жазу, өз ойын нақты әрі дәл жеткізе білу, себеп-салдарлы байланыстар орнату.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын, коммуникативтік, лингвистикалық құзыреттіліктің негізін қалыптастыруға бағытталған мақсатқа жету үшін білім беру ұйымдары үш тілді оқытуды жүзеге асырмақ. Білім берудегі басты мақсаттың бірі – жан -жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру болса, қазақ тілін оқытуда тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым дағдыларын дамыту арқылы қазақша еркін және сауатты сөйлеу, жазу коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру болып отыр.

**Б. Б. Динаева**  
ф.ғ.к., доцент  
КАЗГЮУ Университеті

## СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУДЫ ЖАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ ДАМУ ТӘСІЛДЕРІ

*This article describes the methods of application of the technology of critical thinking, as well as an analysis of ways of development of critical thinking through writing. The author focuses on the fact that the use of this technology in the process, students learn different methods of working with the information, learn to articulate their reasoning, to sum up, clearly expressing his opinion, to confirm it with logical arguments, clearly express their thoughts, to be able to carefully listen to his opponent. It is also said that the letter as a form of speech activity is the most effective method of teaching critical thinking.*

«Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау» технологиясында жазудың орны ерекше. Жеке тұлғаның өзін-өзі бағалай алуы менгеруі, өзін-өзі құрметтеудің жоғары деңгейі, «мен» бейнесінің айқын қалыптасуына сыни ойлаудың болуы көмектеседі. Жазу – көрікті ойлардың көрінісі. Жазу үдерісі – күрделі үдеріс. Кез келген шығармашылық дүниені жазу, оны жарыққа шығару үшін әр адамда және студентте жазу дағдысының болуы қажет. Жазу дегеніміз жаңа нәрсе құрастыру, ол – конструктивтік әрекет, шығармашылық қабілет [1, 12].

Сыни тұрғыдан ойлау стратегиясы бойынша жүргізілетін жұмыста эссе жазу маңызды қызмет атқарады. Эссе мәтіннің мазмұнын сапалы игеруге және күрделі интеллектуалдық-қатысымдық жазбаша пікір айтуға байланысты біліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Студент эссе жазуда кез келген өзекті мәселе бойынша өз ойын жазбаша логикалық сабақтастықта құрастырып, дәйектер мен қарсы дәйектер келтіреді, талдау жүргізеді, мысалдармен ойын бекітеді және қорытынды жасайды. Эссе жазуда студенттің ойлау үдерісі оқытушыға айқын көрінеді, себебі эссе жазу барысында студент өз бетінше дербес ойланып, өзіндегі барлық білім қорын жұмсайды. Оқылыммен жұмыс істеу кезінде ұжымдық жұмыс жүзеге асырылса, жазылым барысында студенттің жеке ойы қағазға түседі. Жақсы жазылған жұмыста берілген тақырыптың шешімі табылып, оқырманға мәселенің жауабы ұсынылады.

Эсседе әлеуметтік сипат болуы керек. Эссе жазуға кіріспес бұрын: «*Мен неге және не үшін жазып отырмын?*», «*Менің жұмысымды кім оқиды?*», «*Мен қандай идеяларды айтқым келеді?*», «*Маңызды ақпаратты мен қай жерден іздеп таба аламын?*», «*Мен оқырмандардан қандай пікірлер мен іс-әрекеттерді күтемін?*» деген сұрақтарға жауап беру керек сияқты. Қысқасы, эссе жазушы студент «*оқырман (бұл жерде оқырман – оқытушы, топтағы студенттер) қалай қабылдайды екен?*» деген ойды есінен шығармай, оқырманына бағдарлануы тиіс.

Әрине, студенттер үшін жазылым жұмысы оқу үдерісінің ең бір қиын да, күрделі бөлігі болып табылады. Жазба жұмыстарын тексеру оқытушылар үшін де оңай шаруа емес, дегенмен де қазіргі кезде жазылымның қажеттігін уақыт өзі мойындатып отыр. Орта мектепті бітірушілер емтиханды ауызша немесе жазбаша тапсырмайтындықтан, ауызша сөйлеу мен жазба жұмыстарында қиындықтың болатыны түсінікті (яғни тестілеу жүйесінің тигізген әсері). Эссе жазу барысында миға шабуыл, дербес ойлану, өзі жазу, жазған жұмысын өңдеу, түзету, редакциялау және «жариялау» (жариялау дегенімізді жазған эссесін топта оқу деп түсінгеніміз жөн) сияқты жұмыстар жүзеге асырылады. Осы ретте жазылым сыни тұрғыда оқытудың аса тиімді тәсілі екенін, жазба жұмыстарын орындатудағы мақсат студенттің өзіндік шығармашылық ойлауын, сыни ойлай білуін дамыту және өз ойын жазбаша түрде сауатты бере білуге үйрету екендігін баса айтқымыз келеді.



**Ш. Д. Абдиева**  
 п. э. к., доцент  
 Тілдер Орталығы, UIB

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕР

*The material of the article is devoted to the modern methods of teaching foreign languages. The article carries material about the advantages and perspectives of using of described technologies in the process of learning in Higher Educational Institutes. These technologies may be considered as the alternative means of evaluation of students' results in their academic activities and personal development. A goal of modern education – to form comprehensive, well-educated, pragmatic, capable person, who always have his own opinion; to get rid of authoritarian teaching methods; to achieve activity and interest of the student to independent and creative approach to knowledge, strengthening the students' wishes to speak in professional language, develop their independence, instead of approach in which lecturer is the main link of learning.*

Оқытудың жаңа технологиясы дегеніміз – оқу процесін жандандыру мақсатын ұйымдастыру, белгілі бір мақсатқа жұмылуда алдын ала ойластырудың ықпалы мен әсері және оқу процесін ойдағыдай жүзеге асырудың мазмұнды техникасы. Оқытудың жаңа технологиясының түрлері қазіргі кезде заман ағымына қарай көбейіп, жүзеге асуда. Сол әдіс-тәсілдердің бірі – интербелсенді әдіс.

Көптеген шетелдік және ресейлік педагогтардың айтуы бойынша (Пиаже, Выготский, Брюнер, Гальперин, Талызина және т. б.) құзіреттіліктің дамуы – оқу үрдісінде міндетті түрде интербелсенді әдістерді қолдану арқылы жүзеге асады. Құзіреттілік әрекет тәжірибеге негізделген. Жұмыс істеп үйрену үшін, жұмыс істеу керек. Қарым-қатынасқа үйрену үшін, қарым-қатынас жасау керек. Ақпаратты пайдалануды үйрену үшін, сол ақпаратпен жұмыс істеу керек. Құзіреттілікті игеру – студенттің белсенділігіне байланысты. Белсенділікті ұйымдастыру – заманауи оқытушының міндеті.

Кейбір оқытушылардың оқытудың жаңа әдістемелерін қабылдай бермейтінін ескерсек, студенттер де дәстүрлі сабақтарға аса қызығушылық танытпайтынын айта кеткен жөн. Осы мақалада студенттерді қазақша сөйлеуге үйретуде негізгі жаңа әдістерді қолдану оның ішінде белсенді әдістер арқылы қазақша сөйлеуге үйрету тиімді екенін дәлелдеуге тырыстық.

Студенттерге тіл үйретуде өздерінің тұлғалық қасиеттерін көрсете алатындай жағдай туғызу арқылы олардың белсенділіктерін арттыруға болады. Өзінің болашақ кәсіби саласындағы рөлдерге ене отырып, кәсіби сөйлеу дағдысын қалыптастырып, жауапкершілікті сезінетіндей жағдай туғызу. Осы аталған талаптарға интербелсенді әдіс толық жауап бере алады.

Интербелсенді оқыту технологиясы мен концепциясы интеракция (ағлш. Interaction – өзара әсер, бір-біріне әсер ету) құбылысына негізделген. Оқыту барысында жеке тұлғалар арасында танымдық қарым-қатынас орнап, оның субъектілері өзара қатынасқа түседі. Әр студенттің жеке жұмысы мен оның жеке тұлғасын дамыту адамдардың бір-бірімен сөйлесу және өз ара әрекеттесу барысында жүзеге асады.

Білім беру саласында оқытушы мен студенттің қарым-қатынасы кең тараған әдістің үш түріне – бейтарап әдіс, белсенді әдіс, интербелсенді әдістерге негізделген.

Бейтарап әдіс – оқытушы мен студенттің қарым-қатынасы барысында оқытушы сабақ жүргізуді басқарушы (дирежер) негізгі тұлға, ал студенттер бейтарап тыңдаушы рөлінде.

Қайта байланыс өз бетінше орындалатын жұмыстар, бақылау жұмыстары, тест бойынша т.б тексеру арқылы жүргізіледі. Заманауи педагогикалық технологиялар және студенттердің жана материалды қабылдау жағынан қарасақ, кейбір жағымды жағына қарамастан, бұл әдіс өте тиімсіз болып саналады. Оқытушы үшін сабаққа дайындалу өте жеңіл және салыстырмалы түрде аз уақытта көп материал беру мүмкіндігі бар.

Белсенді әдіс деп, оқу үрдісі барысында оқытушы мен студенттің белсенді қарым-қатынасы танымдық әрекет арқылы ұйымдастырылуын айтамыз. Көптеген педагогтар белсенді әдіс пен интербелсенді әдістердің ұқсас деген пікірде, алайда ұқсастығына қарамастан, олардың едәуір айырмашылықтары бар. Интербелсенді әдісті белсенді әдістің заманауи түрі ретінде қарастыруға болады.

**А. Р. Найманбай**

*ф.ғ.к. доцент*

*Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ*

### **ТІЛ ҮЙРЕТУДЕГІ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕР**

*This article analyzes modern methodology of Kazak language in auditoria with speakers the new directions on training. Key words: thinking, pedagogy, competence, consciousness, textbook theory.*

Мемлекеттік тілдің даму бағыты мен болашақтағы бағдары жыл сайын қарқынды өсіп, жалпыхалықтық тілге айналуға. Бұл талдаулар Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа арнаған Жолдауында да назардан тыс қалған емес: Үкімет «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдетуі тиіс. Бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударғым келеді. Қазақ тілінің мемлекеттік қызметте де, өндірісте де, ғылымда да, білім беруде өз дәрежесінде қолданылуына жағдай жасау керек. Елбасымыз айтқандай, бұл міндеттер Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілді дамыту саясаты мен ЖОО-лардың оқу бағдарламасында іске асырылып келеді.

Әдіскер, тілші-ғалым А. Байтұрсынұлы өз еңбегінде: «Жалпы әліп-би үйретудің өзінде толып жатқан әдіс бар. Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деген болатын. Жалпы тәуелсіздік алған кезеңнен бастап қазақ тілін екінші ана тілі ретінде оқытуда көптеген соны жетістіктер болып, А. Алдашева, К. Күзекова, Қ. Қадашева, З. Ерназарова сынды ғалымдарымыз өз еңбектерінде талдаулар жасап, ортақ әдіс-тәсілдермен бөлісіп, бүгінгі ізденістер жалғасуда.

Тілді оқытудың екі негізгі мәселесі бар: грамматиканы тиімді жеткізу және әдістемелік тұрғыдан үйлесімді және қызықты тапсырмаларды ойлап табу. Тіл үйретудегі тәжірибелерге сүйенсек, білім алушыларды қазақша сөйлету мақсатында мынадай құзіреттіліктер бар екен:

1) *Тілдік-лингвистикалық құзіреттілік.* Тілдік-лингвистикалық құзіреттілік қазақ әдеби тілінің нормаларымен және олардың жазба, ауызекі сөйлеудегі сақталуына үйретеді. Ал, лингвистикалық құзірет – қазақ тілінің жүйелік-құрылымдық болмысы туралы берілетін білім арқылы қалыптасады.

2) *Коммуникативтік құзіреттілік* қазақша сөйлеу ерекшеліктері, түрлері, қазақша айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылымдағы білік-дағдыларын дамыту негізінде қалыптасады. Тіл үйренушілердің ұлттық сөйлеу мәері мен қазақ халқының сөйлеу мәнеріне жақын келетін ортақ ерекшеліктер сараланып, мұны комунникативтік құзіреттілікті қалыптастыруда қолдануға болады.

3) *Мәдениеттаным құзіреттілігі* қазақ тілі және осы тілде таңбаланған қазақ халқының материалдық және рухани мәдениеті туралы білімді меңгерту арқылы қалыптасып, дамиды.

Бұл талдаулардан байқағанымыз, егер тіл үйренушіге грамматиканы ғана үйретер болсақ, сөйлесім әрекеті шетте қалады, алайда грамматикасыз сөйлеу әрекетінің де болмайтындығы назарда ұсталады.

Оқу үдерісінде мынадай негізгі инновациялық технологиялар белгіленген:

- Кейс –технология;
- WEB технология;
- Коммуникациялық технология;
- Ақпараттық технология;
- Интерактивтік әдіс технологиясы;
- Мультимедия технологиясы;
- Телекоммуникация немесе электронды оқыту технологиясы.

Технологияның тиімділігі, оның болашақ маманның психологиялық ерекшелігіне, іскерлігіне байланысты әсер етеді. Бұдан шығатын басты талап субъектінің мән бере оқуы, жеке бастың даму диагностикасы, жағдайларды жобалау, ойлы ізденістер диалогы, оқулықтағы тапсырмаларды өмірмен байланыстырып беру. Оқытушы сабақ барысында оқытудың бірнеше әдіс-тәсілдерін пайдаланғаны дұрыс.

**З. А. Құламанова**

*ф.ғ.к.доцент*

*М.Х. Дулати атындағы ТарМУ*

### **ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

*The article describes the efficiency of the use of new information technologies in the teaching of the Kazakh language. The author analyzes effectiveness of the use of information and innovative technologies at the lessons.*

Заман талабына сай білім берудің парадигмасының өзгеруіне сәйкес құзыретті білім беру басшылыққа алынып, оқу-білім үйретудің жаңа әдістері пайда болды. Құзыретті білім беру көбіне Еуропа елдерінде ұлттық білім беру стандарттарында қолданылады. Әр мұғалім өз пәнінде ақпараттандыру технологиясын пайдалануы: Мультимедия, электронды оқулықтармен жұмыс істеу, керекті ақпараттарды интернеттен шығарып алып пайдалануды іс жүзінде үйренуі керек. Елбасы Н. Ә. Назарбаев өз сөзінде «Жаңа ғасыр – адамгершілік ғасыры, ал адамгершілік бастауы – мектеп. Ауыл баласының білімі мен тәрбиесі жаһандану аясында ұлтты рухани мәңгірттіктен сақтандыру ұлттық тәрбие мен білімнің қайнар бұлағы» – деген еді.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті болып отыр. Ал, бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылығының жемісімен келмек. Сондықтан да, әрбір білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру инновациялық технологияны ендіруді міндеттейді. Оқушылардың дүниетанымын

кеңейту, істеген ісіне тұжырым Мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда жаңа технологиялардың тиімді жолдарын іздестіру жалғасуда. Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына, сабақта пікір таластырып, өз ойларын ортаға емін –еркін сала отырып, ашық айтуының да маңызы зор. Оқушылармен шығармашылық бағытта жұмыс жасаудың ұтымды жағы:

- Бала оқулық көлемінен шығып ойланады.
- Ойлағаны мен оқығанын саралап, салыстыра біледі.
- Көпшілік алдында шығармашылық жұмысын қорғап, пікір айта біледі.
- Оқуға, білімге, ғылымға қызығушылығы артып, одан әрі дами береді.

Жаңа ғасырға қадам басқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімді болуына негізгі пәндерді игеріп, сапалы білім алып, сауатты да қабілетті азамат болып шығуына ұстаздар жауапты. Олай болса мұғалім үздіксіз білім жетілдіріп, ізденіспен жұмыс жасауы қажет. Қазіргі кезде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы адам қоғамының барлық саласына еркін кіріп, байланыстың аймағын кеңейтуде.

Қорыта келгенде инновациялық технологияларды қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының күрт артатыны анық. Мұғалімдер де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде инновациялық технологияларды сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Бұл, әрине мұғалімнің тақтаға бормен жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі түсінікті. Меңгерілуі қиын тақырыптарды компьютердің көмегімен түсіндірсе жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп ойлаймыз.

**Ә. С. Мұхтарова**

*п. э. к., доцент*

*Қайнар академиясы*

## **ҚАЗАҚ ТІЛІН ТҮТАС ОЙЛАУ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

*This article deals with the issues of the Kazakh language learning through the integrity of logics and their successful results.*

Қазіргі дүниежүзілік білім кеңістігіне ену мақсаты көзделіп отырған шақта, ертеңгі күні халыққа қызмет етер білікті маманның мемлекеттік тілде еркін сөйлеуі тиіс.

Мемлекеттік тілді үйретуде басшылыққа алынатын міндеттер:

- қазақ тілін ұтымды меңгерудің теориялық негізіне сүйеніп жасалған, когнитивті-коммуникативтік біліктілікті қалыптастыру бойынша практикалық нұсқауларды күнделікті сабақта пайдалану;
- оқушылардың қазақ тілінде дұрыс және мәнерлеп оқу іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру;
- қарым-қатынас іскерлігі мен дағдысын, мәселен, диалог сөзге түсу іскерлігін, нақты сұрақ қойып, сұраққа жауап бере білуді меңгеруіне ықпал ету;
- дәріс беру кезінде шағын жазба жұмыстарының жүргізілуі білімгерлердің тілдік сауаттылығын арттырумен бірге олардың шығармашылық деңгейін көтеруге көмектеседі;
- монологтық сөйлеу дағдысын қалыптастыруға жағдай жасау.

Қазақ тілін екінші тіл және шет тілі ретінде оқытуда халықаралық стандартқа, фонетико-интонациялық, лексико-семантикалық және грамматикалық деңгейдегі оқу материалдарына сүйене отырып, сонымен қатар когнитивті-коммуникативтік біліктілікті қалыптастыруда *модульдік технологияны, проблемдік оқыту, ситуациялық-рөлдік ойындар* және т.б. әдістерді қолдану, оқытудың техникалық құралдарын, аудио және компьютерлік бағдарламаларды пайдалану арқылы төмендегі бөлімдердің тиімділігін дәлелдеу көзделеді:

- Ұсынылып отырған жалпы әмбебап-семантикалық ұғымдарға, мәселен, тіршілік, болмыс, болу, кеңістік, уақыт, қимыл-қозғалыс, процесс, сан-мөлшер, т.б. негізделген қазақ тілінің лексикалық қорын көбейту;
- Қазақ тілін оқыту үрдісінде қолданылатын этномәдени оқу материалдарын жүйелі түрде түсіндіру;
- Көптілді және мультимәдени тұлғаны қалыптастыру үрдісін белсенділендіру;
- Азаматтық пен патриотизмге және ұлттық салт-дәстүрімізге қатысты өмірлік құндылықтардың позитивті өзгеруіне ықпал ету;
- Оқулық пен басқа да көркем мәтінді оқуда мәнерлеп оқу іскерлігін қалыптастыру;
- Көптілді біліктіліктің жоғары когнитивті-коммуникативтік деңгейіне қол жеткізу;
- Ұсынылған оқу материалының лексикалық және грамматикалық қорын меңгеру;
- Дыбыстау-интонациялық деңгейде мүмкін болатын интерференцияны жою.

Оқушылардың жаңа сабақты тыңдау мен есту сияқты қабылдау жолдарымен қатар сипап сезу, моторика сияқты жолдары арқылы өткізілген сабақ адамның есте сақтау қабілетін дамытады (восприятие пятью каналами).

Сабақта қолдануға тиімді сабақтардың тәсілдердің бірі – релаксация сабақтары.

Тұтас ойлау қабілетін қалыптастыруда, тіл үйретуде жалпы жаратылыс заңдылықтарына сүйену, тыңдаушының психологиялық ерекшеліктерін ескеру өте маңызды. Ол үшін адамның денсаулығын сақтандыра отырып, білім беру технологиясының (Н. В. Маслова. «Ноосфералық білім беру») релаксация әдісін қолдану тиімді деп санаймыз.



**Р.Ж Абнасырова**

*ф.ғ.к., ассистент профессор  
С. Демирель атындағы университет*

**К. Т. Әлімжанова**

*оқытушы  
№ 124 жалпы білім беретін орта мектеп*

## **ОҚЫТУ МЕН ОҚУДА АҚПАРАТТАҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

*The paper discusses innovative training technologies which have come instead of traditional methods of training. Innovative activity (technology) covers all sides of the didactic process: organization forms, the content and training technology, educational-cognitive activity. The following interactive training technologies, design training technology and computer technologies are allocated and characterized. Forms and methods of interactive training technologies, in particular: a problem lecture, a seminar-debate, the educational discussion, «brain storm», didactic games etc. are considered.*

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім».

Қазіргі кезде ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім беру саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар саласындағы алдыңғы қатарлы жетістіктерді пайдаланып, білімнің жаңа деңгейі мен сапасына қол жеткізуге ұмтылу алға қойған мақсаттардың бірден-бірі. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – жаңа ақпараттық-коммуникациялық технология негіздері болып табылады. Қазіргі ХХІ ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында компьютерлік техниканы, интернетті, компьютерлік желі, электрондық оқулықтарды тиімді пайдалану арқылы білім алушылардың білімін күшейту және білім сапасын көтеру қажет болып отыр. Олай болса барлық сабақтарды ақпараттық технологияны пайдалану арқылы жүргізу бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі.

Заман ағымына қарай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез келген сабақта электрондық оқулықтарды пайдалану білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Кәсіби қазақ тілі сабағында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, студенттердің сөздік қорын молайту, сөйлеу тілінің грамматикасын қалыптастыру, дыбыстарды дұрыс айту, диалогтік сөйлеудің қалыптасуы, түсінгенін айта білу, сауатты жазуға дағдыландыру, дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, өмірге деген көзқарасын дамытып, шығармашылық қабілетіне жол ашуға болады.

Берілген мақалада «Кәсіби қазақ тілі» пәні бойынша оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың тиімділігі айтылған. Әр мамандықтың өз ерекшеліктеріне байланысты мысалдар көрсетілген.

**К. С. Алдашева**  
*PhD докторант*  
Абай атындағы ҚазҰПУ

## ЖАҢА СӨЗДЕРДІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР БЕЛГІСІ РЕТІНДЕ МЕҢГЕРУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІДЕРІ

*In modern Kazakhstan society the concept of «national values» is of particular relevance as a factor in determining the important directions in the development of a multi-ethnic society and becomes an integral part of public policy. Language – a particularly important element of national values. This article discusses some of the methodological and methodical way to improve knowledge learners through the language of the ethnic cognitive signs of national and spiritual values.*

Елімізде қазақ тілін қазақ тілді аудиторияларда да, өзге тілді дәрісханаларда да оқытудың стандарттары, бірүлгі бағдарламалары түзілген және қазақ тілін меңгерту бағытындағы үздіксіз білім берудің моделі жасалған. Бірақ үштұғырлы тіл саясаты жағдайында қазақ тілінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мүддесінде қазақ тілін оқытуды технологиясы, әдістемесі жағынан ұдайы жетілдіріп отыру қажет. Бұл арада бірнеше маңызды факторлар айқындалады. Біріншіден, қоғам мүшелерінің қазақ тілі бойынша толық, жеткілікті білім алып, қазақ тілін белгілі бір коммуникативтік жағдаятта қолдана алатындай коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасуы қажет. Коммуникативтік құзыреттілігі жеткілікті адам ресми-іскери, әлеуметтік-тұрмыстық жағдаяттарға белсенді қатыса алатын тілдік тұлға дәрежесіне көтеріле бастайды.

Психолингвистикалық тұрғыдан қарағанда белгілі бір коммуникативтік актіде қазақ тілі арқылы қарым-қатынасқа түскен және осы қарым-қатынас арқылы қанағаттану сезімі пайда болған адамның лингвомәдени құзыреттілікке көтерілуге деген құлшынысы мен ынтасы пайда болады. Бұл ретте қазақ тілінің қазақ ұлтының ұлттық философиясымен, этностық ерекшеліктерімен байланысын зерделеу маңызды. Тілді үйретуде және меңгеруде тілдің әрбір бірлігін (әсіресе лексикалық бірлігін) формалды құрылым ретінде қарастыру мүлде жеткіліксіз, тілдің әрбір сөзі, әрбір бөлшегі – ұлт пен мәдениет тұтастығынан туындаған күрделі құбылыс.

Тілді меңгеруде әрбір тілдік құрылымның (оның ішінде сөздің) халықты қоршаған табиғи болмыспен, табиғаттық-ғарыштық кеңістікпен байланысын ұдайы назарда ұстау қажет. Бұл әсіресе қазіргі кезеңде сөздік құрамның елеулі бөлігіне айналып отырған жаңа сөздерді меңгеруде барынша маңызды. Өйткені әлеуметтік лингвистикалық көрсеткіштерге қарағанда, Қазақстан қоғамындағы субъектілердің жас ерекшеліктеріне байланысты жаңа сөздерді қабылдауы, мойындауы әртүрлі деңгейде. Орта және аға буын өкілдеріне көптеген жаңа сөздер таныс емес болса, керісінше жас буын өкілдеріне (орта және жоғары оқу орындарында білім алушылар) қазақ тіліндегі жаңа сөздер біршама танымал. Өйткені білім берудің дидактикалық базасында және өзбетінше білім жетілдіруге, ой-өрісін кеңейтуге ықпал ететін салаларда – масс-медиа құралдарында, ғаламтор мен теледидарда қазақыландырылған жаңа сөздер жиі кездеседі. Осы арналарға көбірек мойын бұратын қазақ тілді жас ұрпақ өкілдері жаңа сөздерді шартты таңба ретінде ғана емес, сонымен қатар ұлттық болмыстың бір белгісі ретінде қабылдауы керек. Өйткені әрбір жеке тұлғада құндылық бағдарлары болуы керек, ал олардың қалыптасуының негізгі кезеңі жасөспірім шақ. Сондықтан жаңа сөздерді меңгеруде ұлттық философияның ерекшеліктерін, тіл мен ұлттық болмыс арасындағы байланысты назарға ұстай отырып, білім беру қажеттігі туындайды. Бұл тілдің адамзат дамуындағы ең бағалы рухани құндылық екенін мойындата түседі. Егер жеке адам өзінің ана тілін және сұранысы үшін қажетті екінші тілді рухани құндылық деп мойындаса, оның коммуникативтік құзыреттілігі мен лингвомәдени құзыреттілігі теңбе-тең дәрежедегі сипатқа ие болады.

**А. М. Рахимова.**

*PhD докторант*

*І. Жансүгіров атындағы ЖМУ*

## **ИНТЕЛЛЕКТИНІҢ ТІЛДІК ТҰРҒЫДАН ЖАҢАША ЗЕРТТЕЛУІНІҢ НЕГІЗГІ ТЕТІКТЕРІ**

*In this thesis addressed the issue of the need for the modern study of human intelligence from the point of view of linguistics.*

Бәсекеге қабілеттілікті талап ететін дәуірде адам туралы ғылымды үнемі жаңғыртып отыру керек. Дүниежүзілік жаһандану үдерісі жаратылысымызда адамға ғана тән болған интеллектуалдық мүмкіндіктерді енді жасанды интеллект арқылы дамытуда. Әлемде бұрын-соңды ешкімнің ойына келмеген ғылыми-технологиялық төңкеріс белең алуда. Осы жағдай адамның өміріндегі негізгі құндылықтардың өзгеруіне, ұтқырлыққа, ақпараттық ағымға, әлемдік бәсекелестікке және т. б. осындай факторларға бағыныштылық туындатып отыр. Қалайда, адамға табиғат берген интеллект (ой, сана, ақыл, парсат, білім, дарын және т. б.) – тіршілігіміздің басты тірегі.

Адамның интеллектісі – ғылым ғылым болғалы әр бағыттағы зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған мәселе. Интеллектіні зерттеген әрбір ізденуші бұл абстрактілік ұғымның қаншалықты терең философиялық, танымдық әрі психофизиологиялық, педагогикалық қызмет атқарып, адамзат жаратылғаннан бастап бүгінгі қоғамдық дамуымызға тікелей байланысты екеніне көз жеткізеді. Кейінгі жылдары отандық ғылымдағы антропоцентристік бағыттағы зерттеулердің белең алуы адамның ішкі жан дүниесінің, танымының, мәдениетінің, әлеуметтік әрекетінің тілмен байланысын анықтап, талдауға негіз болған еңбектердің қатарын арттырып отыр. Тіл мен адам бірлестігі негізінде адамның интеллектуалдық сипаты когнитивтік лингвистиканың, лингвопсихологияның, лингвомәдениеттанымның, әлеуметтік лингвистиканың, гендерлік лингвистиканың, лингвоперсонологияның зерттеу нысаны бола алатын күрделі әрі мағынасы ауқымды ұғым-белгі. Сондықтан, интеллектінің бірінші кезекте танымдық ұғым екенін ескеретін болсақ, ең алдымен, когнитивтік тіл білімінің зерттеу нысаны ретінде қарастырып, адамның интеллектуалдық сипатының концептуалдануын зерттеу, оның басқа ғылыми аспектілерде тоғысуын айқындау – тіл ғылымы үшін өзекті мәселе.

Ал адам интеллектісінің қазақ мәдениетіндегі көріністері (шешендік өнер, гендерлік интеллект, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер, метафоралар, тұрмыс-салт) «интеллект» концептісінің лингвомәдени ерекшеліктерін найқындайды. Сондай-ақ адам интеллектісінің танымдық-мәдени қырлары оның психологиялық астарымен тығыз байланысты дамиды.

Әлемнің ғылыми бейнесіне үңілсек, әлеумет өміріндегі ең маңызды, тірек ұғымдардың бірі – «интеллект» макроконцептісі екендігі дау тудырмаса керек. Отандық және шетелдік лингвистердің аталған феноменді зерттеу тарихы өткен ғасырда басталса да, «интеллект» макроконцептісін ғылыми талдау шегіне жетті дей алмаймыз.

**Г. К. Өтебаева**  
*п.ғ.магистрі*  
ҚБТУ

## **«ІСКЕРЛІК ҚАЗАҚ ТІЛІ» КУРСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАРЫМ ҚАТЫНАС ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

*The article considers the effectiveness of using interactive teaching methods in the formation of the communicative competencies in Business Kazakh students.*

ЖОО-да білім алушылардың мемлекеттік тілді меңгеру бағыттарының бірі – курстық жүйеде оқытылатын «Іскерлік қазақ тілі». Мұнда іскерлік қазақ тілі аясында тілдік қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастыруға бағдарланған оқытудың функционалдық сауаттылық сипаты алға шығады. Осы орайда іскерлік қазақ тілі негізінен, сөйлесім, жазылым дағдыларын жетілдіру жолымен меңгеріледі, бұған тыңдалым, оқылым сияқты оқу әрекеттері қызмет етеді. Бұл қажеттіліктерді өтеуде осы жұмыстың авторының «Іскерлік қазақ тілі» оқу құралы (Іскерлік қазақ тілі. Оқу құралы.– Г. К. Өтебаева, Ә. С. Қалығұлова.– Алматы: ҚБТУ баспасы, 2016, 191 бет.) студенттердің болашақ мамандықтарына сәйкестендіріліп дайындалды. Аталған оқу құралы мемлекеттік тілді функционалдық сауаттылық яғни іскерлік қазақ тілі сипатында меңгеруге септік ете отырып, студенттердің мамандық бағытындағы тілдік қарым-қатынас құзыреттіліктерін де нәтиже ретінде қалыптастыруға қызмет етеді.

Құзыреттіліктің түрлерін де ғалымдар жан-жақты айқындаған. А. В. Хуторский зерттеуіндегі жеті топқа жіктеу педагогикалық ортада көбірек танымал десек, соның ішінде тілдік қарым-қатынас құзыреттілігіне ғалым «басқа адамдармен байланысқа түсудегі тілдің қажеттілігін білдіреді» (Хуторский А. В. Методика личностно-ориентированного обучения. Как обучать всех по разному?: пособие. -М.: Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2005.– с. 383) деп анықтама берді.

Диалог бүгінгі таңда оқытудың интербелсенді технологияларын қолданумен байланысты қаралады. «Интербелсенді оқыту – бұл, сұхбаттасып оқыту, оның барысында оқытушы мен білім алушылар өзара әрекет етуі жүзеге асырылады» (Боранбаев Ж., Омарова Л. Қазақ мектептерінде «Кембридж» тәсілдеріне негізделген жаңашыл оқытудың бүгінгі баспалдақтары.– Алматы, «Білім», 2012.–272 б.).

Тілдік қарым-қатынасты іскерлік қазақ тілі аясында ұйымдастыруды сұхбаттасу диалогы арқылы, топтық оқыту арқылы жүзеге асыру тиімділікке жеткізеді. Диалогтық оқытуда диалогтық әңгіме, сұрақ қою, сұраққа жауап, сұхбаттасу, пікір алысу, дебат сияқты жұмыстар тыңдалым, айтылым, сөйлесім дағдыларына жаттықтырады.

Тілдік қарым-қатынас құзыреттерін мамандыққа сәйкестендірілген іскерлік қағаздар курсына қалыптастыруда студенттердің тіл үйрену белсенділігі топтық жұмыстарда айқын байқалады.

Топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы студенттер топ ішінде әрқайсысы бір-бірімен тілдік қарым-қатынасқа түседі және қазақ тілін үйрену барысында оны қолдануда өзіне деген сенімсіздіктерден бірте-бірте арылады (Әлімов А. интербелсенді әдіс-тәсілдерді ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы.– Алматы, 2013.–448 б.).

**К. Көпеш**

*п.ғ.магистрі, аға оқытушы*

*Назарбаев Университеті*

### **«КЕРІ АУДАРЫЛҒАН САБАҚ» – ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МОДЕЛЬ**

*Flipped lesson is very efficient type of lesson in teaching a language. As a result of its implementation students increase their activeness and train researching, collecting and creative abilities.*

XXI ғасыр жетістіктерінің бірі – тіл үйрету барысында оқытушының жаңа технологияларды қолдана отырып, білім сапасын арттыруға, шәкірттерінің белсенділіктерін арттыруға мүмкіндік алуы. Кері аударылған сабақ – сол мүмкіндіктердің бірі – қызықты, нәтижелі педагогикалық қадам деп айтуға болады. Ғаламтор адамдардың ажырамас бір бөлшегі болған заманда, оның мүмкіншіліктерін сабақ барысында қолданудың өзектілігі артып отыр. Қазіргі таңда бұл модель бойынша әр түрлі тақырыпта құрастырылған бейнелекцияларды [www.youtube.com](http://www.youtube.com) желісінен табуға болады немесе әр оқытушы өз пәні бойынша сабақ тапсырмаларын <https://www.playposit.com>, <http://bit.ly/nufliр> және т.б. ресурстар көмегімен құрастыра алады.

Кері аударылған сабақ мазмұны бойынша жұмыс жасар алдында әр оқытушы маңызды бірнеше элементке назар аударуы керек:

- Студентке аудиторияға келгенге дейін жаңа тақырып туралы түсінік беріледі.
- Студент білімін бағалаудың бірнеше жолы ұсынылады.
- Аудиториядағы белсенділік жоғары деңгейдегі танымдық әрекетке бағытталады.

Студенттер аудиториядан тыс білген ақпараттарын, жаңа сөздерді немесе грамматикалық құрылымды сабақ барысында тереңдету, жан-жақты талқылау, өз ойын, сыни көзқарасын айту үшін қолданады. Студент пен оқытушының орындары ауысады: студенттер өздеріне жауапкершілікті көбірек алады, яғни материалдың негізгі мазмұнын жеке немесе топтарда меңгереді. Студенттің жауапкершілігі мен танымдық белсенділігі арта түседі.

Бейнесюжеттер, бейне-лекциялар кері аударылған сабақтың негізін құрайды. Студенттердің деңгейін, сабақ тақырыбы мен мақсатын ескере отырып, оны оқытушы алдын ала құрастырып, студенттерге сілтемесін жібереді немесе онлайн-файл форматында сақтайды. Кері аударылған сабақ барысында оқытушы тренер немесе кеңесші ретінде, студенттердің өздік жұмыстарын көтермелеп, алдағы жұмысқа ынталандырып отырады. Осы модель бойынша оқу үдерісі оқытушыдан іздеу, сұрыптау, зерделеу жұмыстарымен қатар, біліктілікті талап етеді.

Кері аударылған сабақтың біркелкі немесе бір типті моделі жоқ. Сабақ барысы алдын ала қаралып, тапсырмалар орындалған 5–7 минуттық бейне-сюжет (бейне-лекциялар, көркем фильмнен үзінді, түрлі бағдарламалар, бейнеклиптер және т.б.) төңірегінде құрылады. Онлайн-сұрақтар немесе тапсырмалармен жұмыс жасау барысында студент түсінбеген сөздер немесе оқиғаларға бірнеше рет қайтып оралу мүмкіндігіне ие болады. Оқытушы сабақта талқылау жұмысын жүргізу барысында студенттерді топқа бөліп тапсырма беру, оларға рөл тағайындау арқылы аудиториядан тыс жүргізілген жұмыстың нәтижесін бақылап, қорытындылай алады. Бұл модель бойынша жұмыс жасау барысында сабақ құрылымының жаңаруымен қатар, үйге берілетін тапсырмалар да түбегейлі өзгеріске ұшырайды.



**М. Нұркентаева**

*Магистр. Назарбаев Университеті*

**С. Абжанова**

*Магистр. Назарбаев Университеті*

**С. Мұсабекова**

*Магистр. Назарбаев Университеті*

## **FAMILY LANGUAGE POLICY IN KAZAKHSTANI FAMILIES**

*Мақалада Қазақстандағы үштілділік мәселесі қарастырылған. Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасының жоғары оқу орындарында, қоғамда жүзеге асырылу барысында қазақстандықтардың өміріне, білім беру саласына, сондай-ақ экономикаға тиімді әсері сипатталады.*

Kazakhstan is a dynamically developing young country where about 130 nations and nationalities live together in peace and harmony for about 25 years since Kazakhstan has gained its independence from the Soviet Union. Having population with about 17 million people, Kazakhstan is developing trilingual policy in the educational system and aim at increasing the number of speakers in the state official language (i. e. Kazakh) up to 100%, Russian and English up to 85% and 25% respectively by 2020. The main goal of Language Policy (hereinafter LP) in Kazakhstan is to increase the competitiveness of graduate staff and growth of export potential of the education sector (Nazarbayev, 2007). Various factors influence the reconsideration of the language policy in Kazakhstan, for example, the implementation of the trilingual policy in all educational institutions, globalisation of the economy, internationalisation of the educational curriculum contributed to the development of the economy and of the educational system particularly. Intermarriages that facilitated the use of LP in the micro-level domains are also considered as unforeseen factor for the development of the family language policy (hereinafter FLP). Most families in Kazakhstan are bilinguals due to the fact that Kazakhstan was under the Russian colonisation for about 70 years and people had to learn and speak the language of the dominants. Since the «Trinity of languages» project launched, many Kazakhstani families, mostly young families and children have begun to learn English. From one hand it is good, but from the other hand, older generation concerns regarding to the loss of the mother tongue among young people. Each family creates their own FLP and they even do not guess about the existence of FLP in the linguistics or science in general.

**Г. К. Мадина**

*п.э.магистрі, аға оқытушы*

*Көкшетау техникалық институты*

## **ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*This article talks about some of the exact proven pedagogical – psychological peculiarities in teaching of the Kazakh language. Also, discusses several pedagogical methods when working with students.*

Қазіргі кезде оқу орындарында оқытушылардың педагогикалық-психологиялық қызметін жетілдіріп, тиімді педагогикалық технологияларды игеруін диагностикалау және көмек көрсету, оқушы-оқытушы арасындағы қарым-қатынас мәселелерін сараптау, оларды шешу жолдарын ұсыну, оқушылардың білім сапасы мен тәрбиелілігінің үздіксіз мониторингін жүргізу, оқушылардың даралық, дарындылық қабілеттері мен сұранымдарын, қанағаттану деңгейін анықтау және оны көтеру жолдарын белгілеу бағыттарындағы жұмыстар жүргізіледі.

Оқушылармен жұмыс жасауда педагогикалық принциптерді ескеру қажет: тұлғаның дамуы үшін ұсынылған мүмкіндіктердің максималды әртүрлілік принципі; оқытудың даралану және жіктелу принципі; мұғалімнің минималды қатысуымен өтетін оқушылардың үйлесімді жұмыстары үшін шарт жасау принципі; оқушылардың қосымша білім беру қызметін, көмегін, тәлімгерлігін еркін таңдау принципі. Оқытушылардың міндеттері: әрдайым оқушыға жақсы тілектес болуы, талабы мен қызығушылығын сезінуге; балалардың психологиялық ерекшеліктерін жете білуге; зияткерлік дамудың жоғары деңгейінде болуға; қызығушылық пен икемділіктің кең көлемін игеруге; оқытумен байланысты әртүрлі міндеттерді орындауға дайын болуға; икемділік танытуға, өз көзқарастарын қайта қарауға және үнемі өзі қол жеткізуге дайын болуға; шығармашылық жеке дүниетанымы болуға; дені сау және өмірде тұрақты болуға; балалармен жұмыс жасауда жоғары оқу орнынан кейінгі арнайы дайындығы болуға және алдағы уақытта арнайы білімді игеруге дайын болуға.

Ұстаз еңбегі психологиялық-педагогикалық тұрғыдан ғана емес, әдістемелік даярлығын да тұрақты жетілдіруді талап етеді. Іс-әрекет нәтижесінде сәйкес қойылған мақсат оқытушының педагогикалық процесс жағдайы жайындағы ақпараттарды игеру дәрежесіне тікелей тәуелді болады. Педагогикалық процестің барлық сипаттамалары бойынша шынайы диагностикалық мәліметтер алу үшін ғылыми педагогикалық зерттеу әдістері, оқушы әрекетінің өнімін зерттеуді, сауалнаманы, сабақты, оқу мен оқудан тыс әрекеттің барлық түрлерін талдау, бақылауды, әнгімелесуді, социометриялық талдауды, әр түрлі диагностикалық карталар толтыруды, тестілерді пайдалану керек.

Білім ошақтарында жаңа инновациялық технологияларды қолдану барысында, оқытудың әр-түрлі әдіс-тәсілдерін енгізу қажеттілігі туып отыр. Ұстаздардың оқыту үрдісінде жаңа көзқарасын қалыптастыру, олардың педагогикалық мәдениеті мен шығармашылық ізденісін арттыру, жаңа технологиялық әдістерді меңгеруге үйрету – бүгінгі күннің мұғалімге қойып отырған басты талаптарының бірі.

**С. Абжанова**

*Магистр. Назарбаев Университеті*

**С. Мұсабекова**

*Магистр. Назарбаев Университеті*

## RESEARCH INTEGRATED TECHING IN LANGUAGE

*Мақалада қазақ тілі сабақтарында, атап айтқанда «Бизнес этикеті» курсында оқыту мен зерттеуді үйлестірудің маңыздылығы туралы айтылады. Оқыту стратегиясының мазмұны курс барысында орындалатын тапсырмалар мен сабақтан тыс атқарылатын жұмыстардың тіл үйренудегі тиімділігін саралау арқылы сипатталады.*

In Nazarbayev University which aims to become the first research and world-class university in Kazakhstan, it is important to use research to enhance the student learning experience. In this article, we would like to describe the role of research integrated teaching in Kazakh classes, where both teacher and students use their research skills to review research papers, collect and analyze data, generate, interact, and share enthusiasm in learning process.

Since teaching and research are supposed to go hand-in-hand in research intensive university, I asked myself: ‘How could teaching and research be optimized in language classes?’ Thus, developing a researcher’s ‘mindset’ through different assignments became one of the main goals of Business Etiquette course. I find myself spending a significant amount of time on revising and refining my materials, my approach and my techniques. I tried to focus on effectiveness of the course and wondered which strategies worked and which were less successful.

We would like to share our teaching experience regarding integrating research into teaching used in our language courses. Most of them are focused on task-based learning, namely problem solving, moving from theory to real life; and these assignments help students to use their research skills to review research papers. Other non-class activities such as conducting workshops and seminars on Business Correspondence in Kazakh and putting good researchers/successful businessmen in front of students promote students’ interests and stimulate new learning directions. In this course, students also work as article reviewers and write their own articles in Kazakh. These assignments encourage students to make a contribution to social life. And using Survey Monkey and Moodle as a tool to get feedback is more effective way in research integrated teaching.

As ‘Research is creating new knowledge’ (Neil Armstrong), we tried to highlight the importance of integrating research into teaching based on our personal teaching experience. Balancing the time spent on teaching and research can lead to more realistic expectations of staff performance. Other factors such as career development can significantly affect teaching productivity and effectiveness. From our experience at NU, we find that it is possible to integrate research into teaching in language classes.

**Б. Х. Ақжолова**

*Оқытушы*

*Алматы мемлекеттік көлік және*

*коммуникациялар колледжі*

## **ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ**

*The article describes the innovative technologies and the opportunity to use them for language teaching.*

Тілдерді оқытуда инновациялық технологияларды тиімді қолдануға түрткі болған ең үлкен фактор – Елбасының жолдауы. Атап айтқанда, Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты стратегиясы алдағы жылдарда білім беру реформасына бірнеше бағдарламалардың іске асуын белгіледі. Олар «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасы», «Қазақстан 2030» стратегиясы, т. б. Әсіресе, елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасы білім беруде инновациялық технологиялармен қатар инновациялық ойлау стилін қалыптастыруға жол ашты. Бұл жобаның басты мақсаты «жаңа формациядағы қазақтандықтарды тәрбиелеу және Қазақстанда әлемдегі ең бір әлеуетті, бәсекеге қабілетті адами капиталға ие елге айналдыру».

Осы тұрғыдан алғанда, интеллектуалды адам ресурсы, өз мемлекеттік тілімен қатар басқа да тілдерді өз халқының мүддесі және мемлекетаралық қарым-қатынас пен ынтымақтастық жолында игере және тиімді пайдалана білетін интеллекттердің мақсатын айқындай түседі. Бұл туралы Садықова Р. Қ.: «Интеллектуалды адам ресурсы дегеніміз – тек білім мен ғылымды меңгеріп қоймай оны экономика мен қоғамдық өмірде, өндірісте кеңінен қолдана алатын және озық технологиялардың кілтін білетін, сондай-ақ өзіндік тұжырымдар мен ұсыныстар әзірлей алатын парасатты адамдардың образы».

Сонымен қатар тілдерді оқыту жүйесіне енгізілетін инновациялық технологиялар ұлттық дәстүрге, ұлттық санаға, ұлттық қайнар көздерге, ұлттық негіздерге қайшы келмеуге тиісті. Мысалы, «үш тұғырлы тіл» бағдарламасы аясында үш тілді бірдей меңгерген индивид қалыптастыру үдерісі кезінде ана тіліміз – қазақ тілінің басым рөлін ұмытпауымыз керек. Мұны Х. Досмұхамедұлының: «Өз тіліңді біліп барып, өзге тілі меңгеру – сүйініш, ал тіліңді білмей тұрып өзге тілді білу – күйініш» деген сөзі дәлелдеп береді.

Соған сәйкес білім стандарты жасалынып, жаппай компьютерлендіру, инновациялық технологиядан іздену, білім мазмұнын байыту, әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатында жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Білімді жеке тұлғаға қарай бағыттау оқушының «Мен» менталитетін қалыптастыру, оларды өзін-өзі таныту үшін еңбектену оқытушылар қауымына үлкен мақсаттар жүктеді. Тілдерді оқытудың тиімді технологиялары инновациялық тәсілдерді қолданумен бірге тіл үйретушілердің ұлтжандылық қасиеттеріне де барып тірелетіні тәжірибелердің өзі көрсетіп отырған айғақ.

А. А. Букаева

Ш. Уәлиханов атындағы КМУ

## АҚПАРАТТЫҚ – ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

*In the present article the effect of implementing multimedia technologies in teaching the Kazakh language is considered. Implementing of multimedia technologies created a lot of new opportunities to master language skills innovatively and enhance linguistic knowledge.*

Соңғы жылдары қазақ тілін оқытуда жаңа инновациялық озық тәжірибелер

қолданылып, қарқын алуда. Бүгінде қазақ тілін меңгерту барысында компьютер негізгі дидактикалық және оқыту құралы болып саналады. Сондықтан бұл бағытта мультимедиялық технологияларды оқыту үдерісіне екпінді түрде енгізу – қазақ тілін жаңа тұрғыдан меңгерту болып табылады.

Сабақта мультимедиялық технологияларды қолданудың маңыздылығы орасан

зор, себебі бұл технология қазіргі заман оқушылардың психологиялық даму ерекшеліктерін ескереді, жастардың іс-әрекетке, қызметке машықтануына, жеке тұлға болып қалыптасуына әсер етеді. Сонымен қатар қазіргі заманғы мультимедиялық технологияларды қазақ тілінің оқу үрдісіне енгізу білім сапасының жоғарылауына толық мүмкіндіктер туғызады.

Педагогикалық әдебиеттерде **компьютерлік оқыту бағдарламалар түрлерін** әр түрлі тұрғыдан қарастырады, мысалы,

Тілді оқыту бағдарламалардың түрлері мен типтері тіл үйрену мақсаты, деңгейі, дайындық бейініне қарай әртүрлі болады. Э.Г. Азимов бағдарламалардың төрт негізгі тобын көрсетеді: жаттықтырушы, қатысымдық, тестік жүйелер және мультимедиа жүйесі.

Т.В. Багаева өз зерттеу жұмысында келесі КОБ түрлерін ұсынады: жаттықтырушы компьютерлік бағдарламалар, Интернет негізінде бағдарламалық құралдары, тестік жүйелер, мультимедиа жүйелері (энциклопедия, елтану материалдары, мультимедиялық материалдар).

Қазақ тілін меңгертуге қатысты компьютерлік бағдарламаларға сараптама жасай келе, мультимедиялық оқыту кешендері ең дамыған сатысы деген тұжырым жасаймыз. Бұл әзірлемелер білім беру жүйесінде оқушыларды, студенттерді, оқытуда, өздігінен білім алуда, қашықтан білім алуда қолданылады. Біздің ойымызша, Интернетте қазақ тілін қашықтан оқыту курстары мен тестілеу жүйелері көбейе бермек. Сондықтан осы бағыттағы бағдарламалар басылған оқулықтармен қамтамасыз етіліп, шығармашылық, проблемалық тапсырмаларды енгізіліп, автоматтандырылған тестілеу жүйесін дамыту қажет. Оқыту бағдарламалары материалды өзара байланысты шағын бөліктерге бөліп, әр үйренушінің жауабының сол мәзетте бағалануға мүмкіндік тудырады. Осындай бағдарламалар тіл үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне арналып, тілді жеделдетіп меңгеруге бағытталған. Ұсынылған электронды өнімдерде тілді меңгеруге арналған жиі кездесетін тапсырмалар: диалогтар (кейбір жағдайларда дыбысталған, суреттелген), бейнеүздіктер, кірістірілген автоматтандырылған сөздік, грамматикалық түсіндірме, жаттығулары бар жаттықтырушы модульдар, сөйлесімді жазу мен қайта тыңдауға арналған модуль, мәтіндердің мәлімет қоры, әдістемелік нұсқаулар және т.б. Оқыту материалдарының көрсетілімі дыбысталған диалог түрінде (мультипликация, бейнежазба, статикалық суреттермен сүйемелденген) және оқылымға арналған дыбысталған мәтіндермен беріледі.

Қортындылай келгенде, оқу орындарында қазақ тілін оқытуда дайын өнімдердің жетістіктерін есепке ала отырып, мультимедиялық технологияларды қолданып, компьютерлік оқыту бағдарламаларды әзірлеудің теориялық, әдістемелік мәселелерін терең саралау арқылы оны жетілдіре түсу біздің басты мақсатымыз деп ойлаймыз.



**Н. В. Лемяскина**

*Старший преподаватель*

*Санкт-Петербургский гуманитарный университет профсоюзов*

## WHAT TO TEACH: TOPICS AND SITUATIONS

*Шет тілін оқыту презентация-бекіту-нәтиже парадигмасына негізделуі мүмкін. Сөздік, сөйлеу, грамматикамен қоса топик, ситуация, түсінік сияқты аса «коммуникативті» категорияларды қолдану өте тиімді болады.*

The process of teaching a foreign language is a complex one. It has to be broken down into components for purposes of study. They are presenting and explaining new material, providing practice and testing. It is the ‘presentation – practice – production’ paradigm.

Scientists have broken language down into three main components: the phonology, or sound system; the lexis, the words and phrases which express concepts; the structure, or the way words or bits of words are strung together to make acceptable sentences or phrases. Language teachers define these as pronunciation, vocabulary and grammar. But there is another type of language ‘segment’ which is also important. It may be called ‘holistic’: language used in a convinced context to communicate meanings. Such segments may contain the language used to express a certain topic, or a certain situation. These segments, or categories, are more ‘communicative’.

New topics and situations need to be presented in the same way as new language items or texts. What happens in an effective presentation? Attention – the learners are alert, focusing their attention on the teacher or the material to be learnt. Perception – the learners see the target material clearly. Comprehension – they understand the meaning of the material being introduced and its connection with other things. Short – term memory – the students need to take the material into short – term memory: to remember it to unite learning. Some students remember better if the material is seen, others if it is heard, yet others if it is associated with physical movement – visual, aural and kinesthetic input.

The presentation of topics and situations may be approached from different directions:

- Take the topic or situation, do a task based on it, eliciting from the students any necessary new words.
- Introduce the new language, and through it approach the topic or situation.
- Go straight into a text, using it both to teach new vocabulary and to explore the relevant topic.

Here are some practical techniques for presentation:

- write the name of the topic in the middle of the board and invite the class to brainstorm all the associated words;
- describe a communicative situation and characters and invite the students to suggest orally what the characters will say;
- write the name of the topic on the board and ask the learners what they know about it or what they would like to know;
- give the title of a text and invite the class to write down sentences or expressions they expect will arise within it;
- define briefly the opening event and characters in a communicative situation and ask the students to imagine what will happen next.

**Н. В. Паршукова**

старший преподаватель Алматинского филиала  
 Санкт-Петербургского Гуманитарного университета профсоюзов

## LISTENING TO ACCENTS

*Мақаланың мақсаты – оқушыларды тындай отырып, сөйлеудегі ерекшелік проблемаларын анықтау, оларға осы проблемаларды түсіндіру және оны түзеу. Осындай проблемаларды шешудің бірнеше кезеңдері ұсынылады.*

Identifying elements of foreign pronunciation

Stage 1: Preparing materials

Using audio cassettes, prepare recordings, two to three minutes in length, of foreign accents; this can be done individually or in pairs or groups. The recordings should consist of short interviews with speakers who are not very proficient in the target language. In a country where the target language is not locally spoken, it makes sense to use as interviewees natives of this country, but other accents may be used in addition.

It is, of course, much easier just to ask people to read aloud in order to make the recording, but resist the temptation! There are various reasons for this: someone reading aloud has time to think consciously about how they are speaking, and we are looking for ‘intuitive’ pronunciation; the reading passage may include words the interviewee does not know; and perception of spelling affects pronunciation. Improvised speech produces much better samples, which may later, incidentally, be used to examine lexical and grammatical errors. If you find it difficult to think of questions for an interview, the interviewee can be asked to describe a picture, or retell a well-known story.

If you have not made such recordings before, make a brief trial recording of a few seconds and play it back in order to check that you have the distance, volume, microphone and so on properly adjusted. Begin the actual interview only when you are sure you are getting a clear recording.

Stage 2: Analysis

Listen to the recordings and try to analyse what it is about the accents which makes them ‘foreign’. This is quite difficult; you will find you need to listen to the recording more than once. It is easier if you note the words and phrases which sound generally foreign while listening the first time, and then during later listenings try to define what precisely is wrong with them. If you know the phonetic alphabet and symbols of intonation and stress, this can help, but a rough description of what is wrong in ‘lay’ language can be quite adequate.

Stage 3: Pooling and comparing

If several such recordings have been made by a group of teachers studying together, then the next stage is to share findings. In small groups, each recording is listened to, and participants try to identify the errors and how and why they think these occur.

Stage 4: Drawing conclusions

Discuss your findings, and draw conclusions.

**В. В. Власова**

*старший преподаватель*

*Санкт-Петербургского Гуманитарного университета профсоюзов*

## HOW TO ENGAGE STUDENTS INTO INTERACTIVE DISCUSSIONS

*Берілген мақалада коммуникативтік қызметтің дискуссия сияқты түріне оқушылардың қызығушылығын арттырудың бірқатар жолдары қарастырылады. А2 – В1 деңгейдегі студенттердің сөйлеу белсенділігін қолдауға арналған дәстүрлі емес тапсырмалар ұсынылады.*

The most valuable idea in education process is to conduct lessons that motivate learners. One important way of doing classes exciting is to include interactive assignments like well – planned discussions which keep the class more dynamic.

Here are some of the most efficient approaches to design discussions in a stimulating manner:

### 1. Form small groups.

Give the class a discussion question so all groups have a short debate to come up with an answer. Use cards. Leave time for each team to develop its report, then accidentally take a card and ask the groups to deliver their solution. When the answer has been completed, put the used card back in the deck, so that no group can relax and think that their turn is over.

### 2. Give questions to involve scholars in the conversation.

When the first student answers a question, ask the other one if he agrees or not with that report. So keep going until maximum participants have been involved in the debates.

3. When you ask a question, call on students by letting them catch a ball and roll it to students in a circle.

This way of calling on students can be a fun or a disaster. It is necessary to clarify some **don'ts** and stop the game if they are broken.

4. A fun method to discuss celebrities is to choose someone you are learning. Divide the class into groups and have each team come up with a set of questions to interview that person. Group participants should approve all the questions. Then each team passes their questions to another group. In the end all participants get the task of answering one question in writing with full agreement in a way they imagine the celebrity might answer.

It is very important to students' socialization to interact with each other in class settings. Students learn best when the assignments are based on their interests and learning levels.

**Н. Е. Байсаков**

Оқытушы

Астана қаласы № 27 мектеп-лицейі

**ТІЛ ҮЙРЕНУДЕГІ СУРЕТТЕРДІҢ ОРНЫ***Content of the report «the role of picture in learning a language»*

Кез келген тілде сөйлеп кету үшін шамамен 2000 сөзді қолданып үйренсе де жеткілікті деген пікір бар. Мүмкін бұл пікір ағылшын тілі негізінде қалыптасқан болуы мүмкін. Алайда соңғы жаңалықтарға сүйенетін болсақ, «Қазақстан» телеарнасынан қазақ тілінің сөз байлығы бойынша қазіргі кезде әлемде жапон тілінен кейінгі екінші орынды алып тұрғанын айтты. Қазақ тілі сөзге бай екендігіне қазақтың ауыз әдебиетінің жүз томдығының шығуы да дәлел бола алады. Жүз томдық ауыз әдебиеті әлемдегі бірде-бір халықта жоқ.

Десек те мектепте оқыған 10 жыл неліктен қазақ тілінде сөйлеп кетуге аздық етіп жүр?

Тіл үйретуде суреттерді көп қолдану керек. Көптеген сөзді біз белгілі бір образ ретінде есімізде сақтаймыз. Миға әсер етудің төте жолы сурет. Ғалымдардың анықтауынша, көзбен көргенді адам баласы басқа қабылдау қабілеттерімен салыстырғанда, 70% жақсы сақтайды екен. Ал бұған дейін қазақ тілін оқытуда суреттер өте аз қолданылды.

Адамның көргенін есіне жақсы сақтайтынына мына бір экспериментті мысалға келтіруге болады. Шетелдің ғалымдары кинотеатрда көрсетілетін фильмдердің ішіне секундтың өте аз бөлшегінде сол кинотеатрдың дәлізінде сатылып жатқан бір тағамның суретін көрсетіпті. Тағамның суретінің көрсетілетін уақытының қысқалығы сонша, оны көріп, ойға алып үлгермейді екенсің. Алайда бір айдың ішінде дәліздегі сол тағамның сатылымы елу пайызға өскен. Адам түйсік арқылы сол тағамды қабылдап отыр, ендеше адамның осы бір қабілетін неліктен тіл оқытуда да қолданбасқа?!

Қазақ тілін оқытуда 300 сөзге сурет және 400 қысқа сөйлемдерге суретті қолданып жүрмін. Нәтижесі – өте жақсы.

Қысқа сөйлемдерді игеріп болған соң, мәтінмен жұмыстар жүргізілді. Әр мәтінге кем дегенде 5, әйтпесе 7 сурет қолданылды. Мәтіндермен жұмыс көлемді шығармаларды оқуға тіл үйренушіні дайындайды.

Тіл үйреткенде әдебиетті айналып өте алмайсыз, өйткені тілдің қайнар бұлағы әдебиетте. Көлемді мәтіндерді оқу барысында суретті қалай қолдана аламыз? Мұны іске асыру да өте маңызды, өйткені біз оқушымызды болашақта өз бетімен еш қорқынышсыз көлемді шығармаларды оқуға жетелеуіміз керек. Себебі «кез келген тілде тіл сындырып, еркін сөйлеп кету үшін кем дегенде 3000 бет сол тілде оқу керек» (Н. Замяткин).

**4-СЕКЦИЯ:  
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БОЛАШАҒЫ:  
ЖАСТАРДЫҢ КӨЗІМЕН**



Д. Айтжанова  
Магистр, ҚызМемПУ

## БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛИНГИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*The article discusses the problems of formation of the child's speech psycholinguistic aspect. Based on the analysis of the genesis of language and thought, identified specificity of formation of the child's speech*

Бала тілі – қызықты, өзекті, көп жүйелі мәселе, сондай-ақ бала тілі түрлі лингвистикалық және әдістемелік мәселелерді айқындау кілті болып табылады.

Сөйлеу әрекеті – кешенді құбылыс, бірнеше ғылым салаларының зерттеу объектісі. Адам баласы сөйлеу әрекеті онтогенезін тек лингвистикалық тұрғыдан зерттеу жеткіліксіз. Сондықтан баланың сөйлеу әрекеті лингвистика, психология және физиология, философия сынды бірқатар іргелі ғылымдар тоғысында қарастыруды қажет етеді.

Ф. де Соссюр, Л. С. Выготский, С. Л. Рубинштейн, А. А. Леонтьев, Е. Кларк, Д. И. Слобин, А. М. Шахнарович және Е. С. Кубрякова, Т. Т. Аяпова сынды ғалымдардың еңбектерінде сөйлеу әрекеті психолингвистикалық және лингвистикалық тұрғыдан әр қырынан қарастырған

Сөйлеу әрекетінің негізгі – тіл. Тілдің негізі – ой. Тіл мен ойлау ара қатысын зерттеу көне дәуірден бастау алды.

Бала дамуының алғашқы кезеңінде тіл мен ойлау ара қатысы мәселесін Л. С. Выготский В. Келер тәжірибесіне сүйене отырып, ойлау мен тілдің генетикалық даму жолдарының байланыстарын тұжырымдап қорытты. Л. С. Выготский ойлау мен тілдің онтогенетикалық дамуында аталмыш екі процестің түп тамыры бірдей еместігін, бала тілінің дамуында «доинтеллектуальная стадия», ал баланың ойлауының дамуында «доречевая стадия» болатынын және де екі процесс белгілі бір уақытқа дейін бір-біріне тәуелсіз екі бағытта дамып, нақты пунктте екі бағыт бір-бірімен қиылысып, ойлау – тілдік, тіл – интеллектуальды бола бастайтынын анықтады [4,105].

Сөйлеу әрекеті арқылы баланың тек тілі ғана дамып қоймай, оның танымы да, ойлауы да дамиды. Бастапқы кезде баланың ойлауы сөйлеуінен озық болады да, кейініректе қатар жүреді. Бала тілі шықпай тұрған кезде де ойлай алады. Нәресте айналасындағы дүниені бірінші сигнал жүйесінің қызметі арқылы танып біледі. Ойлаудың бұл түрі оның танымын онша кеңіте алмайды. Баланың тілі шығып, сөз арқылы үлкендермен қарым-қатынасқа түскенде ғана оның ойлау қабілеті дамиды. Сондықтан баланың өсіп жетілуі оның сөйлеу әрекетімен тығыз байланысты.

**Б. Р. Қожахметова**

*гум.ғыл.магистрі, С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті*

## **СӨЗ СӨЙЛЕУ ШЕБЕРЛІГІ – ТАБЫС КЕПІЛІ**

*The article deals with problems of verbal skills.*

Көпшілік қауым алдында сөз сөйлеу, пікірлесу, әңгіме жүргізу шешендік өнер мен сөйлеу шеберлігін қажет етеді. Халқымыз «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады» деп тегін айтпаған. Жоғары мінбелерден дайындықсыз сөйлей саламын деп, жүйесіз сөзімен көрші елдердің әжуалауына түрткі болып, күлкісіне қалғанымыз намысқа тиеді.

Білімі мен парасаты терең, есте сақтау қабілеті жоғары, тәжірибесі мол адам ғана көпшілік алдында дайындықсыз табысты сөз сөйлеуі мүмкін. Баяндамасынан кейін тыңдаушыларының сұрағына дер кезінде сөз тауып жауап беру де, ой ұшқырлығы мен суырыпсалмалық қабілеттерді қажет етеді. Жоғарыда аталған келеңсіз жағдайларға қалмас үшін қауым алдында сөз сөйлеуден бұрын міндетті түрде дайындық жүргізу қажет. Дайындық жұмысы баяндаманың тақырыбы мен мақсатын анықтаудан басталады. Тақырып атауы қысқа да нұсқа, ішкі мазмұнына сәйкес, тыңдаушы назарын тартатындай болуы тиіс. Сондай-ақ, шектелген уақытқа көп ақпарат сиғызуға тырыспай, аз сөзге көп мағына беру тиімді. Сөз сөйлеу алдында бір-екі күн бұрын дайындалу жұмысы, туындаған жаңа ойларды реттеп алуға мүмкіндік береді.

Негізгі тезистің мазмұны не үшін және не туралы сөйлеу керек деген сұрақтарға жауап беріп, пайымдаулары қысқа, қабылдауға жеңіл, тыңдаушы жадында оңай сақталатындай болғаны жөн. Сөйлеу жоспарын құрарда, сөйлеуші баяндау қисыны мен құрылымын ойластырып, мәтініне түзетулер енгізеді. Материал теориялық, практикалық болуы мүмкін, ең бастысы, шынайылығы. Сондықтан күні бұрын ақпараттың, даталар мен сандардың, дәйексөздердің шынайылығы тексеріледі. Бірақ, фактілер өте көп болса, тыңдарман тез жалығып, баяндамаға деген қызығушылығы сейіліп қалатынын ұмытпаған жөн. Сонымен қоса, сөйлеушінің өз тәжірибесі әрқашан жақсы қабылданатыны ескеріледі. Сөйлейтін сөздің әр минутына 20–25 минут дайындық жасалса, сөйлеу барысында өзін сенімді ұстауға мүмкіндік болады. Дайындық жұмысы сөйлейтін сөзге репетиция (жаттығу) жасаумен аяқталады. Өзіңізді бейне жазба немесе аудио жазбаға түсіріп, қайта тыңдау арқылы, сондай-ақ, туыстарыңыз, достарыңыздың алдында сөз сөйлеп жаттығуға болады. Яғни, өзіңізді сырттай бақылау қажет.

Сөйлеу жауапкершілігі жоғары мамандар, яғни депутаттар, қорғаушылар, педагогтер, психологтер және т. б. сөйлеу шеберліктерін курстарда ұштап, көпшілік алдында қысылмай шешен сөйлеп, оқысынан қойылған сұрақтарға сөз тауып жауап беріп жатса, намысымыз тапталмай, қоғамдық ортадағы қадір-қасиетіміз көтерілер еді.

**Камила Керимбаева**

*Магистр, ЕНУ им. Л. Н. Гумилева*

**Нурай Жамишева**

*Студент ЕНУ им. Л. Н. Гумилева*

## **FUTURE OF THE KAZAKH LANGUAGE IN THE HANDS OF YOUNG GENERATION**

*Егеменді Қазақстан Республикасында қазақ тілін дамыту – еліміздегі тіл саясатының гана емес, республикамыздың жалпы саясатын дамытудың маңызды әрі түйінді тұсы болып саналады. Ал Қазақстан Республикасын және қазақ тілін дамыту сөзсіз қазақ жастарының қолында екені бәріне мәлім «Ел болам десең, бесігіңді түзе» – демекші, қазақ тілінің ертеңі және бүгіні жастар қолында. Біздің мақалада мемлекеттік тілімізді сақтап, оны дамытудың маңызы, атап айтқанда, қазақ тілінің жастар арасындағы қолданысы және оның сұранысың көбейтудің жолдары қарастырылған.*

The future of the Kazakh language has become one of the central themes and problems of the country since we gain independence and is still very relevant. What comes to every mind when they say «future»? Certainly, it is the youth of Kazakhstan. The youth of independent Kazakhstan is the main asset of the country, potential and the future of the nation, the future leaders and rulers. Therefore, the future of the Kazakh language depends on the young generation of Kazakhstan. Learning Kazakh language – is a matter of national security, social stability and the intellectual development of the country, which aims to unite the country’s citizens. Young people must understand the importance of this question, and should not just try to save the national language they should try their best to develop national language. In this regard, it is first necessary to form the real demand of the state language, create a need for its use, making it an attractive and prestigious.

The five institutional reforms of Nursultan Nazarbayev, which consists of 100 steps, step № 85 says about «Eternal nation». On the basis of this project lay 7 patriotic values. One of these values – the unity of the history, culture and of course, language. Therefore, it becomes clear that a common national language – is not only reflection of the culture, but also the key to the correct policy of the country.

In order to determine the level national language proficiency State Language Development Fund conducted a survey among young people.

The results of a poll showed that more than 70% of Kazakhstani youth talk fluently on the Kazakh language. The survey involved about 5 thousand people. Respondents are aged from 18 to 30 years and live in all regions of Kazakhstan. Kazakh language becomes the language of universal communication, particularly among young people. «The future of Kazakhstan – in Kazakh language», – said the first president of Kazakhstan, leader of the nation Nursultan Nazarbayev.

**Б. Керимкулова**  
магистр, ҚызМемПУ

### ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

*The article is devoted to the study of legal terminology problems. In the article are given the classification of juridical terminology are specified according to: legal sphere of use; frequency of use in the language; sphere of terms' distribution in the juridical science and practice; sector attribution; degree of unambiguity.*

Терминология мәселелері – ғылымның ең өзекті және негізгі мәселерінің бірі. Өйткені ғылымның барлық салаларының жан – жақты дамуы терминология мәселелерімен тығыз байланысты, себебі қандай да бір жаңалық, жаңа ұғым, жаңа көзқарас терминмен белгіленіп, терминологиялық жүйеде өз орнын тауып отырады, соған сәйкес аталған ғылым саласының терминологиясы дамып, қалыптасады.

Ұлттық терминологияның қалыптасу тарихы ұлттық әдеби тілдің дамуымен тығыз байланысты. Көптеген қазақ ғалымдары (Ә. Қайдар, Ө. Айтпайұлы, Ш. Құрманбайұлы) терминологияның дамуы ХХ ғасырдың 20–30 жылдарының еншісіне тиесілі деп көрсетеді. Мысалы, А. Әбдірахманов қазақ тіл білімінде терминология саласының қалыптасуы туралы өзінің пікірін былай білдіреді: «Қазақ терминологиясының жасалуын, дамуын және қалыптасуын зерттеуді, біздіңше, Октябрь революциясынан бастау керек. Бұл кезеңде мал шаруашылығы, халық медицинасы, жер бедері, өсімдіктер дүниесі, т.б. салалардан жасалған халықтық кәсіби сөздер, атаулар болды, бұлар революциядан кейінгі дәуірде ғылыми терминологияға үлкен бір сала болып енгенін айқындау қажет» [1,23].

Заң терминдері жалпыға түсінікті тілде емес, белгілі дайындығы бар не белгілі бір сала қызметімен таныс жұршылыққа арналып, ресми стильде жазылады. Заң тіліне мәтіннің тура мағынада баяндалуы, нақты терминдер мен ұғымдардың, заңға тән қалыпты тіркестердің, құрылысы бір сөз орамдарының берілуі тән. Сол себепті де аудармада түпнұсқа мәтіннің стильдік ерекшелігі тұтас ескеріліп, сөз байлығын молынан пайдаланумен қатар грамматикалық мәселелер, яғни орыс тілі мен қазақ тілі арасындағы грамматикалық сәйкессіздіктер жете ескерілуі қажет. Мәтінге қарай сөздердің орынын ауыстыру, қосу, түсіріп тастауды пайдалана отырып, сөйлем мүшелерінің орналасу заңдылығын, қазақ тілінің әдеби нормасын, емле ережелерін сақтау талап етіледі.

**Айгерім Құсайынқызы**  
аға оқытушы,  
«Нархоз» Университеті

### ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСЫ ТІЛ ЖАЙЛЫ...

*In this article author releases her personal view in terms of mother tongue from bilingual policy point view. Benefits of being bilingual and Kazakhstan's position regarding of 3 lingual futures had been a main topic.*

Қазақстанның үш тұғырлы саясатын Елбасымыз осыдан 10 жыл бұрын жария етуі Қазақстанның ішкі саясатының ұтысты тұстарының бірі. Ал, Канада қоғамында қос тілді азамат болу түйіндеменің төбесін бір елі көтерер артықшылықтардың бірі, ал әлемдік үздік 10 ЖОО-ның 7-нің иесі атанып отырған Американдықтардың 75 пайызы монотілді ұлт атанғандығын әрі тек бір тілмек шектелген ұлттың болашағы бұлыңғыр болатынын баспасөз өкілдері жар сала жазғанымен, нәтиже жақын 10 жылда бола қоймайды дейді зерттеушілер. Себебі, ғылым мен жаңа сатыға көтерілудің бір сатысын шетел тілін меңгеруден бастағандар ұтыста.

Канадада ресми қос тілді саналғанымен, француз тілінің географиясы 10 провинцияның тек екеуінде кең қолдауға ие. Ал қазақстандық студенттердің полиглот болуы канадалық оқытушыларды тандандырмай қоймайды, тіптен кейде қазақстандықтарға қызғанышпен қарайтындықтарын да жасырмайды. Қазақстандықтардың елде жүргенде байқай бермейтін потенциалдарының бірі де осында.

Болашақта Қазақстанның ЖОО кемінде 50 пайызы 3 тілді оқу ордаларына айналса, болашақтық жастардай жат елге білім іздеп емес, өз елінде білім құдығын қазумен қалған жастар көбірек болады. Әлбетте, бұл уақыт еншісіндегі дүние. Бұл қажеттілік, уақыт талабы әрі заман іріктейтін сынақ. Француз ойшылдарының бірі: «Қанша тілді білсең, бір сарайға сонша кілтін бар» деген болатын, ендеше әдемдік бәсеке жолында Қазақстан сынды 3 тілді ұлттар да баршылық, олар әлем жұртшылығының 13 пайызын құрайды.

Ал, 3 тілді еркін меңгерген Қазақстандықтар үшін біздің елдің алдында тұрған кез-келген стратегиялық міндет қол жеткізерлік меже болады. Себебі, қазақ жастары түрлі аспапта ойнайтын музыканттар іспеттес, ал түрлі аспап дайын болса, оркестрдің үйлесімді симфония шығару да қалыпты дүние. Өзге ұлттың тілін білу арқылы, қазіргі Болашақтықтар ертеңгі Қазақстан болашағының үні үйлесімді шығу үшін шеберліктерін шыңдауда.

**Ақерке Камал**

*студент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

## **ЖАСТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ШЕТТІЛДІК СӨЗДЕРДІ ТҮСІНУ ДЕҢГЕЙІ**

### *Youth's level of understanding of foreign words*

Қоғамдық өзгерістерге қарай тілдік құрамның бауы шеттілдік сөздердің қолданысқа түсуінен көрінеді. Қазіргі таңда қазақ баспасөз беттерінде шеттілдік сөздер әр саладан көптеп еніп жатыр. Шеттілдік сөздердің тілді тұтынушылар арасында мағынасының игерілу, игерілмеу үрдісі, әсіресе баспасөз беттеріндегі шеттілдік сөздердің кең қолданылуы және олардың ұғымы жайында лингвистикалық талдау жасау өзекті мәселе. Күнделікті қолданыста және бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс тапқан сөздердің алуан түрлілігіне байланысты жұмыста шеттілдік сөздер тақырыпқа сай түрлі лексикалық қабаттарға топтастырылды: *Саяси лексика; Экономикалық лексика; Жалпыхалықтық лексика; Техникалық лексика; Қоғамдық-құқықтық лексика; Абстрактілі лексика; Мамандық атаулары бойынша лексика.*

Жиналған тілдік деректерге қарай, саяси және экономикалық тақырыптардағы шеттілдік сөздердің көптігі байқалды.

Жұмысты жазу барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерінің шеттілдік сөздердің мағынасын қалай түсінетіндігін анықтау үшін эксперименттік талдау мақсатында жазбаша түрде сауалнама жүргізілді. Сауалнама мақсаты – қазіргі қазақ тілінде күнделікті қолданылатын кірме сөздердің қолданысы мен мағынасын түсіну деңгейін анықтау.

Сауалнамаға соңғы жылдары енген: *брифинг, инвестор, дефолт, дайджест, флешмоб, бестселлер, вестерн, мидтерм* т.б. шеттілдік 30 сөз алынды. Қазіргі жастардың ағылшын тілін білу бағытындағы ізденістердің ішінен *айфон, уатсап, фэйсбук, смартфон, мэйк-ап, репост, провост, прайм-тайм, портал, сигвей, скайп, стартап* секілді сөздерді кездестіруге болады.

Сауалнама жұмыстың алғашқы мақсаты мен міндетіне қарай 18–25 жас аралығындағы әлеуметтік топқа ғана жүргізілді.

Сауалнама бойынша төмендегідей нәтижелер алынды:

- 5000 нұсқалы жауаптың ішінде студенттердің 48%-ы шеттілдік сөздің толық мағынасын ашып, бұл сөздерді білетінін дәлелдегендер. Демек, 52%-білмейтіндер: 15%-ы толыққанды мағынасын ашып жазбаған, 20%-ы сөз мағынасын мүлде басқалай түсінеді, 17%-ы сөз мағынасын мүлде білмейтіндер, жауап жазбағандар;
- Эксперименттің нәтижелері шеттілдік сөздің мағынасы индивидтің ойлауындағы мағынамен үнемі сәйкес келе бермейтінін дәлелдеді. Өйткені 18–25 жас шамасындағы әлеуметтік топтың көпшілігі сөз мағынасын тек статикалық тұрғыда түпкі семасына ғана сүйеніп шала түсіндіреді.
- Студенттер бұқаралық ақпарат құралдарын оқуға дағдыланбаған.

Субъектінің сөз мағынасын түсіну-түсінбеу деңгейі ажыратылып, индивидтің сөз семантикасын ұғыну дәрежесі анықталды. Студенттердің сөз мағынасын жазудағы дұрыс және бұрыс нұсқалар дараланып, қай нұсқаның басым екендігі сараланды.



**Ақтөре Мансұров**  
*студент, Л. Б. Гончаров атындағы*  
*Қазақ автомобиль-жол академиясы*

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БОЛАШАҒЫ: ЖАСТАРДЫҢ КӨЗІМЕН

*Language comprehension develops faster than language production, and many people can understand more of a specialized language than they can produce. Language comprehension would be easier if every word had just one meaning, but language is full of ambiguities or expressions with more than one meaning.*

Ел болмайды өз тілінен безген ұлт,

Сыйламайды ел деп оны өзге жұрт.

Мәңгілік ел болу үшін онымен қатар жасап, бірге дамитын мәңгілік тілі болуы шарт. Яғни, ол тал бесіктен балаға берілетін – ана тілі.

Әл-Фараби бабамыз: «Кез-келген елдің болашағын көргің келсе, сол елде тұрып жатқан жастардың тыныс-тіршілігіне қара» деген екен. Ендеше жастардың ортасында қазақ тілінің қолдану аясы қандай? Қазіргі жаһандану жағдайында қазақ тілін өзге ұлт жастарына насихаттау қалай әсер етіп жатыр? Осы мәселелер бойынша ой өрбітсем.

Студенттер өз араларында ауылдық және қалалық деп бөлінушілік жиі болмаса да, анда-санда байқалып қалатынын айдан анық. Осыған байланысты қазақ тілі ауылдық жастар ортасында күнделікті тұрмыстық жағдайда қолданады. Қарым қатынас кезінде көркем тілмен мағыналы және мәнді оймен, сондай-ақ астарлы сөзбен жеткізеді. Ал, қалалық жастар арасында қазақ тілінің шұбарлануы жиі байқалады. Сондықтан қалалық жастарды ауылға біріктіретін мемлекеттік жоба керек деп ойлаймын.

Жаһандану жағдайында қазақ тілін өзге ұлт жастарына насихаттау мақсатында:

1) Мемлекеттік тіл мәртебесіне және орыс тілділер арасында қазақ тілін үйрету мақсатында байқаулар өткізу;

2) Қоғамды түзейтін де, бұзатында БАҚ деп ойлаймын, сондықтан ұлттық баспасөздің сапасына қатты көңіл бөлу қажет;

3) Депутат Зейнолла Алшымбаевтың мәліметтері бойынша Қазақстандағы орыс тілді баспасөз мемлекеттік тапсырыстың 75% ие көрінеді. Ендеше, қазақтың құндылықтары туралы пікірталастар, ұлттың дамуына қатысты нәрселер орыс тілді баспасөзде көбірек қамтылуын қолға алу керек;

4) Елбасының бастамасымен құрылған Мемлекеттік тілді дамыту Президенттік қорындағы «Soyle, iTys» сынды жобаларды өзге ұлт жастарына насихаттау мақсатында іс-шаралар ұйымдастыру;

Қорытындылай келгенде, біздің болашағымыз – ана тілінде. Сондықтан тіл тағдыры – ел тағдыры екенін еш уақытта ұмытпайық!

**Айткужина Іңкәр, Ғабдолла Азат, Құмарғазы Ұлан  
Маратбаева Әйгерім, Нұрсадық Меруерт  
Назарбаев университетінің студенттері**

### **АЛАШ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН**

*This presentation is going to compare the ideologies of Alash Orda and Independent Kazakhstan, and is going to show that the latter was mainly based on the former. We compare the aims and programs of Alash Orda government and those of the government of Independent Kazakhstan, and detect that even the social image of Kazakh citizen built by Alash Orda is the same to the modern social image of Kazakhstani citizen built by Independent Kazakhstani state. We conclude by stating this continuing ideology through centuries having roots from Alash Orda and enhanced by Independent Kazakhstan should motivate modern Kazakhstani youth to bring up this ideology further to the future generations.*

Ұлттық мемлекетті қалыптастыру идеясы бірнеше ғасырлар бойы қалыптасып отыратын нәрсе. Ұлттық мемлекетті қалыптастыру идеясы ұлттық қажеттіліктердің негізінде туындайтын білім болса, ұлттық идеяның білімін қалыптастыратын нағыз зиялылар. Қазақстандағы ұлттық идея қазақтармен бірге дүниеге келді, әрі тарих сахнасына да қазақтармен қол ұстаса көтерілді. Ұлтқа деген құрмет, ұлттық сана-сезімнің қалыптасу деңгейіне байланысты. Біз осы мақаламызда Алаш орда өкілдерінің идеясы қазіргі тәуелсіз Қазақстанның ұлттық идеясының іргетасы болып келгенін айқындайтын боламыз.

Біріншіден Алаш орда қайраткерлерінің білім беру жүйесіне және оқытылатын пәндердің білім мазмұнын жетілдіру үшін жасаған еңбектері мен қосқан үлесіне назар аударып, бүгінгі білім жүйесімен салыстыра отырып, талдау жасаймыз.

Екіншіден, қазіргі білім бағдарламасындағы Алаш әдебиетінің орны мен заманауи қазақ образының қалыптасуындағы маңызы талқыланады. Алаш өкілдерінің ат салысуы арқылы құралған және бүгінгі күнге дейінгі маңызы сақталған әлеуметтік институттар таныстырылады.

Үшіншіден, Қазақстан – 2050 бағдарламасының мақсаттары мен Мәңгілік ел идеясы, Алаш орда өкілдерінің мақсаттары мен идеялары салыстырып, ортақ ұғымдар мен пікірлерді саралаймыз.

Содан кейін Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған, мемлекетті нығайтуға негізделген «100 қадам» Ұлт жоспары мен Алаш үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейханның мақалалары негізінде сол заманда көтерген идеяларының үндестігін қарастырамыз. Соның негізінде кәсіби мемлекеттік ақпарат құру, Заңның үстемдігін, индустрияландыру және экономикалық өсім, біртектілік пен бірлік, есеп беретін мемлекетті қалыптастыру деген 5 институттық реформаны жүзеге асыратын 100 қадаммен Әлихан Бөкейхан мақалаларында өз заманында көтерген өзекті проблемалар мен қозғалған негізгі тақырыптар, көзделген мақсат пен қойған талаптардың ұқсас екендігіне көз жеткізе отырып, сараптама жасаймыз. Қорытындылай келе, Алаш орда қайраткерінің болашақ ұрпаққа артқан сенімі және Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сол сенімді тәуелсіз мемлекет құру арқылы ақтап, Қазақ елінің Мәңгілік ел болуы үшін жасап жатқан еңбектері арқылы Қазақстан жастарына мотивация мен ел дамуына жаңа серпіліс беретіндігін дәлелдейміз.

Айдын Тлеубаева, Эльвира Насырова  
Назарбаев университетінің студенттері

## ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ АУДАРМАДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАР

*This article describes the importance, impact and the quality of the first English-kazakh translated magazine National Geographic Kazakhstan. As it is one of the first steps toward trilingualism, the contribution to the Kazakh language is deliberated. During the comparative analysis the level of the translation was assessed.*

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XII құрылтайында «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны жалпақ жұртқа жария еткеніне он жылға жуықтады. Мемлекетіміз үшін стратегиялық маңызы зор шешім халық арасында үлкен талқыға түсті, қолдайтындар мен қарсы позицияны ұстанатындар арасындағы пікірталас әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Дегенмен, үштұғырлылықты жүзеге асыратындар да, оның болашақтағы жемісін не зиянын тартатын да – жастар қауымы. Ғылыми-техникалық ілгеріліс пен жаһандану баспалдағын дамыған елдермен қатар басу үшін әлемдік тіл – ағылшын тілін игерудің маңызы зор. Бірнеше тілді еркін меңгерген кейінгі буынның жетістіктерінің бірі – аударма саласы. Бұл жұмыс 2016 жылы елімізде алғаш рет ағылшын тілінен ана тілімізге тікелей аударыла бастаған National Geographic Қазақстан журналының маңызын, қызметі мен сапасын талдап, зерттейді.

National Geographic – тарихы сонау XIX ғасырдан бастау алатын, әлемнің 38 тілінде, 80-нен астам елінде тараған әлемдегі ең ауқымды ғылыми-ағартушылық журнал. Кәсіби фотосуреттері мен карталары арқылы мәдениет, табиғат, ғылым мен технология туралы жан-жақты әрі уақтылы ақпараттар тұңғыш рет орыс тілінен басқа тілден аударылды. Елімізде аударма ісіне қажетті оқулықтардың түгелі дерлік орыс пен қазақ тіліне арналып жазылғандықтан, ағылшын тілінен аударылған материалды салыстыра отырып зерттеу болашақта аударма саласына қатысты жаңа оқулықтардың жазылуына жол ашады.

Әу баста журнал қарапайым халыққа танымдық-ағартушылық қызметін атқарғанмен, танытым мақсатында ғылыми мақалалар да журналдың негізгі контентіне енді. Терминдік сөздірдің көптеп кездесуі аудармашыларға көптеген жаңа сөздер ойлап табуға, транслитерация мен транскрипцияны ағылшын тіліне сәйкестендіріп жасауға мәжбүр етеді. Ол өз кезегінде әлемдік ақпараттардың, ғылыми оқулықтар мен публикациялардың дәнекерсіз қазақ тіліне аударылып, ана тіліміздегі материалдардың санының ұлғайып, сапасының жоғарылауына әсер ететіні сөзсіз.

Әзірге журналдың 90 пайызы түпнұсқадан аударма, тек он пайызы қазақ жерінің тарихи-географиялық құндылықтарымен таныстырады. Дегенмен, бұл қазақ тілінің болашақта мәңгілік тіл, әлемдік тіл болып қалыптасуына алғашқы қадамдарының бірі екеніне сеніміміз мол.

**Мұстафа Орынбасар**  
*студент, Назарбаев Университеті*

### **ЖАСТАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕ ВИДЕО ОЙЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ**

*In this presentation it is shown the impact of video games on Kazakh language learning. We share our opinion about different strategies of the development of youth's language skills. Scientists say the impact of video games on the psychological state of man and nature.*

Еліміз егемендігін алғалы 25 жыл өтсе де, мелекеттік тіл- қазақ тілін жастардың игеруі шешімін таппаған өзекті мәселе болып отыр. Жаһандану заманы бір тілмен шектеліп қалуды көтермейді. Бірнеше тіл білумен ғана халықаралық кеңістікке шығуға мүмкіндік болады. Осы жағыдайда қазақ тілі ағылшын тілінің аясында жұтылып кетпеу үшін қоғам жан-жақты жұмыстар жасауы керек.

«NEWTIME» атты газеттің жүргізген сұхбаты бойынша, қазақстандықтардың тек 31%-ы ғана өз балаларын қазақ мектебіне, ал 19%-ы ағылшын мектебіне, ал 40%-ға жуығы орыс мектебіне береміз деп жауап беріпті. Бұл мәселе әлі де болса қазақ тілін үйренуге деген құштарлықтың төмен екендігін көрсетеді. Қазақ тілінің мәртебесін арттыру үшін қажеттіліктен басқа, оның қызығушылық бағытын да арттыру керек. Солардың бірі-видео ойындар.

Ғалымдар видео ойындардың адамның мінез-құлықтары мен жеке қасиеттерінің қалыптасуына әсер ететінін көптеп айтып жүр. 48 ерікті азаматқа зерттеу жүргізген ғалымдардың қорытындысы – видео ойындар кеңістікте бағдар табуға, жадыны жаттықтыруға және стратегиялық жоспарлау кезінде пайдалы, – деп хабарлайды newsru.com порталы. Осы ойындардың тілді үйренуде де үлкен орны бар. Тілді медиа құралдары арқылы үйретуді шет тілін үйренген уақыттарымызда сезіп жүрміз. Біз ұсынып отырған жұмыста қазақ тілін үйренудегі видео ойындардың тиімділігі басқа шет тілдерімен салыстырыла отырып айтылады. Қазіргі жастардың пайдаланатын видео ойындарының барлығы ағылшын немес орыс тілінде. Қазақстандағы сауда – ойын сауық орындардағы жиі ойнайтын видео ойындардың тілін толығымен қазақ тіліне аударса және олардың бағасын арзандау етіп қойсақ, мобильдік операторлармен келісе отырып күнделікті телефондарымыздағы ойындарды, Қазақстан аумағындағы интернетте пайдаланатын видео ойындардың тілін де қазақша қойсақ тілді үйренуге оң әсері болатын еді.

Статистикалық мағлұматтарға жүгінетін болсақ, жастардың 97%-ы видео ойындардің өмірлерінде бір рет болса да ойнап көрген екен. Ал 2–17 жас аралығындағы балалардың 91%-ы видео ойынын ойнауға қызығады. Видео ойындардың бірі-баланың ойлау қабілетін арттырса, екіншісі-жаттау қабілетін дамытады. Осы ойындардың лексикасын қазақ тіліне аударып, тарататын болса, жастардың ойын қазақиландыратынына күмән жоқ. Өйткені, ойын ойнап отырған адамның санасы да сол тілдік лексиканы игеруге қабілетті болады.

**Жазира Жұмабай**  
*студент, Назарбаев Университеті*

### ТЕХНИКАЛЫҚ МӘТІНДЕРДІ АУДАРУ

*The research article describes the necessity and problems regarding the translation of technical papers in Kazakhstan. Also, it provides the evaluation of one technical textbook translated from Russian to Kazakh. The requirements and criteria for translating the technical papers are discussed. Additionally, typical mistakes made by translators and appropriate versions of translation are analyzed. Analysis is done by exemplifying certain areas of the translated book. The proper citations of scientists who studied the phenomenon of translation are given in the article to verify the stated claims.*

Еліміздің өркендеуінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – техника мен индустрияның қарқынды дамуы. Сондықтан бүгінгі таңда қазақ жастарына техникалық мамандықтарды игеру аса қажет. Бұл – заман сұранысы болып табылады. Аталған саланың мамандарын даярлау үшін де арнайы оқу құралдарының қажеттілігі күн санап артуда. Бұл еңбектер бұрын көбінесе орыс тілінде болса, қазір оларды қазақ тіліне өнімді аударып жүрміз. Жазылып отырған мақалада құрылыс саласындағы оқу құралдарын аудару үдерісі талданады.

Аударма құбылысы – едәуір еңбекті талап ететін өзіндік өнер, әсіресе техникалық мәтіндерді аудару оңай кез-келген аудармашыға оңай соқпасы анық. Әрбір сөздегі, әр сөйлемдегі ақпаратты толықтай сәйкестікпен жеткізу қажет. Ғылыми-техникалық мәтіндерді аудару ақпараттық аудармаға жатады. Ең алдымен, техникалық оқу құралдарының ғылыми стильде жазылатындығы туралы ұмытпаған жөн. И. Кашкиннің айтуы бойынша, аудармашының дербестігі стильде көрініс табады және аудармашы ісінің басты мақсаты стильді түсіну болып табылады. Сондықтан, жазылу жүйесі нақты, логикалық және дәл болуы тиіс. Сонымен қатар, әдеби тіл нормаларының қатаң сақталуы және терминдердің дұрыс қолданылуы шарт.

Кейде аудармашылар кейбір сөздерді дәл түсінбегендіктен, оларды сәйкес келмейтін сөздермен алмастырады немесе ұзақ сөйлемдерді жөнсіз қысқартады. Бұл техникалық оқу құралындағы ақпаратты бұзады, оқырмандар теріс мәлімет алатын болады. Мысалы, «Расстояние между температурными швами регламентируется соответствующими нормами проектирования» деген сөйлемнің ішіндегі *«температуралық»* деген сөздің орнына *«жылудылық»* сөзін қолдану немесе *нормалар* және *регламенттеу* сөздеріне балама табу орынсыз болар еді. Сондықтан бұл сөйлемнің дұрыс нұсқасы *«Температуралық* тігістердің арасындағы қашықтық сәйкес жобалау *нормаларымен регламенттеледі»* болуы тиіс.

Терминдерді аудару ерекше ұқыптылықты және аса жауапкершілікті талап етеді. Филология ғылымдарының докторы Ә. С. Тарақов «Аударма әлемі» оқу құралында терминдерді арнайы ұғымдарды дәл жеткізетін, ешқандай түсіндіруге келмейтін қалыпты, мағыналық қолданысы шектеулі сөздер деп таниды. Аудармашы шетел терминологиясын да, аударылатын тілде орынды пайдаланылатын баламалы ұлттық терминдерді де, ұлттық сөздік қорды да жете білуі тиіс.

Қорыта айтқанда, техникалық оқу құралдарын аудару күрделі құбылыс болып табылады. Терминдердің дұрыс қолданылуы және сәйкес баламалардың табылуы аударма үшін маңызды. Аудармашы ақпаратты түсініп, оқырмандарға автордың ойын нақты жеткізе білумен қатар, терминдерді, ұлттық сөздік қорды да жетік меңгеруі қажет.

**Күнтубек Алдияр, Болат Бекжан**  
*Назарбаев Университетінің студенттері*

### **ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТӘРЖІМА МӘСЕЛЕСІ: АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МЕКЕМЕЛЕРІ АТАУЛАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ**

*Here we are going to elaborate briefly on the matter of giving names to organizations of the city of Astana, mainly focusing on the main questions about the relevance of the topic, problems that should be solved and the importance of the topic in translation science in Kazakhstan.*

Күнделікті өмірде, яғни жұмыс не оқу барысында жиі кездесетін өзекті мәселелердің бірі – мекемелерге мемлекеттік тілдің – қазақ тілінің талаптарына сай атау қою және өзге тілден төл тіліміздің заңдылықтарына сай аудару. Бұл тақырыптың өзектілігін келесі қырдан зерттеу арқылы анықтаймыз. Елордамыздың еліміздің экономикалық, саяси, инновациялық және туристік маңызы бар орталығы және қазақстандықтармен қатар шетелдік қонақтардың да жиі келетін қаласы болуы мәселеге өзектілік беріп қана қоймай, зерттеу жұмысының тақырыбының басқа қалаға емес, Астана қаласына қатысты болуын түсіндіреді.

Бұл мәселенің орын алуын және оның салдарын біз екі жерден байқаймыз. Біріншісі, мекеме атауларындағы өрескел қателер тікелей қызмет көрсету барысында кейбір түсініспеушіліктерге әкеледі. Мысалы, дұрыс емес аударылған не ана тілімізде мәні жоқ атау түпнұсқа атауынан бейхабар тұтынушының мекеменің көрсететін қызметін бірден анықтамауы мүмкін. Бұл өз орнында тұтынушылардың санының азаюына әкелетініне күмән жоқ. Екіншісі, іс-қағаздар аясында байқалады. Мысалы, шетелдік мекеменің қате аударылған, дәлірек айтсақ, қазақ тілінде мүлде жағымсыз естілетін атауы қазақстандық мекемемен келісімшартқа отыру барысын баяулатып, тіпті тоқтатып, ара-қатынастың нашарлауына әкеліп соғады. Бұған қоса, халыққа қызмет көрсету орталықтарында, өкілетті заң орындарында берілген құжаттарда мекеме атауының қате берілуі не аударылуы мекеме үшін күтпеген шығынды проблема болуы әбден ықтимал.

Жоғарыда сипатталған мысалдар өз кезегінде мемлекеттің экономикасына, мемлекетарасы қатынастарға тікелей қатынасы бар болғандықтан, үкімет немесе өкілетті органдар бұл өзекті мәселені мекемеге атау қою немесе оны өзге тілдерге дұрыс аудару туралы заңдар, не болмаса тұрақты ережелер бекітуі қажет деп санаймын.

Сонымен қатар, бұл зерттеудің Қазақстандағы тәржіма жұмыстарына берер пайдасы мен мәні зор. Өйткені, бұл зерттеу жұмысының осы салаға жаңа келушілерге алғашқы түсінік беріп қана қоймай олардың әрі қарай қадам басуына ерекше ықпал етеді. Бұған қоса, тек Астана қаласындағы емес, мемлекетіміздің түкпір-түкпіріндегі елді мекендердегі мекемелерге дұрыс атау беруге осы зерттеудің ерекше анықтамалық бола алатынына сенімдімін.



Жұлдыз Дарынова, Алтынай Смагулова  
Назарбаев Университетінің 3-курс студенттері

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚАТЕ ЖАРНАМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БОЛДЫРМАУДЫҢ ШАРАЛАРЫ

*Advertisement illustrates not only product, but the language in which is written. In Kazakhstan any type of advertisement has to be written in Kazakh, only then in any other languages. Unfortunately, many billboards and information boards have both orthographic and stylistic mistakes in Kazakh language. In order to prevent such cases common mistakes by types will be evaluated in our presentation. We believe that preventing problems in use of language via IT technologies and specific artificial software, which check text and word will be helpful not only for businessmen by saving time and money, but also for government by giving huge opportunities for language learners.*

Нарықтық қарым-қатынасқа көшкен бүгінгі 21-ғасырда бәсекелестіктің негізгі көрсеткіші – маркетинг нысандары. Солардың ішіндегі жан-жағымызды қаптап кеткен жарнамалар – халықтың тауарға деген қызығушылығын арттыратын бірден бір мықты құрал. Жарнаманың сыртқы сипаты қарапайым болғанымен, бұл сала біз ойлағаннан әлдеқайда күрделі, көпқырлы және көпмазмұнды болып келеді. Оның экономикалық, әлеуметтік, саяси, психологиялық, лингвистикалық астарлары бар. Осы тұрғыдан алғанда кез келген елдің жарнамасынан ол елдің ұлттық ерекшелігі, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы, мәдениеті көрініп тұрады десек те болады. ҚР 2003 жылдың 19 желтоқсанындағы № 508 «Жарнама туралы» Заңында «Қазақстан Республикасының аумағындағы жарнама мемлекеттік және орыс тілдерінде, сондай-ақ жарнама берушінің қалауы бойынша басқа тілдерде таратылады», -деп жазылған. Осыдан кез келген сала бойынша жасалатын жарнама түрі қазақ тілінде ақпарат беруге міндетті деп қорытсақ болады. Алайда көше бойында тізіліп тұрған жарнамалардағы қазақ тілінің жағдайы әзірге көңіл көншітерлік емес. Олардың арасында тура аудармалар, мағынасын ашпайтын сөздер, тіл ерекшелігіне байланысты басқа мағынаға ие болатын тіркестер көптеп кездеседі. Жарнама мәтінінен бөлек, суреттің өзі адамға, тіптен кейде тұтас қоғамға үлкен әсер қалдырады. Бұны да цензурадан өткізіп, құзырлы органдар қатал бақылауда ұстағаны абзал. Жарнама берушілер, жарнаманы оқушылар, яғни халықтың қазақ тілінде шалажансар берілген ақпаратқа бейжай қарамауы ғана бұл мәселені түзей алады.

Біз ұсынып отырған жобада қателіктер орфографиялық, синтаксистік және стильдік түріне қарай жеке-жеке талданады. Осыған байланысты ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы мұндай қателіктерді толығымен жою көзделеді. Қисынға келмейтін аудармалар мен көзімізге бірден түсетін сауатсыздық қоғамдағы қазақ тілінің деңгейін өзі-ақ анықтап береді. Орыс тіліндегі ақпараттың ғана мағынасы мен сауаттылығына мән беріп, қазақ тілін тасада қалдыру қай ұйымға болсын абырой алып келмейді. Жарнаманы екі тілде беруде мәтіндегі барлық сөзді сөзбе-сөз аударып шығу міндет емес, ең бастысы – ойды нақты, ықшамды түрде дұрыс жеткізе білу. Жарнама мәтінін жазарда тұтынушы қазақ тіліндегі нұсқаны оқи отырып қажетті ақпаратқа ие болғанына көз жеткізу керек. Осылайша қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтіп, халықтың тілді үйреніп, дұрыс қолдануға деген ынтасын арттырамыз деп сенеміз.

**А. А. Гумаров**  
«Банк Центр Кредит» АҚ

## ПУТИ РАЗВИТИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

*To date, the problem of development of the Kazakh language as the state language has its actuality. With a view to the development of language in the context of globalization, it is essential to the population to instill respect for the language, to create favorable conditions for the study of language and maintain the image of the country and this task should be assigned on a subconscious level to every citizen.*

*«Истинная любовь к своей стране немыслима без любви к своему языку».*  
(К. Г. Паустовский)

На сегодняшний день проблема развития государственного казахского языка на современном этапе развития государства остается актуальной. За годы независимости страны изучение казахского языка медленно, но верно идет вверх, но необходимо ускорить развитие и дальнейшее изучение государственного языка не только подростками, но и зрелым поколением. В целях развития языка в условиях глобализации, необходимо, населению не владеющим казахским языком привить уважение к языку, создать благоприятные условия к изучению и поддерживать имидж языка за территорией страны и данная задача должна возлагаться на подсознательном уровне на каждого гражданина. Так, запущенная и утвержденная программа Президента РК Назарбаева Н. А. «Государственная программа развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011–2020 годы» помогает развивать язык и поднимать качественный уровень обучения языка. Согласно целям программы, а именно:

- Гармоничная языковая политика, обеспечивающая полномасштабное функционирование государственного языка как важнейшего фактора укрепления национального единства при сохранении языков всех этносов, живущих в Казахстане;
- Совершенствование и стандартизация методологии обучения государственному языку;
- Развитие инфраструктуры обучения государственному языку;
- Стимулирование процесса обучения государственному языку;
- Повышение престижа употребления государственного языка;
- Повышение востребованности государственного языка;
- Усовершенствование и систематизация лексического фонда казахского языка;
- Совершенствование языковой культуры.

На практике мы слабо видим применение данных целей, поэтому хотелось бы обратить внимание общества, на постепенный спад заинтересованности изучения государственного языка нынешней молодежью, при общении с ровесниками коллегами и друзьями, наблюдается повышенный интерес к изучению английского языка нежели государственного, респонденты же мотивируют свой интерес к иностранному языку тем, что он более востребован и поможет в дальнейшем жизненном пути! Отсюда складывается мнение, что нынешнее поколение идет не по правильному пути, игнорируя ценности государственного языка, однако это проблема лежит на плечах не только молодого поколения, но и на плечах зрелого поколения, т. е. мы даем понять им и неосознанно не прививаем тягу к изучению языка.

На основании выше изложенного хотелось бы обратить внимание на цели государственной программы, высказать свою точку зрения на разрешение проблемы.

**Мейрам Жардаев**  
*студент, Назарбаев Университеті*

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫ НҰСҚАЛАРЫ

*In this research online learning of Kazakh language was studied. These days there are several Kazakh language learning online web sites, and they were tested for how they are easy to follow, their effectiveness, what kind of people can learn from them and what exactly they can learn; furthermore, they were compared with some other language learning web sites.*

Қазақстан – егемендігін 25 жыл бұрын алған, жас республика, алайда біздің еліміздің тарихының тереңдігі ғасырлардай. Тіл – ел байлығы, асыл қазынам деп бекер айтпаған, тілі жоғалған елдің болашағы бұлтты. Қазақ тіліміз анадан балаға, ұстаздан шәкіртке ауызекі айтылып, қаламмен қағазға жазылып үйретіліп келген. Есік алдында ХХІ ғасыр, білім мен озық технология ғасыры. Білім алу жүйесі бірнеше сатыға көтерілген, барлақ жағдайлар жасалып келеді, оқимын дегенге таңдау көп. Елбасымыздың 3 тілді, тұғырлы саясатының арқасында, Қазақстан көшбастап келе жатқан елдермен терезесі тең ұстап тұр.

3 тілді саясаттың кері әсерлері де көзге түсе бастады, ғалымдар, қоғам қайраткерлері осы саясатты сынға алып, оң және кері пікірлерін айтуда. Ағылшын, орыс тілдері үшін қазақ тілінің мәртебесі төмендеп, тілге деген сұраныс азаюда деген пікірлер жүруде. Негізінде бұл мәселенің астарын келетін болсақ, тілге деген сұранысты көбейту үшін тілді үйрену үшін барлық қолайлы жағдайлар жасау қажет. Олардың ішіне кітаптардан бастап видео сабақтардың барлығы кіреді. Қазіргі жаңа ғасырда ғаламтор жүйесі үлкен бір қозғаушы күш болып табылады, оны біз кез келген қажеттілікпен қолдана аламыз. Егер оны дұрыс пайдалана білсек, қазақ тіліміздің оқытылуында үлкен бір қадам деп ойлаймын. Қазір елде қазақ тілін білмейтін жандар өте көп, алысқа кетудің қажеті жоқ, мәселен өз тілін жетік білмейтін қазақ бауырларымыз бен қарындастарымыз жетіп-ақ жатыр. Одан бөлек жүзге жуық өзге елдің азаматтары бар, міне соларға қазақ тілін үйрену үшін жағдай жасау қажет. Ғаламтор деген бүгінгі күні өте жетімді әрі тиімді құрал, сондықтан электронды тіл оқытуды жетілдіру қажет. Ия, бүгіннің өзінде, ғаламтор желісінде онға жуық қазақ тілін оқытатын ғаламтор беттері бар, алайда олардың қаншалықты пайдалы екені, қандай қоғамға арналғандығы, қандай тіл біліктілігін қажет ететіндігі, олардың ағылшын тілі сияқты тілдерді үйрететін ғаламтор парақшаларымен ұқсастық, айырмашылықтары барша жұртқа мәйім емес. Қазақ тілін білетін халық санының азаюы, қазақ тілінің қолданылуының төмендеуі, ел болашағы үшін ана тіліміздің рөлі, және тілді үйренуге деген сұраныс, қажеттілік осы тақырыптың өзектілігін айқын көрсетіп тұр.

Бұл жұмыс қазақ тілін оқытудың бар электрондық нұсқаларын қарастырады, оларды сынға алып, басқа тілдерді оқытатын электронды желілермен салыстырады. Келешекте осы электронды оқытуды жетілдіру жолдарын қарастырады.

**Камила Ижанова**  
*студент, Назарбаев Университеті*

### **ОТАНДЫҚ ФИЛЬМДЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*This article focuses on the aspects of the language use in the domestic films and provides the concrete examples from these films. The general idea is based on studying the theory of spoken Kazakh language and identifying its features.*

Тіл мәдениеті – күнделікті өмірдегі тіл қолданыс ерекшеліктерін зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Ол негізгі үш түрлі тілдік нормадан тұрады. Олар: этика, коммуникативті норма, тілдік норма. Фильмдердегі қолданылатын ауызша тіл мәдениеті тілдік норманың ішіне кіретін орфоэпиялық, лексикалық және грамматикалық нормаларға негізделеді. Бұл жерде орфоэпиялық норма сөздердің дұрыс айтылуына жауап береді. Ал лексикалық және грамматикалық нормалар сәйкесінше сөз таңдалымын, мағынасын қарастыра отырып, сөйлем құрылысы мен құрамын зерттейді. Біздің қарастыратын фильмдеріміз де осы нормаларға сәйкес талданады.

Кинокөріністерде тіл қолданысының аясы өте кең. Адамдардың бір-біріне махаббатын білдіруі, ұрсысуы, анайы сөздерді қолдануы, осының бәрі тіл мәдениетінің қандай екенін көрсетеді. Тіл мәдениеті қазақтардың әдет-ғұрпынан да хабар беруі мүмкін.

Негізінен фильмдер әртүрлі уақыт аралығын қамтитындықтан, олардан тіл қолданысының уақыт өте қандай өзгерістерге ұшырағанын көре аламыз. Мысалға, «Жау жүрек мың бала» фильмі XVIII ғасырдың басындағы оқиғаларды қамтыса, «Анаға апарар жол» фильмінде 1930 жылдар сипатталады, ал «Шал» фильмінде бүгінгі күннің көріністері бейнеленген.

Фильмдердегі қазақ тілінің қолданысы күнделікті өмірдегі тіл қолданысына айтарлықтай әсер етеді. Себебі көрермендердің құлағы қазақ тілінің қолданысына үйреніп, күнделікті өмірде кинокартинадан естіген қазақ тілін қолдана бастайды. Жастардың сұранысына ие фильмдер мемлекеттегі тіл қолданысының аясына әсер етеді. Көрсетілетін кезеңі мен оқиғаларына байланысты фильмдердің тілдік қолданыстары әртүрлі болып келеді. Бұл мақаланың мақсаты – фильмнің тіл ерекшеліктерін зерттей отырып, оларды жастарға түсіндіріп беру. Сол арқылы жастардың қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру.

Қазақстандағы киноиндустриясының қарқынды дамуы бұл тақырыпты таңдауымыздың негізгі себебі болды. Жылына кем дегенде 12 отандық фильм көрерменге жол тартады. Жергілікті кинотеатрларда отандық фильмдерді көрсету күн санап жиілеп келеді. Оған дәлел көрерменнің сұранысына ие «Жат», «Жол», «Өмір-ай», «Жау жүрек мың бала», «Келинка Сабинка», «Келинка Сабинка 2», «Рэкетир», «Рэкетир 2», «Көшпенділер», «Құнанбай», «Тараз», «Анаға апарар жол» және т. б. бола алады.

Аталмыш фильмдердің барлығы дерлік, әртүрлі жастағы көрермендерге жанрларының сан-алуандылығымен қызықтырады. Осы мақалада жасөспірімдер аудиториясындағы фильмдердің қазақ тілінің қолданыс аясы сипатталады.

**Медет Шатаев, Айдын Жамбыл**  
*Назарбаев Университетінің 3-курс студенттері*

### **НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ: ЖЕТІСТІКТЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР**

*In this article, current teaching position of Kazakh language at Nazarbayev University is being focused. Raising the level of Kazakh language was proposed.*

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдыретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Еліміз егемендік алып, дербес мемлекет болып қалыптасқалы бері туған тіліміз де өз тәуелсіздігін алды. Осы уақыттар аралығында тіліміздің қалыптасуы мен дамуында түрлі жетістіктер мен кемшіліктер болып жатыр. Қазақ тілінің қолданыс аясы да әр салада түрлі деңгейде. Мемлекеттік тілге деген қажеттіліктер мен оны білуге деген талаптардың да біртекті емесекені анық.

Тілдің мәртебесі, қоғамдық беделі оның басты екі тұғырына тікелей байланысты. Біріншіден – білім беру саласы. Екінші – басқару жүйесі. Егер осы екі жүйеде тіл дұрыс және керекті деңгейде қолданылса, тіліміздің беделі мен мәртебесі арта берері даусыз. Әрине, «көш жүре түзеледі», бірақ та тіліміздің қолданыс деңгейін кеңейту аясында біршама өзгерістер жасалуы керек. Әрбір Қазақстан Республикасының азаматы «Мемлекеттік тіл – менің тілім» дейтін деңгейге жеткізуіміз тиіс.

Бүгінгі таңда ғылым күннен күнге алға тоқтаусыз қадам басуда. Әлемде жыл сайын көптеген ғылыми жұмыстар, кітаптар, жобалар басылып шығарылады. Осылардың басым бөлігі ағылшын тілінде басылып шығарылатыны айқын. Яғни, бүгінгі күні сапалы білім алу үшін, заманға сай болып, ғылыммен бірге алға жылжу үшін, ағылшын тілін білуі аса маңызды болып табылады. Соңдықтан, әлемдегі заманауи жоғары оқу орындарында білім беру жүйесі ағылшын тілінде негізделген. Назарбаев Университеті де осындай мекемелердің қатарына жатады және оның басты мақсаты сауатты, білімді, болашағы зор және бәсекеге қабілетті жастарды даярлап, келешекте мемлекетті алға жетелей алатын мамандарды өсіру. Университет қабырғаларында барлық іс-шаралар, сабақтар ағылшын тілінде болғанымен, ешқандай мамандығымызға қарамастан қазақ тілін міндетті оқыту саясаты біз үшін үлкен мақтаныш. Қазақ тілінің атаулары мен бағыттарының түрлі болғандығы да жақсы. Дегенмен, қазақ тілінің қолдануы біз үшін аса жеткіліксіз болып көрінеді. Қазақ тіліне байланысты клубтардың аздығы мен үйірмелердің жұмыс жүргізілмейтіндігі көңіл көншітпейді.

Осы жұмыста Назарбаев Университетінің студенттерінің қазақ тілінің қандай деңгейде қолданатынын анықтап, қазақ тілін білу университет ішінді қаншалықты маңызды екенін зерттеп және болашақта университет түлектері үшін қандай әсерін тигізетінін көрсетеміз. Студенттер тарапынан түрлі ұсыныстар айтуды жөн көріп отырмыз.

**Шара Ақат**  
студент, Назарбаев Университеті

### **Ә. БӨКЕЙХАНҰЛЫ АУДАРУЫНДАҒЫ А.П.ЧЕХОВТЫҢ «ХАМЕЛЕОН» ШЫҒАРМАСЫНА ҒЫЛЫМИ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ**

*This scientific article is dedicated to determine the strategies and peculiarities in the translated version of Chekhov's story «Chameleon». The translation was done by A. Bokeykhanuly. The main objective is to identify the quality of translation (preservation of the communicative and expressional peculiarities of the original text) by using the method of comparison.*

А. П. Чеховтың «Хамелеон» әңгімесі, 1884 жылы «Осколки» журналының № 30 басылымында алғаш рет жарық көрген еді. Жазушылық атты сара жолға енді қадам басып келе жатқан жас Чеховтың дара жұмысы ретінде, бұл әңгіме көпшілік халыққа арнап жазылды. Қоғамдағы екіжүзді, өз пайдасы үшін дәл кесерткедей (Хамелеон) құбылатын ұсақ шенеуніктердің бейнесін автор шағын әңгіме арқылы жеткізуге тырысқан. ХХ ғасырдың басында, қазақ тарихындағы ұлы қайраткерлердің бірі Ә. Бөкейханұлы бұл шығарманы алғашқылардың бірі болып аударды. Мәтінде көтерілетін тақырып қай қоғамға болса да жат емес. Жоғары шенді шенеушілердің көңілін табуды ойлап, өз мүддесі үшін ғана «еңбек ететін» бастықсымақтар қазақ қоғамында да жетерлік. Ендеше, аудармашының дәл осы шығарманы талдап алуы бекер емес. Бұл ғылыми жоба үшін дәл осы әңгіменің таңдап алыну себебі: біріншіден, әңгімеде қозғалатын тақырып бүгінгі қоғам үшін де өзекті, екіншіден, аударма ерекшеліктерін (автор стилінің сақталуы мен экспрессияның айшықты түрде берілуі) талдау арқылы, аударма сапасына мән беріп, аударума үрдісіне терең бойлау.

Аудармада, Ә. Бөкейханұлы қаламгердің авторлық стилін толығымен сақтауға тырысқан. Мысалы, түпнұсқада тәрізді, мәтін баяндау түрінде беріліп, полиглогтардан құралған; Чеховқа тән еркін құрылым мен қысқа да нұсқа сөйлемдер легі падаланылған; диалогтардың белсенді қолданылуының сақталуы әңгіменің экспрессиялық қасиетін дәл жеткізуге мүмкіндік берген.

Жұмыс нәтижелеріне сәйкес қорыта айтқанда, Ә. Бөкейханұлы аудару барысында автордың жеке ерекшеліктері мен рецепиент менталитетін, сол замандағы стандарттарға сай аударып, түпнұсқаның берер әсерін дәл беріп, ұтымды әрі салиқалы аударма жасағандығы көрсетілді. Бұл, қазақ аударма тарихы үшін, сонау Абай атамыздың дара жолын жалғастыру жолындағы үлкен қадамдардың бірі болғаны сөзсіз. Талдау жұмыстары қазақ тілінің байлығы мен әлемдік деңгейге көтерілуіне, өзге тілдермен терезесі тең екенін паш етіп, тілімізді әрі қарай дамытуға үлкен үлес қосары анық.



## МАЗМҰНЫ

<b>ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ .....</b>	<b>3</b>
<i>William Fierman</i> REFLECTIONS ON REVERSING KAZAKH LANGUAGE SHIFT: MIGHT ALMATY FOLLOW BAKU’S PATTERN? .....	4
<i>Оразбаева Фаузия Шәмсиқызы</i> «ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ» ИДЕЯСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ТІЛІН ДЕҢГЕЙЛІК ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯСЫ .....	5
<i>Х. Ю. Миннегулов</i> ВЗАИМОСВЯЗИ КАЗАХСКОЙ И ТАТАРСКОЙ СЛОВЕСНОСТЕЙ .....	6
<i>Ерназарова З. Ш.</i> БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДАҒЫ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» КОНЦЕПТІСІНІҢ КОГНИТИВТІ МОДЕЛЬДЕРІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ .....	7
<i>Prof.Dr. Naciye Yıldız</i> KAZAK ATASÖZLERİNDE «AZ» SÖZÜNÜN İŞLEVİ .....	8
<i>Фируза Агаева</i> ВЗГЛЯДЫ АБАЯ О ЯЗЫКАХ .....	9
<i>Гүлмас Құрманбай</i> НӘТИЖЕГЕ БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ КРЕАТИВТІ СИПАТТАРЫ .....	10
<i>Нұралы Құдайберген</i> ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ШЕШІМІ (ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯ) .....	11
<b>1-СЕКЦИЯ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ .....</b>	<b>12</b>
<i>Юлай Шамилоглу</i> ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДИПЛОМАТИЯ ТІЛІ РЕТІНДЕГІ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ .....	13
<i>Анар Салқынбай</i> ҮШТІЛДІЛІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІ ӨМІРШЕНДІГІНІҢ НЕГІЗДІЛІГІ .....	14
<i>Сейдулла Садықов</i> АНА ТІЛІ – ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ӨЗЕГІ .....	15
<i>Ерден Қажыбек</i> ҚАЗАҚ ТІЛІ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТІЛ .....	16
<i>Нұрлан Кенжеахмет</i> КӨК ТҮРІКТЕРГЕ ДЕЙІНГІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІ (Б.З. I–V ҒҒ.) .....	17
<i>М. Қ. Ескеева</i> ТҮРКІ ТІЛДЕРІ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ ОРНЫ .....	18
<i>Кудеринова Куралай</i> ПРОФЕССОР НҮРГЕЛДІ УӘЛИ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ СТИЛИСТИКАСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ БІР МӘСЕЛЕСІ .....	19

<i>Тұяқбай Төрегелді</i> ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ КОМПАРАТИВИСТИКА .....	20
<i>Калимаш Бегалинова</i> ОСОБЕННОСТИ ЯЗЫКОВОЙ ПОЛИТИКИ КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ ..	21
<i>Ш. Ш. Жалмаханов, Ж. Агабекова, З. Ордабаева, Е. А. Бөкетов</i> ӘБІЛҚАСЫМ ӘЗ-ЗАМАХШАРИДЫҢ «МУКАДДИМАТ ӘЛ-ӘДӘБ» СӨЗДІГІ (XII Ғ.) МЕН ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨМЕКШІ МОРФЕМАЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	22
<i>А. Маемерова</i> «ҚЫСАСУЛ ӘНБИЯ» ЕСКЕРТКІШІ ТІЛНДЕГІ ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ .....	23
<i>Құдасов Сейсенбай</i> АРМЯН-ҚЫПШАҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ОРНЫ .....	24
<i>Бахыт Еженхан-ұлы</i> ҚАЗАҚ ХАН-СҰЛТАНДАРЫНЫҢ ЦИН ПАТШАЛЫҒЫНА ЖІБЕРГЕН ХАТТАРЫНДА КӨРІНІС ТАПҚАН ҚАЗАҚТЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЖАЗБА ТІЛІ .....	25
<i>Конкабаева Назым</i> «АТ-ТУҒФА АЗ-ЗАКИЯ ФИЛ-ЛУҒАТ АТ-ТҮРКІЙЯ» ЕСКЕРТКІШІНЕ ТАРИХИ- ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАЛДАУ .....	26
<i>Райкулов Канат</i> ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ .....	27
<i>Ермекова Жанат</i> БИ-ШЕШЕНДЕР МҰРАСЫНДАҒЫ АР – НАМЫС МӘСЕЛЕСІ, ОТАНШЫЛДЫҚ ТӘРБИЕ .....	28
<b>2-СЕКЦИЯ: XXI ҒАСЫР ФИЛОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР .....</b>	<b>30</b>
<i>Өмірхан Әбдиманұлы</i> «МӘҢГІЛІК ЕЛ»– ЕЖЕЛДЕН ӘДЕБИЕТТІҢ АЛТЫН АРҚАУЫ .....	31
<i>Гүлдархан Смағұлова</i> ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАЗІРГІ ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ .....	32
<i>Бағдан Момынова</i> СӨЗ МӘДЕНИЕТІ: СӨЙЛЕУ ӘДЕБІНДЕГІ КӨМЕКШІ ҚҰРАЛДАР ҚЫЗМЕТІ .....	33
<i>Б. Шалабай</i> КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУДЫҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ .....	34
<i>Р. Авакова, Д. Андабаева</i> КОНЦЕПТОСФЕРА КАЗАХСКОЙ, ТУРЕЦКОЙ, И АНГЛИЙСКОЙ ЛИНГВОКУЛЬТУР .....	35
<i>Г. Ж. Пірәлі</i> ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ПОСТМОДЕРНИЗМ ПОЭТИКАСЫ .....	36
<i>Ш. Қ. Құрманбаева</i> ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ МІНДЕТТЕРІ .....	37
<i>Nadežda Christopher</i> DESCRIBING AND ANALYSING KAZAKH: THE PARTICLE ĞOJ AND WIDER IMPLICATIONS .....	38

<i>Арай Жундибаева</i> МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТІРЕГІ .....	39
<i>Қ. Жанұзақова</i> ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТТАР .....	40
<i>Көпбаева Меруерт</i> ФИЛОЛОГ МАМАН ДАЙЫНДАУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН АЛҒЫШАРТТАРЫ .....	41
<i>Жолшаева М. С.</i> СӨЗ БОЙЫНДАҒЫ МӘДЕНИ КОД – ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ .....	42
<i>Ф. Н. Жұмабекова</i> «МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ МӘҢГІЛІК ТІЛІН» ДАМУЫ – БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ПАРЫЗЫ ..	43
<i>Гүлжан Досжан</i> ЖАҒАҢДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ЛИНГВОЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ .....	44
<i>Жанар Әбдіғанпарова</i> ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ СІҢІРГЕН ЕҢБЕКТЕРІ .....	45
<i>Ермек Адаева</i> МӘТІННІҢ ӨМІР СҮРУІНІҢ КОММУНИКАТИВТІ-ПРАГМАТИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ .....	46
<i>Г. Ж. Байшукурова</i> ВОЗРАСТНЫЕ КОНЦЕПТЫ В КАЗАХСКОЙ И РУССКОЙ КАРТИНЕ МИРА .....	47
<i>С. М. Сатина</i> ӨЛШЕМ МАҒЫНАЛЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ .....	48
<i>Қоңыратбаева Жанар</i> ҰЛТТЫҚ ТОПОНИМИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІ ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫН БАЙЫТУДЫҢ БІР КӨЗІ РЕТІНДЕ .....	49
<i>Жұматаева Сауле</i> ТІЛ МЕН ДҮНИЕТАНЫМ ТҰТАСТЫҒЫ .....	50
<i>Ұ. К. Исабекова</i> ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНДЕГІ «ҚҰТ» КОНЦЕПТІСІ .....	51
<i>Керімбекова Баян</i> «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ НЕГІЗДЕРІН БІЛІМ ҮДЕРІСІНЕ ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ .	52
<i>Әміржанова Назира</i> ПРОБЛЕМЫ КУЛЬТУРЫ РЕЧИ И ЯЗЫКОВОГО ЭТИКЕТА МОЛОДЕЖИ В КАЗАХСКОЯЗЫЧНОМ ИНТЕРНЕТ ПРОСТРАНСТВЕ .....	53
<i>А. Т. Бокаева</i> ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА ӘДІСТЕРІ .....	54
<i>Какжанова Фазира</i> К ВОПРОСУ О КАТЕГОРИИ ВИДА В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ .....	55
<i>Б. Жылқыбекұлы</i> ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «ҮЛКЕН» СӨЗІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ .....	56

<b>3-СЕКЦИЯ: ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕР .....</b>	<b>57</b>
<i>З. Күзекова</i> TEACHING PROFESSIONAL KAZAKH LANGUAGE IN KAZAKHSTAN .....	58
<i>Қ. Қадашева, Ұ. Асанова, С. Омарова</i> ҚАЗАҚ ТІЛІН ЕКІНШІ ТІЛ РЕТІНДЕ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ (БАҚ МАТЕРИАЛДАРЫ) ТИІМДІЛІГІ .....	59
<i>Оразалиева Э. Н.</i> PROFESSIONAL DIRECTION IN THE KAZAKH LANGUAGE LEARNING SYSTEM .....	60
<i>Б. Б. Жахина</i> КОНСТРУКТИВТИ ТЕОРИЯЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ МӘНІ .....	61
<i>Иманбердиева С. Қ.</i> КЕЙС ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ .....	62
<i>Ж. Т. Дәулетбекова</i> ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ СЕРПІЛІСТЕР ЖАСАУДЫҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ .....	63
<i>А. Ф. Зейнулина</i> ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕСІ .....	64
<i>Т. Ермекова</i> МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮЙРЕТУДЕГІ КОММУНИКАТИВТІК ӘДІС ПЕН ДІТТЕМНІҢ МАҢЫЗЫ .....	65
<i>Енгілік Жұматаева</i> ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КРЕАТИВТИ ОЙЛАУ ОНЕРІН ӨРКЕНДЕТУ .....	66
<i>Г. Омарбекова</i> PROCESSES OF GLOBALIZATION AND GLOKALIZATION IN KAZAKH LANGUAGE TEACHING .....	67
<i>М. Құсайынова</i> ҚАЗАҚ ТАРИХИ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ИДЕЯ .....	68
<i>Zeiner Zhumatayeva</i> CULTURAL LINGUISTICS IS THE EFFECTIVE METHOD OF TEACHING THE LANGUAGE AND CULTURE OF THE COUNTRY .....	69
<i>Ж. Байтелиева</i> ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ҰҒЫМДАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ .....	70
<i>Б. Ақбұзауова</i> ҚОСЫМША МАМАНДЫҚ ҚАТАРЫНА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АУДАРМАТАНУ ІСІНІҢ РӨЛІ МЕН ҚЫЗМЕТІ .....	71
<i>М. Ибраева</i> CREATING ONLINE LEARNING ENVIRONMENTS FOR LANGUAGE ACQUISITION .....	72
<i>Салтанат Иманқұлова</i> ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕЛЕР, ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ .....	73
<i>С. К. Қасымова</i> ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОО-ДА ТІЛДЕРДІ МЕНГЕРУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	74
<i>Ә. О. Ыбырайым</i> ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ҚИЫНДЫҚТАР .....	75

<i>М. Х. Шаяхметова</i> ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ .....	76
<i>Б. Т. Кульбаева</i> СОВРЕМЕННЫЕ ЭЛЕКТИВНЫЕ КУРСЫ В РАМКАХ ПРОФИЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ .....	77
<i>А. Шенгун</i> ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТІЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ .....	78
<i>Ш. Л. Ерхожина</i> ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ТЫҢ ІЗДЕНІСТЕР МЕН ЖАҢА БАҒЫТТАР .....	79
<i>Б. Б. Динаева</i> СЫНИ ТҮРҒЫДАН ОЙЛАУДЫ ЖАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ ДАМУ ТӘСІЛДЕРІ .....	80
<i>Ш. Д. Абдиева</i> ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕР .....	81
<i>А. Р. Найманбай</i> ТІЛ ҮЙРЕТУДЕГІ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕР .....	82
<i>З. А. Құламанова</i> ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ .....	83
<i>Ә. С. Мұхтарова</i> ҚАЗАҚ ТІЛІН ТҮТАС ОЙЛАУ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ .....	84
<i>Р. Ж. Абнасырова, К. Т. Әлімжанова</i> ОҚЫТУ МЕН ОҚУДА АҚПАРАТТАҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ .....	86
<i>К. С. Алдашева</i> ЖАҢА СӨЗДЕРДІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР БЕЛГІСІ РЕТІНДЕ МЕНГЕРУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІДЕРІ .....	87
<i>А. М. Рахимова</i> ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ ТІЛДІК ТҮРҒЫДАН ЖАҢАША ЗЕРТТЕЛУІНІҢ НЕГІЗГІ ТЕТІКТЕРІ .....	88
<i>Г. К. Өтебаева</i> «ІСКЕРЛІК ҚАЗАҚ ТІЛІ» КУРСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАРЫМ ҚАТЫНАС ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ .....	89
<i>К. Көпеш</i> «КЕРІ АУДАРЫЛҒАН САБАҚ» – ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МОДЕЛЬ .....	90
<i>М. Нұркентаева, С. Абжанова, С. Мұсабекова</i> FAMILY LANGUAGE POLICY IN KAZAKHSTANI FAMILIES .....	91
<i>Г. К. Мадина</i> ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	92
<i>С. Абжанова, С. Мұсабекова</i> RESEARCH INTEGRATED TECHING IN LANGUAGE .....	93
<i>Б. Х. Ақжолова</i> ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ .....	94
<i>А. А. Букаева</i> АҚПАРАТТЫҚ – ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ .....	95

<i>Н. В. Лемяскина</i> WHAT TO TEACH: TOPICS AND SITUATIONS .....	96
<i>Н. В. Паришуква</i> LISTENING TO ACCENTS .....	97
<i>В. В. Власова</i> HOW TO ENGAGE STUDENTS INTO INTERACTIVE DISCUSSIONS .....	98
<i>Н. Е. Байсаков</i> ТІЛ ҮЙРЕНУДЕГІ СУРЕТТЕРДІҢ ОРНЫ .....	99
<b>4-СЕКЦИЯ: ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БОЛАШАҒЫ: ЖАСТАРДЫҢ КӨЗІМЕН .....</b>	<b>100</b>
<i>Д. Айтжанова</i> БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛИНГИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	101
<i>Б. Р. Қожахметова</i> СӨЗ СӨЙЛЕУ ШЕБЕРЛІГІ – ТАБЫС КЕПІЛІ .....	102
<i>Камила Керимбаева, Нұрай Жамишева</i> FUTURE OF THE KAZAKH LANGUAGE IN THE HANDS OF YOUNG GENERATION .....	103
<i>Б. Керимкулова</i> ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ .....	104
<i>Айгерім Құсайынқызы</i> ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСЫ ТІЛ ЖАЙЛЫ... .....	105
<i>Ақерке Камал</i> ЖАСТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ШЕТТІЛДІК СӨЗДЕРДІ ТҮСІНУ ДЕҢГЕЙІ .....	106
<i>Ақтөре Мансүров</i> ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БОЛАШАҒЫ: ЖАСТАРДЫҢ КӨЗІМЕН .....	107
<i>Айтқужина Іңкәр, Ғабдолла Азат, Құмарғазы Ұлан Маратбаева Әйгерім, Нұрсадық Меруерт</i> АЛАШ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН .....	108
<i>Айдын Тлеубаева, Эльвира Насырова</i> ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ АУДАРМАДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАР .....	109
<i>Мұстафа Орынбасар</i> ЖАСТАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕ ВИДЕО ОЙЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ .....	110
<i>Жазира Жұмабай</i> ТЕХНИКАЛЫҚ МӘТІНДЕРДІ АУДАРУ .....	111
<i>Күнтубек Алдияр, Болат Бекжан</i> ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТӘРЖІМА МӘСЕЛЕСІ: АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МЕКЕМЕЛЕРІ АТАУЛАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ .....	112
<i>Жұлдыз Дарынова, Алтынай Смагулова</i> ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚАТЕ ЖАРНАМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БОЛДЫРМАУДЫҢ ШАРАЛАРЫ .....	113
<i>А. А. Гумаров</i> ПУТИ РАЗВИТИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ .....	114
<i>Мейрам Жардаев</i> ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫ НҰСҚАЛАРЫ .....	115



---

<i>Камила Ижанова</i> ОТАНДЫҚ ФИЛЬМДЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	116
<i>Медет Шатаев, Айдын Жамбыл</i> НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ: ЖЕТІСТІКТЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР .....	117
<i>Шара Ақат</i> Ә. БӨКЕЙХАНҰЛЫ АУДАРУЫНДАҒЫ А.П.ЧЕХОВТЫҢ «ХАМЕЛЕОН» ШЫҒАРМАСЫНА ҒЫЛЫМИ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ .....	118

**Ұйымдастыру комитеті:**

Қазақ тілі, әдебиет және мәдениет департаменті,  
Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі,  
Назарбаев Университеті.

**Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы:**

010000, Қазақстан Республикасы,  
Астана қ, Қабанбай батыр к-сі, 53,  
Блок 8, 2-ші қабат, офис 8228.

**Байланыс телефоны:**

+8 (7172) 70-61-73; 70-62-67; 70-59-35;  
Факс: +8 (7172) 70-60-54.



